Аударма (Ғ. Айдаров бойынша):

(39) Народ татабийцев подчинился кагану табгачей. Когда от них не было ни посла, ни добрых слов и пожеланий, я выступил (против них) летом (Айдаров, 1971: 313).

Қазақша:

(39) Татабы халқы Табғаш қағанға көнді: Елшісі, игі сап-сөзі мен өтініші келмеді.

Біз қарастырған мәтіндер арқылы тарих сахнасында V-XII ғасырлар аралығында өмір сүрген түркі тектес этностар мен көшпелі халықтарды біріктірген Түркі қағандығы империясы ішіндегі және көршілес ұлыстармен қарым-қатынас құру мақсатында жөнелтілген елшіліктер туралы деректерді көре аламыз.

Қорытынды

Әлбетте, жоғарыда көрсетілген жазба деректердегі елшілік туралы ақпараттарды толық деп айту қиын. Дегенмен де, Түрік елінің көрші елдермен дипломатиялық қатынастары туралы қытай, соғды, парсы, грек тілінде бізге жеткен тарихи құжаттарда қағандардың еларалық байланыстары туралы мәліметтер жетерлік (Базылхан, 2014: 21). Ал түркілердің осы оқиғалар туралы төл дипломатиялық құжаттары мол болса да, олардың көпшілігі бізге жетпеді. Осы орайда, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі елшілікке қатысты атаулар

мен үзінді ақпараттарды сол дәуірдегі мемлекетаралық қарым-қатынастардың қандай болғандығы туралы жанама дерек ретінде толыққанды пайдалануға болады.

Жазба ескерткіштеріндегі 𐰽𐰺𐰍𐰏 (tabγač) – табғаш (қытай), 𐰽𐰺 (apar) – апар (авар), 𐰽𐰺𐰍𐰏 (tüpüt) – түпүт (тибет), 𐰽𐰺𐰍𐰏 𐰽𐰺𐰍𐰏 𐰽𐰺𐰍𐰏 – пұрым (ұрым, византиялықтар), 𐰽𐰺𐰍𐰏 𐰽𐰺𐰍𐰏 – таңғұт, 𐰽𐰺𐰍𐰏 (tezik) – араб халықтары), 𐰽𐰺𐰍𐰏 (soγdaq) – соғды, 𐰽𐰺𐰍𐰏 (бұқарақ) – бұқарлықтар, 𐰽𐰺𐰍𐰏 (toqar) – тоқар және тағы да басқа халықтардың атаулары кездесуі Қағандығының аталған халықтармен кең ауқымда дипломатиялық байланыстар орнатқанын анық көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. // М.: «Наука». 1964. – 214 с.

2. Бабаяров Г. Тюрко-согдийские контакты в период Тюркского каганата (на примере системы управления историко-географическими областями Среднеазиатского междуречья) // Сб. Центральная Азия от Ахеменидов до Тимуридов. Археология, история, этнология, культура. Материалы международной научной конференции, посвященной 100-летию со дня рождения Александра Марковича Беленицкого Санкт-Петербург, 2004. – 57-60 стр.

3. Менадр Протектор, История, стр. 374; Moravcsik, Byzantinoturcica, Bd I, S. 422.

1908 Орывок из письма тюркского кагана императору Маврикию цитирует Феофилакт Симокатта (Феофилакт Симокатта, История, стр. 159).

4. Древнетюркский словарь. Издание второе. – Астана: «Ғылым», 2016. – 760 с.

5. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – М.-Л., 1952. – 116 с.

6. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-Ата: «Наука», 1971. – 379 с.

7. Базылхан Н., Тұяқбаев Ә. Далалық мемлекеттер дипломатиясының ресми құжаттар: жарлықтар, хаттар, елшілік белгілер (XIII-XVIII ғғ). «Ғылым ордасы». – Алматы, 2014. – 206 б.

References

1. Klyashtornyj C. G. Drevnetjurkskie runicheskie pamjatniki kak istochnik po istorii Srednej Azii. [Ancient Turkic runic monuments as a source on the history of Central Asia]. – М.: «Nauka», 1964 – 214 s.

2. Babajarov G. Tjurko-sogdijskie kontakty v period Tjurkskogo kaganata (na primere sistemy upravlenija istoriko-geograficheskimi oblastjami Sredneaziatskogo mezhdurech'ja) [Turkic-Sogdian contacts during the period of the Turkic Khaganate (on the example of the control system of historical

and geographical regions of the Central Asian interfluve]-Sb. Central'naja Azija ot Ahemenidov do Timuridov. Arheologija, istorija, jetnologija, kul'tura. Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii, posvjashhennoj 100-letiju so dnja rozhdenija Aleksandra Markovicha Belenickogo Sankt-Peterburg, 2004. 57-60 str.

3. Menandr Protektor, Istorija, str. 374; Moravcsik, Byzantinoturcica, Bd I, S. 422. 1908 Otryvok iz pis'ma tjurkskogo kagana imperatoru Mavrikiju citiruet Feofilakt Simokatta [An excerpt from a letter from the Turkic Khagan to Emperor



Mauritius quotes Theophylact Simocatta] (Feofilakt Simokatta, Istorija, str. 159).

4. Drevnetjurkskij slovar. Izdanie vtoroe [Ancient Turkic dictionary, Second edition]. – Astana: «Gylym», 2016. – 760 s.

5. Malov S.E. Enisejskaja pis'mennost' tjurkov [Yenisei inscriptions of the Turks]. – M-L, 1952. – 116 s.

6. Ajdarov G. Jazyk orhonskih pamjatnikov drevnetjurkskoj pis'mennosti VIII veka. [The

language of the Orkhon monuments of the ancient Turkic writing of the 8th century]. – Alma-Ata: «Nauka», 1971. – 379 s.

7. Bazylhan N., Tuiaqbaev Ó. Dalalyq memleketter diplomatasynyń resmı qujattar: jarlyqtar, hattar, elshilik belgiler (XIII-XVIII ğǵ) [Official documents of diplomacy of steppe states: decrees, letters, embassy signs (XIII-XVIII centuries)] «Gylym ordasy». – Almaty, 2014. – 206 s.

Толегенулы Б.

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: ediz87@mail.ru

Tolegenuly B.

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: ediz87@mail.ru

ПРО НАЗВАНИЯ «ЕЛШИ» И «ЙАЛАБАЧ» В ОРХОНО- ЕНИСЕЙСКИХ ЗАПИСЯХ

С момента открытия древнетюркских письменных памятников интерес к ней возрос в научных кругах. С середины прошлого века текстам памятников стали уделять историографическое внимание и рассматриваться как важный источник по истории тюрков. О дипломатических отношениях тюркских каганатов свидетельствуют в основном исторические документы китайских, согдийских, греческих и др. народ. Однако последние исследования показывают, что древнетюркские письмена хоть и не дают полной информации о внешних и внутренних связях кочевников, но информации, содержащиеся в текстах, могут рассматриваться как косвенные, так и дополнительные данные. В этом контексте в этой статье обобщаются названия посольств, встречающихся в орхон-енисейских письменных памятниках и приводится список народов, с которыми древние тюрки вступали в дипломатические отношения.

Ключевые слова: битиг, орхон-енисей, древние тюрки, дипломатические отношения, посол, йалабач, тюркские племена.

ABOUT THE NAMES «ELSHI» AND «YALABACCH» IN THE ORKHON- ENISEI RECORDS

Since the discovery of ancient Turkic written monuments, interest in it has increased in scientific circles. Since the middle of the last century, the texts of the monuments have been given historiographical attention and considered as an important source on the history of the Turks. The diplomatic relations of the Turkic Khaganates are evidenced mainly by historical documents of the Chinese, Sogdian, Greek and other peoples. However, recent studies show that the ancient Turkic writings, although they do not provide complete information about the external and internal relations of nomads, the information contained in the texts can be considered both indirect and additional data. In this context, this article summarizes the names of the embassies found in the Orkhon-Yenisei written monuments and provides a list of peoples with whom the ancient Turks entered into diplomatic relations.

Keywords: Bitig, Orkhon-Yenisei, ancient Turks, diplomatic relations, ambassador, Yalabach, Turkic tribes

Артықбаев Ж.О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: socantropology@mail.ru

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ХІХ ғасыр, әсіресе оның екінші жартысы, Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Бұл – шаруашылықта, әлеуметтік және мәдени өмірде болған ғаламат өзгерістер кезеңі. Олар ең алдымен біздің елімізге тауар-ақша қарым-қатынастарының енуімен байланысты еді. Ресей капитализмінің кеңінен дамуы жаңа экономикалық үрдіске империяның шартарабын мекендеген көптеген халықтардың енуіне себепкер болды. Сонымен бірге отар елдердегі жер саясаты бір жағынан кедейлену мен арендалық қарым-қатынасқа жол ашса, екінші жағынан отарлардың ресейлік өндіріс мүддесі үшін шикізат беріп, дайын өнімді сатып алатын нарықтың қалыптасуына алып келді. Осы сияқты қазақ қоғамы бастан кешірген түбегейлі өзгерістер ХІХ ғасырдың екінші жартысын қазақ тарихындағы өтпелі кезең есебінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ХІХ ғасыр, Абай Құнанбаев, замана нышандары, өтпелі жағдай, қауым және мемлекет, басты генеалогиялық бірліктер, субэтникалық топтар.

Дана жолы. Халқымыздың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаев (1845-1904) Шыңғыс тауларында осы өтпелі кезеңде дүниеге келді. Абайдың әкесі Құнанбай тобықты руының көсемдерінің бірі еді, сонымен бірге Ресей билігі енгізген жаңа әкімшілік-территориялық өзгерістер кезінде Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болды. Жеті атасынан бері билік жолын ұстанған, жасынан ұлы дала тарихы мен әдебиетінен сусындаған, әлемде болып жатқан көп нәрседен хабардар, өзі де көсемдікке күреспен, яғни меритократия ережелерімен келген Құнанбай замана ағымын түсіне білді. Ресей отаршыл билік органдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеген Құнанбай енді көшпелі халықтардың ақ найзасының күні өткенін білді, сол үшін де балаларын заманауи оқуға ыңғайлай бастады. Осылайша Құнанбай

бастапқыда үйінде молдадан білім алған Абайды Семей қаласындағы имам Ахмет-Ризаның медресесіне жібереді. Алайда, үш жылдан соң қаладағы оқуын аяқтатпай, елге қайтарып, біртіндеп билік, сот және әкімшілік істеріне даярлай бастады.

Бірталай жасын әкімшілік жұмысына арнаған Абай жаңа заманға қадам басқан еліне үлгі жасауды ойластырды, біртіндеп өлең жолдарына, ғибратты қара сөзге түсірді. Алғашқы бетте ақын атанудан ұялған, саяси күрес жолымен жүрген Абай кейін келе қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалады, жүздеген өлеңдер, проза тілімен өсиет-қара сөздерін, «Ескендір», «Масғұт», «Өзім туралы аңыз» поэмаларын жазды.

Абай өмірдің жаңа қағидаларын игеріп, өзін туғызған ортадан бірнеше саты жоғары



көтерілді. Ағартушы адамзат қоғамын игі, саналы, прогрессивті даму жолына түскенін көрді, өз халқының Еуропа маңдайға алған сара жолды игергенін көргісі келді. Бұл әсіресе ақынның еңбек қадірі туралы өлеңдерінен анық сезіледі. Сақалын сатып, көзі мен сөзін саудалап, жанын саудаға салып өмір сүруге болмайтынын қазақ поэзиясында алғаш айтқан да Абай болды. Ал енді оның ойшылдық әлеміне келетін болсақ, «Алланы сүю, адамды сүю, әділетті сүю» Абайдың бүкіл шығармашылығының басты бағытына айналды.

Патша үкіметінің отаршылдық саясатының кесірінен XIX ғасырдың ортасынан бастап халық бұқарасының жағдайы күрт нашарлап, қазақ шаруашылығы күйзеліске түсті. Сонымен қатар болыстық әкімшілікке сайлау кезінде қазақ арасында «партия» болып бөлінген рулар мен ата балалары арасындағы ұсақ қырқыстар өрістеп кетті. Өз мемлекеттік тәуелсіздігінен айрылған, ірі әкімшілік-территориялық бірліктердің билігі өз қолынан кеткен қазақ баласының қолынан келетіні болыс сайлауына қатысу болды. Ежелгі рыцарлық қоғамның намысы бар азаматтары, бұрынғы билікке қатысы бар текті тұқым өкілдері мың шақты үйге ғана билігі жететін болыстық қызметке сайлануға арланды. Бұл қоғамда атқамінер пысықтардың көбейіп кетуіне, мансапқорлыққа жол ашты, осылайша халық мінезі тым ұсақталды. Абай жаңа биліктің кезінде пайда болған болыстарды, оларға қызмет қылған қу билерді, қоғамдағы атқамінер атанған топтардың құлқынын сынады.

Замана нышандары. Абайды түсіну үшін ол өмір сүрген XIX ғасырды, оның саяси, шаруашылық, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктерін жақсылап зерделеп алған жөн.

Адамзат тарихының бірнеше мыңжылдығы бойы Қазақстан территориясы Еуразия құрлығының эпицентрі болды. Ұлы далада пайда болған қоғамдық институттар мен дала өркениетінің бағалы ерекшеліктері мен құндылықтары әлемге үлгі болып тарады. Айта кететіні, батыс адамдарының ішінде XX ғасырдың басында Орталық Азияның далалық аймақтарының еуропалық мәдениеттің қалыптасуындағы ерекше зор қызметі туралы айтқандар болды. Солардың бірі 1902 жылдан

1908 жылға дейін Орталық Қазақстан жерінде қызмет жасаған «Спасск акционерлік қоғамы» аталатын тау-кен өндіру компаниясының басқарушысы, бірнеше мыс өндіретін рудниктер мен далалық аймақтың ортасында салынған зауыттарға ие болған кәсіпкер Э. Нельсон-Фелл өзінің естелік кітабында: «бұл жазбаларға себеп әрекеттердің бәрі бүгінгі батыстық аталатын өркениет туғызған ойлардың, мәдениеттің және діннің алтын бесігі – Орталық Азияның қыр аймағында, яғни қазақ даласында болды» дейді. Оның шығармалары қазақ даласын суреттеуге арналған, сонымен бірге қазақ халқының тіршілігіне қатысты бақылаулары өте шыншыл және маңызды екендігін төмендегі айтылған тезистермен дәлелдеуге болады: «Үлкен кісілер өз киіз үйлерінің маңына жиналып әңгіме құруда, апан құдықтан қараторы келіншек су алып жатыр, осылай олар қырық ғасырдан бері жасап келе жатыр. Біздің нәсіліміздің алтын бесігі осы жұлдыз астында тербеліп тұрды, осы жерде оның балалық шағы өтті» (Fell, Nelson, 2013: 21).

Еуразия далалықтарының жетекшілігі шумер-үндіеуропа, ариан-тұран, скиф (ишгуз)-сақ дәуірлерінде әлем мойындаған қалыпты заңдылық болды, осы дәстүр ғұн, үйсін, қаңлы қауымдары кезеңінде де сақталды. Өз заманында да қазақ жерінің шығыс қапталында оғыз тайпалары құрған Түркі қағанаттары мен Шыңғыс әулеті құрған Алтын Орда империясының кезінде де Еуразия көшпелілерінің рухы өзгеден басым өмір сүрді. Алтын Орда (Ұлы ғұлыс) құлағаннан кейін де қаншама қысымшылық болғанымен Ұлы дала XVIII ғасырдың соңына дейін өз заңдарымен өмір сүрді. Байтақ дала өркениеті 1781 ж. қазақтың «үш жүзінің атының басын бір кезеңге теңеген» Абылай хан қайтыс болғаннан кейін тарихтың жаңа соқпағына түсті (Артықбаев, 2019). Еуразия даласының шығыс алқабына Ресей империясының билігі жүре бастады. Кіші жүзде хан билігі Әбілқайыр хан Барақ сұлтан қолынан өлгеннен кейін Орынбор шенеуніктерінің қолындағы ойыншыққа айналды. Абылай хан қайтыс болғаннан кейін қазақ елінің жақсылары жиналған кеңесте, ас кезінде, оның үлкен ұлы Уәли хан сайланды. Бұл кезеңде Абылай ұрпақтарының қолында қазақ жерінің Түркістаннан бастап Сібірге дейінгі аймағы болды, Жетісу мен Ташкент арасындағы Ұлы жүз қоныстары да Абылай

балаларына қарады, Алатауды мекендеген қырғыз елі ақ үйлі аманат тәртібімен Абылай ордасына бағынып тұрды. Тағы бір ескеретін мәселе Уәлиді хан сайлау Ресей рұқсатынсыз іске асты, тек ол сайланғаннан кейін ғана орысқа хабар жіберілді. Сол себепті патша үкіметі оның билігін әлсірету үшін Уәлиге қарсы сұлтандар мен ру басылардың сепаратистік толқуларын барынша қолдап отырды. 1815-1817 жж. патша әкімшілігі Орта жүзде екінші хан билігін ұйымдастырды, ол Қырық сан Барақ сұлтанның ұлы Бөкей еді. 1819 жылы Бөкей хан және 1820 жылы Уәли хан өлгеннен кейін Орта жүздің жаңа ханы бекітілмеді. Уәлидің орнына ел басшылары ұсынған Ғұбайдолла патша өкіметі тарапынан қолдау таппады. Ел арасында да ынтымақ азайды.

Абылай хан қайтыс болғаннан кейін Қоқанд, Қырғыз, Қарақалпақ, Құрама иеліктері өз бетімен өмір сүруге көшті, олардың ішінде Қоқанд оңтүстіктегі бұрыңғы қазақ иеліктерін өзіне қарату саясатын жүргізді. 1740 жылы Жолбарыс хан Ташкентте өлгеннен кейін шын мәнінде Ұлы жүзде хандық билік дәуірі аяқталды. Осы ғасырдың соңына қарай қазақтар Ташкент билігінен ығыстырылып, оңтүстіктің негізгі бөлігі Қоқанд хандарының билігін мойындауға мәжбүр болды. Жетісу бөлігіндегі Ұлы жүз қазақтары Абылай ханның балаларының билігінде өмір сүргенімен, амал жоқ, бір жағы Ресейге, бір жағы Қоқандқа жалтақтауға мәжбүр еді.

Ресей қазақ даласында хандық билікті біржолата жойып, оның орнына жаңа басқару жүйесін дайындады. «Сібір қазақтары туралы жарғы (Устав о сибирских киргизах)» аталатын қазақ өмірін түбегейлі өзгерткен құжат 1822 жылы М. Сперанскийдің басқаруымен жасалды. Бұл құжатты қазақтар «Жаңа нұсқа» деп атайды және ол ең алдымен Орта жүз аумағында іске аса бастады. Сібір Батыс және Шығыс болып екі бөлікке бөлінген соң қазақ даласының территориясы Батыс Сібірге қарады. 1839 жылға дейін орталығы Тобылда, ал 1839 жылдан Омскіде орналасты. «Сібір қазақтарының облысы» Жарғы бойынша ішкі және сыртқы аймаққа бөлінді. Сыртқы аймаққа Ертістің сол жағасын мекендеген көшпелі қазақтар енді. Ішкі аймақта 1822-1838 жылдары жеті дуан құрылды – Қарқаралы, Көкшетау, Аягөз, Ақмола, Баянауыл, Сарысу

және Көкпекті. Аймақты билеген округтік приказдарда (қазақтар «дуан» деп атайды) әкімшілік, полиция, сот орналасты. Бұйрықты аға сұлтандар басқарды, оның қарамағында 4 орынбасар жұмыс істеді – 2 қазақ (қазақтар «қазы» деп атайды), 2 орыс (қазақтар «майыр» деп атайды). Аға сұлтан жарғы бойынша 3 жылға сайланды және уақытша майор атағы берілді. Үш сайлаудан кедергісіз өткен соң оларға дворяндық диплом берілді. Бір округке 15-20 болыс кірді. Оның басында сұлтан тұрды, ал кейбір руларда сұлтандар болмаған соң, болысты қарасүйектерден де таңдады. Жағдайы бойынша олар 12-ші класты шенеуніктермен теңелді, олардың билігі орындаушылық түрінде болды: үкімді орындау, «дуанның» бұйрығын және сот үкімін орындау. Әрбір болыс 10-12 ауылдан тұрды. Ауыл старшындары 3 жыл сайын сайланды және аға сұлтан бұйрығымен бекітілді. Әрбір осындай әкімшілік ауылда – 50-70 шаңырақ бірікті. Жарғы бойынша сот істері азаматтық және қылмыстық болып бөлінді. Қылмыстық істердің ең маңыздылары билердің құзырынан алынып, Ресей әскери сотының қарамағына берілді. Әсіресе, қазақтың қоғамдық дәстүрлі қарым-қатынастарын реттейтін, билердің рұқсатымен жасалатын шара «барымтаның» қудалануы ауыр болды. Ресей әскери соты барымтаға қатысы бар адамдарға өлім жазасын тағайындап, ішкі мәселелердің дәстүрлі жолмен шешілуіне кедергі жасап, қоғамдық өмірдің дағдарысына әкелді. Билердің құзырындағы кішігірім істердің өзін де округ бұйрығымен бекітіп отырды. Жарғы салық жүйесін енгізді – әр шаруашылық «жасақ» салығын 100 бастан 1 бас төледі. Оның құрамына сауда көлігі болғандықтан түйе кірмеді. Жарғыны қабылдаған қазақтар алғашқы бес жылда салық төлемеді, бірақ басқа да салық түрлері қарастырылды – керуендерді күзету, жүк тасу, байланыс жолдарын бақылау (Материалы по истории..., 1960: 91-111). Округтердің құрылуы далада жаңа отырықшы тұрақтардың пайда болуына әкелді. Осы жылдары салына бастаған Көкшетау (1824), Қарқаралы (1824), Ақмола (1832), Баянауыл (1833), Атбасар (1848) және тағы басқа бекіністер әуел баста көшпелі мал шаруашылығына кедергі жасап, елдің наразылығын туғызса, кейін келе отырықшы тұрмыстың, егіншіліктің, сауданың ортасына айналды.



XIX ғ. басында оңтүстікте қазақ қоныстары үш ортаазиялық хандықпен шектесіп жатты: Бұхара, Хиуа және Қоқан. Қазақ хандығына ең көп агрессивті әсер еткен Қоқан мен Хиуа хандықтары. Ұлы жүздің көп бөлігі және Орта жүздің оңтүстіктегі тайпалары Қоқан хандығының, ал Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігі Сырдарияның төменгі ағысы, Үстірт, Маңғышлақтың оңтүстігі Хиуа бақылауында болды. Хиуада қоңырат әулеті Мұхаммед Рахым аталықтың басқаруы кезеңінде (1806-1825 жж.) бұл хандық көршілеріне өте жайсыз мемлекетке айналды. Мұхаммед Рахым Кіші жүздің оңтүстік қоныстарын үш рет талқандады (1812, 1816, 1820). Соңғы шабуылда бірнеше жүз қазақ өлді, 1000-нан аса әйел, сансыз мал жауға олжа болды.

Мұхаммед Рахым өлімінен кейін Хиуа тағына оның ұлы Алла-Құл отырған уақытта да қазақтар мен хиуалықтар арасында жаугершілік тиылмады. Хиуа билеушілері өз билігін жүргізу үшін қазақ ішіндегі руаралық келіспеушілікті тиімді пайдаланды. Хиуалықтар өздерінің ықпалын бекіте түсу үшін Сырдарияның төменгі ағысында бірнеше қамалдар салды.

Қазақ тарихының XIX ғасырдың 60-жылдарға дейінгі ахуалын Қоқанд хандығы факторынсыз елестету мүмкін емес. XVIII ғасырдың басында Орталық Азияда қазақ пен қалмақ жаугершілігі күшейген заманда Ферғана даласында бірнеше өзбек тайпалары (мың, жүз, қырық) бірігіп құрған бұл мемлекет біраз уақыт бектердің басқаруында болды. Тек 1799 жылы билікке келген Әлім алғаш рет хан атағын қолдана бастады. Осы уақыттан бастап Ферғана өлкесінде «Алтын бесік» туралы аңыздың негізінде Қоқанд хандығы басшыларының ата-тегін Бабыр мырзаға жалғаған жаңа әулеттік генеалогия қалыптасты (Бейсенбаев, 1987). Ең алдымен маңайындағы бектіктерді бағындырған Әлім хан бірте-бірте Ұлы жүздің Ферғана және Ташкент алқабымен шекараласатын аймақтарын жаулап алды. Осыдан кейін Қоқанд хандығы қазақ иелігіндегі Ташкент, Шымкент, Сайрам және тағы басқа қалаларды бағындырып, мұнымен шектелмей Түркістан және Әулие-ата өлкелеріне маза бермеді. Әлім ханнан кейін XIX ғасырдың басында билікке келген оның ұлы Омар хан тұсында Жаңақорған, Ақмешіт, Шымқорған сияқты бірқатар қамалдар салынды. Көбінесе

бұл қамалдар Сыр бойындағы қазақ жерінің оңтүстік шеңберінде орналасқан еді, ал солтүстігінде Ұлытауға жетті. Қоқандықтардың тәуелділігіне түскен қазақ малшылары – зекет, егіншілері – харадж салықтарын төледі және бірқатар қызметтер көрсетті. Шексіз салық, қанау мен тонау 1858 жылдың наурызында Әулие-ата ауданында, кейін Шымкенттен Мерке қамалына дейін және Ташкенттегі наразылық толқуларына және қаруланған көтеріліске ұласты. Көтерілісшілер Қоқанд салық жинаушыларын (*ақ жалау*) және тағы басқа шенеуніктерді қуып жіберді. Ташкенттен шыққан әскер Әулие-атаны қоршаудан босатты, бірақ көтерілісті баса алмады. Көп кешікпей көтерілісшілер Әулие-атаны, тау өткелдері мен жолдарды алды. Жазда көтерілісшілер Оңтүстік Қазақстан территориясын түгел бақылады. Осы жағдайда қоқандықтар жеңілдіктер жасап, Ташкент басшысын ауыстырды. Орыс әскерінің Орта Азияға жақындауы да қоқандықтарды көтерілісшілермен тіл табысуға мәжбүр етті.

1860 жылы күзде оңтүстік өлкедегі қазақтар қоқандықтармен бірігіп, Жетісу өңіріне тұрақтай бастаған орыс отрядтарымен күресті. Осы жылы Қоқан хандығы орыс бекінісі (1844 жылы салына бастаған) Верныйға қарсы 12 мыңдық әскер аттандырды. Оған қазақтар және қырғыздың әскери жасақтары қосылды, бұрын жан-жағын байқаптап келген көптеген билер мен батырлар енді Қоқанд жағына өте бастады. Деректерге қарағанда, қазақтардың жекелеген жасақтарын Сұраншы би, Диқамбай батыр, Кенесары ханның ұлдары басқарды. Осы құрама әскер 20 қазан күні Қара Қастек түбінде (*Ұзынағаш*) генерал Колпаковский бастаған орыс отрядымен кездесті. Қоқанд бастаған, қырғыз бен қазақ қостаған жорық орыс қаруына төтеп бере алмай үлкен жеңіліспен аяқталды (Кенесарин, 1992: 112).

Патша үкіметі Орта Азияны, оның ішінде Сыр бойындағы Түркістан және Ташкент өңірлерін, Бұхара және Қоқанд хандықтарын бағындыру үшін әскери жорық дайындады. Алғашқы бетте орыс отрядтары Мерке, Әулие-ата, Түркістанды басып алды. Түркістан қорғанысына Кенесарыұлы Сыздық төре жетекшілік жасады. Көп қиындықтармен ілгерілеген Ресей отрядтары Қоқанд әскерін басқарған Әлімқұл аталықтан Шымкент түбінде жеңіліс тапқан соң шегінуге мәжбүр болды. 1864 жылы қыркүйекте Түркістаннан

генерал Черняев, Әулие-атадан подполковник Лерх әскерлерді бастап Шымкент қаласын қайта қоршап алды. 1865 жылы 9 мамырда Ташкент маңында Шор төбе деген жерде Қоқанд хандығының аталығы Молда Әлімқұл орыс әскерлерімен соғыс кезінде қайтыс болды. Осыдан кейін орыс әскеріне қарсылықты Кенесары ханның ұлы Сыздық төре жалғастырды. Күші басым жау баса-көктеп Орта Азияны алды. Осылайша барлық Қазақстан территориясы Ресей құрамына өтеді. 1865 жылдан бастап қазақ даласы Ресейдің ішкі колониясына айналды. Қазақ даласын жаулап алуға жүз жылдан артық уақыт жұмсаған Ресей Орта Азияны үш жылда тізе бүктірді.

XIX ғасырдағы Қазақстанның тарихи даму барысын жан-жақты қарастыратын болсақ, Ресей империясы тарапынан жүргізілген отарлау саясатының үш кезеңін көреміз. Осы ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ халқы әлі де протекторат жағдайында өмір сүрді, XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап 60-шы жылдарына дейін орыс пен қазақ арасында вассалитеттік қарым-қатынастар басым болып, яғни аймақ билігі қазақ сұлтандары мен рубасыларында болды, тек 1860-шы жылдардағы Орта Азия хандықтарын бағындыру отаршылдық тәртіптің орнауына жол салды. Ресей патшалығы XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ еркіндігінің, бостандығының тамырына балта шапты.

Өтпелі жағдай. XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап өндірістік қарым-қатынастардың өзгерісі, қазақты шұрайлы жерлерінен ығыстыру қоғамдық тіршілікке, соның ішінде этникалық дамуға да әсер етпей қойған жоқ. Себебі, этникалық қауымдардың тарихи пайда болғандығы және әлеуметтік өзгерістерге бейімділігі *«көп жағдайда олардың ішкі әлеуметтік құрылымының ерекшелігімен түсіндіріледі»* (Козлов, 1979: 15). Осыған байланысты қоғамның көптеген байланыс түрлерін қамтамасыз ететін этноәлеуметтік және шаруашылық-мәдени құрылымын тұтас жүйе ретінде зерттеу өте өзекті болмақ.

Өрине, XIX ғасырдағы қазақ қоғамы өтпелі жағдайда болды, яғни дәстүрлі этноәлеуметтік құрылым өзінің өмір сүруін тоқтатқан жоқ, бірақ оның орнына жаңа құрылымдық құндылықтар, инновациялар пайда болып жатты. Тауар-ақша қатынастары, эквивалентті емес айырбас, XIX

ғасырдың әкімшілік реформалары қазақтың шаруашылығын дағдарысқа әкелді, сонымен бірге этноәлеуметтік құрылым да күрделі трансформацияға ұшырады. Ғасырлар бойы қазақ қоғамының сан-салалы тіршілігіне арқау болған туысқандық жүйе ауыр дағдарысқа түсті, жаңа экономикалық қатынастар шаруашылық қауымдар құрудың, ұжымдасудың басқа түрлерін өмірге әкелді. Егер дәстүрлі кезеңде саяси- әкімшілік өмір рулық құрылымдарға негізделген туыстық жүйеге сүйеніп қызмет атқарса, ұжымдасып еңбек істеу мен қорғану мәселелерін қамтыса, енді оның орнына рулық туысқандыққа негізделмеген аралас қауымдастықтар пайда болды. Этностың жаңа жағдайға бейімделуі барысында туыстыққа байланысы жоқ территориялық құрылымның, яғни таза көршілікке негізделген қауымдардың қызметі күшейді. Қоғамның арқауы болып келген рулық жүйеге негізделген әскери одақтар ыдырап, дәстүрлі әлеуметтік топтар арасындағы шекаралар босап, дәстүрлі дүниетанымның орнында жаңа деңгейде консолидацияға жол ашатын жаңа ережелер пайда бола бастады.

Таным тәсілі. Ұлы Абай өмір кешкен XIX ғасырдағы қазақ қоғамы туралы сипаттамалық зерттеулер көп болғанымен, оны этноәлеуметтік жүйе есебінде қарастыру біздің еңбектерімізге дейін жүргізілген жоқ. Бізге дейінгі бүкіл тарихнама, оның ішінде зерттеушілік қатты дамыған XIX ғасыр «қазақтануы» қазақ тарихын тұжырымдамалық тұрғыдан ой елегінен өткізуді мақсат қойған жоқ. Тарихи еңбектердегі таза сипаттамамен шектелу, өз зерттеу нысанына деген астамшылық көзқарас, әуесқойшылық XIX ғасырдағы қазақ қоғамына да, оған дейінгі кезеңдерге де қатысты объективті суреттің пайда болуына жол берген жоқ.

Кейбір зерттеушілер тарапынан (Ш. Уәлиханов, В. Радлов) қазақ қоғамын ерекше құрылым есебінде сезіну интуитивті түрде іске асқанымен бұл бастама ғылыми-тарихнамалық дәстүрге айналған жоқ.

Совет тарих ғылымы XIX ғасырдағы қазақ қоғамын зерттеуде бірталай істер тындырды, бірақ зерттеу әдістері көшпелі тұрмысқа негізделген этноәлеуметтік қауымдарды дұрыс бағалауға еш мүмкіндік бермейтін марксистік-лениндік методологияға сүйенді. Қазақ



қоғамын зерделеуге жаңа әдістер қарастырып жатқан уақытта нәтиже бермейтін маркстік догмалардан құтылмайынша алға бір қадам да жасауға мүмкіндік жоқ.

Этноәлеуметтік мәселелерді терең зерттеу потестарлы-саяси құрылымды, территориялық ұжымдасу заңдылықтарын, қауым және патронимияның жүйе сипаттарын, жалпы этностың этникалық және әлеуметтік синтезі туғызатын құбылыстарды анықтауға байланысты жүргізіледі. Осы жоғарыда көрсетілген этноәлеуметтік параметрлерді дұрыс зерттеу үшін оның негізгі катализаторы болып табылатын шаруашылық-мәдени үдерістерді де қарастыру керек. Дәстүрлі этноәлеуметтік құрылым мен шаруашылық-мәдени жүйе отаршылдық пен капитализм сияқты сыртқы ықпалға бірлесе қарсы тұра алатынын біз XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстары мен көтерілістерінен көре аламыз.

Өз тарихи бастаулары көне заманға қарай кететін қазақ халқының этноәлеуметтік және шаруашылық-мәдени құрылымын тек кешенді зерттеулер арқылы ғана түсінуге болады. Оның үстіне бұл жұмысты тарихи-этнографиялық деректерді, әсіресе далалық зерттеу жұмыстары нәтижелерін молынан қамтыған уақытта ғана атқарамыз. XIX ғасырдағы қазақ халқының этноәлеуметтік және шаруашылық-мәдени құрылымын зерттеген уақытта қоғамдық байланыстардың көптеген түрлеріне назар аудару маңызды. Қоғамның ішкі байланыс түрлерінің дамуын қадағалау этноәлеуметтік құрылымның өзгерісін аңғаруға мүмкіндік береді. Ол байланыс түрлерінің бірі күшейіп кететін болса, екіншісі осы әсерден әлсіреуге мәжбүр болады және түптеп келгенде жалпы жағдайға әсер етеді.

Басты генеалогиялық бірліктер. Әлеуметтік страттар мен субэтникалық топтар мәселесін қарастырмас бұрын, біз жоғарыда айтылған қазақ халқының генеалогиялық тәртіппен біріккен үш ірі әкімшілік-территориялық аймақтарына шолу жасаймыз.

Кіші жүз жері XIX ғасырда Арқа даласының батыс аймақтарын, яғни Сыр мен Өмударияның төменгі ағысындағы Хорезм аймағынан, Маңғыстаумен қоса Жайық пен Тобылға дейінгі жерді қамтыды. Кіші жүз

халқы үш ірі одаққа (Әлімұлы, Байұлы, Жетіру) біріккен жиырма бес тайпадан құралады. Егер генеалогиялық жол жағынан келсек, бұл үш одақтың ішінде Сыр бойына жақын мекендеген Әлімұлы аға саналады. Саны жағынан қарасақ он екі тайпаны біріктіретін Байұлы балалары көп. Алтын Орда заманында қалыптасқан саяси тәртіптердің талабы бойынша ішінде нөқта аға тайпа бар Жетіру одағы. Кіші жүз құрамындағы ру-тайпалардың тарихы қазақ жерімен мыңдаған жылдар біте қайнасқан, әрқайсының арғы жағында адамзат баласы жасаған көне өркениеттер мен мемлекеттерді көреміз.

Орта жүз жері Бұқара маңындағы Жиделі Байсын аймағынан басталып, Түркістанмен қоса Сырдың орта ағысын түгел қамтып, Сарыарқаны түгел, одан әрі солтүстік жағында Сібірге иек артады. Батыс жағында Торғай ойпаты, ал шығысында Алтай мен Тарбағатайдан асып Құлжаға дейінгі алапат кеңістікті алып жатыр. Орта жүз одағына арғын аға баласы деп бір әкімшілік-территориялық құрылымға біріккен найман, қоңырат, қыпшақ, керей және уақ аталатын алты тайпа кіреді. Кей шежірелерде осы алты тайпадан бөлек Алтын Орда заманында «нөқта ағасы» атағына ие болған тарақтыны да жеке елге санайды да «жеті арыс» деп атайды, шын мәнінде Қазақ хандығы құрылар дәуірде туыстық жүйені жаңадан негіздеген қариялар тарақтыны арғын ішіне кіргізуді жөн көрген.

Ұлы жүз аймағы Ташкент пен Шымкент маңындағы қысқы қоныстарды, Жетісу аймағында тау жайлауларын, Шу мен Талас өзендері бойын қамтиды. Сырдың жоғарғы ағысы, Алатау бөктерлері, одан әрі Шығыс Түркістанға дейінгі ұлан-ғайыр жерлерді иемденген. Тарихи уақытта Ұлы жүз ру-тайпаларының экономикалық және саяси мүдделері Шығыс Түркістан қалалары мен Ташкент шаһарына тікелей байланған кезеңдер болған. Ұлы жүз құрамына Қазақ хандығы құрылар тұста бір тұтас генеалогиялық жүйеге енгізілген он бір ірі ру-тайпа кіреді, олардың ішінде ежелгі үйсін қауымынан қалған ру-тайпалар да, моңғол шежірелерінде аталатын рулық бірліктер де, қаңлы, сіргелі, шанышқылы сияқты ерте замандардан бері жеке қауым есебінде белгілері де бар.

Бұл аталған басты генеалогиялық бірліктер XIX ғасырдың басынан бастап ыдырау

үдерісіне түсті. Алдымен хандық биліктің әлсіреуіне байланысты жүздік құрылымдар бір тұтастығынан айрылды, одан кейін XVIII ғасыр барысындағы жаугершілік пен саяси оқиғаларға белсене қатысқан ұлыстық қауымдастықтар өмір сүруін тоқтатты. XIX ғасырдың ортасына қарай орта деңгейдегі ірі рулар ғана өз билерінің басшылығымен өмір сүруін жалғастырды, бірақ Ресей тарапынан 1860 жылдары жүргізілген жаңа әкімшілік-территориялық реформа бұл қауымдардың да әлсіреуіне алып келді (Артықбаев, 2016). Абай атқа мінген заманда біз тобықты сияқты біртұтас рулардың ыдырағанын, тіпті бір болысқа енген туыс ата балаларының өз ішіндегі толып жатқан қарама-қайшылығын көреміз.

Субэтникалық топтар. Жоғарыда аталған ішкі генеалогиялық бірліктерден басқа дәстүрлі кезеңде Қазақ мемлекетінің құрамына бірталай субэтникалық топтар да енеді. Бұл жерде «субэтникалық» ұғымының өзіндік орналасу аймағы, тіл ерекшеліктері, материалдық және рухани мәдениетінде оқшаулық бар құрылымдық бірліктерді қамтиды. Ең бастысы, бұл аталған ерекшеліктерден басқа, әр субэтникалық қауымдастықтың негізгі этностан бөлектеніп тұратын өзіндік санасы, сәйкестігі болады. Бұл белгілер олардың шығу тегіне байланысты немесе тіршілік кәсіптеріне қатысты қалыптасуы мүмкін. Сонымен бірге әртүрлі жағдайларда қазақ жеріне келіп қалып, жүз, не ру сияқты үлкен әкімшілік-территориялық бірліктердің құрамына еніп, араласу процесіне түскен, бірақ өзіндік атауларын сақтап қалған этникалық топтар да бар.

Дәстүрлі кезеңде Қазақ хандығы құрамында болған субэтникалық топтардың ең көрнектісі, экономикада үлесі көбі және саны молы Сырдария және басқа да оңтүстік аймақтағы өзендер бойындағы қалалар мен отырықшы қоныстарды мекендеген сарт қауымдары болды. Сарт атауы ең алдымен отырықшы елді-мекеннің тұрғыны. XVIII ғасыр өкілі Бұқар жырау:

*Қорғанды шаһар қаласын
Қазақ білмес, сарт білер.
Аңсаған құлан қадірін,
Айдалада қақ білер.*

Яғни, бұдан шығатын қорытынды, қорғанды қаланың қадірін сол жерде өмір сүретін сарт қана біледі. Қалалық өмірдің өзінің өмір сүру ережелері, қуанышы мен қызығы бар.

Сарттардың түп негізі қазақ ру-тайпалары сияқты ерте заманда осы аймақты мекендеген ариан (арий) субстратына барып жалғасады, бірақ Афросияб дәуірінде түркіленген. Мысалы, қазақ халқында еуропоидтық (арийлік) негіз жобамен жиырма бес пайыздай десек, Сыр бойы сарттарында белгілі шығыстанушы В.В. Бартольд атап көрсеткендей, арийлік тамырдың үлес салмағы одан көп жоғары (Бартольд, т.2 ч.2., 1964: 527-529).

Сарт атауы М. Қашқари «Сөздігінде» (XI ғасыр) саудагер деген мағына беретіні жазылады, яғни мағына жағынан келсек ерте уақыттағы «соғда» (сауда) және кейінгі кезеңдегі «сарт» (саудагер) бір ұғым болып шығады. Ресей тюркологиясының негізін салған В.В. Радлов: «Қазақтар да, өзбектер де Шу бойындағы, сонымен бірге Тоқмақ, Мерке, Әулие ата, Түркістан, Шымкент, Ташкент қалаларын мекендеген отырықшы түркі тілдес халықты, одан басқа Ходжент (Қожакент), Жизақ, Ұратөбе және Замин қалаларын мекендеген түркі тілдестерді сарт деп атайды» дегенді жазады (Радлов, 1989: 359).

Қазақтың эпостық жырларында, өлең-қиссаларында, шежірелерінде «сарт» атауы жиі кездеседі. Көшпелі қазақ қарға тамырлы туыстық жүйеден шығып, отырықшылыққа айналса, ақындар «Жеті кәміл пірім-ай, Сарт болып-ақ кеттің бе?!» деп жырлай бастайды. Жауынгер, ат үстіндегі елге сарттың жер тырмалаған кәсібі, пұлдан құрап теңге жасаған саудагерлігі, пахсадан дуал соғып, атты адам көрінсе соған тығылып отырған жағдайы түсініксіз. Тек өз туысына ғана, онда да жол тәртібімен ата жолы деп бағынып келген қазақ үшін сарттың үстінен қарайтын ірілі-ұсақты әкімдер, қазақтың сұлтандары мен хандарына төлейтін алымы мен салығы тіпті жат. Бірақ қазақ жоқшылық келсе, жұт малын қырса амал жоқ, сол қоңсы қонған сартына барады, оның ақырындап жинаған азық-түлік қорынан алады, біртіндеп сартпен араласып сол қышлақта қалып қояды. Бұл ерте заманнан бері перманентті түрде жүріп жататын құбылыс, оның бір айғағы оғыз диалектісін (шева) сақтаған Иқан, Қарабұлақ сияқты



қышлақтар. Қазақ дәуірінде, мысалы «Ақтабан шұбырынды» кезеңінде, отырықшылыққа өткендер бүкіл Түркістан, Ташкент, Шымкент айналасындағы қышлақтарда өте көп. Бұл пікірдің дәлелдемесін біз Э. Реклюдің «Жер және адамдар» сериясынан шығарған географиялық атласынан да кездестіреміз: «сарт атауы арнайы бір ұлтқа байланбаған, ол әдет-ғұрпымен, кәсібімен ерекшеленетін топты белгілейді. Қалалар мен отырықшы қоныстарды тәжіктен басқа халқының бәрі де шығу тегінің әртүрлілігіне қарамастан сарт атанады... Егер қазақ, не өзбек өзінің көшпелі өмірін тастап қалада қоныстанып, ол жерде үй салса, саудамен және өндіріспен айналыса бастаса, оның балалары сарт болып шыға келеді» (Реклю, Т.VI., 1883: 48).

Шәкәрім шежіресінде: «Өзбек-сарт» деп айтатұғынымыз өзімізден айрылған өзбек, татар және қарақалпақ деген ел бар, ол тіпті қазақ аталған соң айрылған. Сондай елдердің бәрі де сол Сырдарияға барып орнығып, бұрынғы сарт атанып отырғандармен бірге сарт атанған» дейді шежіреші (Құдайбердіұлы, 2008: 32). Бұл пікірді Шәкәрім алдымен қазақ түсінігіне негіздеп, екіншіден Ресей ғалымдарының жазғандарына сүйеніп айтқаны сөзсіз. Дегенмен біз өзеннің Яксарт атануы сол өңірді қоныстанған сарт қауымдарының әсерінен болуы мүмкін деген пікірдеміз.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, 1926 жылғы санақты жүргізу барысында, Түркістан-Ташкент атырабындағы қалалар мен отырықшы қоныстарды мекендеген диқан, қолөнерші және сауда елі біртіндеп өзбек атанып кетті (Қазақстан өзбектері: тарихы..., 2016).

Қазақ хандығы тұсында Ташкент шаһарының түбін, одан Қоқанд пен Ферғанаға қарай Өнгрен, Шыршық өзендерінің бойындағы алқапты мекендеген құрама елі де субэтникалық топ. Патша заманында Түркістан өңірін мекендеген халықтардың тарихы мен этнографиясы туралы тамаша деректерді жинақтаған М.А. Терентьев құрама туралы: «осы аттас уездің негізгі халқы болып табылатын құрамалықтарды жеке этнос ретінде қарастыра алмаймыз, себебі бұлар құнарлы жерлерде отырықшылыққа өткен қазақтар, қазақтар болғанда бұлар әртүрлі ру-тайпалардың өкілдері, оны өзінің аты да білдіріп тұр» деп жазады. Құраманың ішінде тама (алшын, кердері, жағалбайлы, керейіт, телеу болып бөлінеді), арғын (алтай, қанжығалы), дулат

(үйсін), бастаңбалы (жалайыр) рулары басым. Құрама елі ертеден жаугершілік заманнан қорғанып қала сала бастаған ел, басты қалашықтары – Керейіт, Піскент, Қанжығалы, Осман аға, Майдантал, Тойтөбе, Жеті кент, Ниязбек, Қосқорған, Шарапхана, Ақжар, т.б. Құрама қоныстарында ХХ ғасырдың басына дейін киіз үй қолданылды. Орыс зерттеушілері «по внешнему виду кураминские поселки представляют нечто среднее между сартовскими и казахскими. Нередко встречаются усадьбы сартовского типа, во внутреннем дворе которых поставлены войлочные юрты» дейді. Қазақ хандығының оңтүстікке жұмсайтын керуендері ылғи осы жерлерден өтеді, яғни Бұқара, Ауған, Үндістанға баратын сауда қақпасы осы жерде (Артықбаев, 2019: 135-143).

Қазақстанның оңтүстігінде ертеден белгілі субэтникалық топтың бірі сунақтар, олар өз генеологияларын бірде қожаларға апарып байласа, бірде ортағасырлық белгілі тайпа дүрмен-барластарға жалғайды. Шын мәнінде сунақтар ежелгі Сығанақ қаласының тұрғындары. Ортағасырларда Сығанақ «Дәшті-Қыпшақтың сауда айлағы» атанған үлкен мегополис болғаны белгілі, Фазлаллах Рузбехани сияқты Мұхаммед Шайбани жанында осы өңірге келген жазушылар Сығанақта базар күндері бес жүз түйе тек қана кебабқа деп сойылады, содан кешке қарай бір кесек ет қалмайды дейді, яғни қала қай өлшеммен алса да аса ірі болған (Рузбехан, 1976: 12). Кейін ұлы сауда тоқтаған уақытта Сығанақ халқы амал жоқтықтан ауыл шаруашылық кәсіптеріне көшіп, жан-жаққа тарап кетті. Бүгінгі күні сунақтар Қазақстанның әр өлкелерін мекендейді, бірақ көпшілігі Түркістан өңірінде қоныстанған. Сонымен бірге Түркістан аймағында шығу тегі қатағандарға жақын болып табылатын, қазақ ру-тайпаларына баталас дәстүрімен енген көлеген, жайма сияқты Қарнақ, Жаңақорған, Арыс, Шымкент, Сауран сияқты қоныстарда тұрады. Бұл субэтникалық топтардың өкілдері жақсы егінші, қолөнерші есебінде танылған. Сонымен бірге Түркістан аймағында кезінде қатағандардың ішінде болып, кейін қазақ руларының ішіне сіңіп кеткен көптеген қауымдар бар.

Өз Тәуке хан заманында «Алты Алаш» құрамында болған қарақалпақ, қырғыз этностарының өкілдері де қазақ жерінде

кеңінен қоныстанған және өздерінің шыққан этникалық тегін қазақ құрамында ру атауы орнына қолданады. Бұл субэтникалық топтар әр заманда келгені қазақ ішіндегі қырғыз руларының ішкі атауларынан да көрінеді, мысалы олардың ішінде ерте кезеңнен келе жатқан «ескі қырғыз» немесе «қырғызәлі» сияқты генеалогиялық бірліктер бар, сонымен бірге XVIII ғасырда келген «жаңа қырғыздар» да бар. Ескі қырғыз құрамындағы бәйті, жүнді, естеке, шерік сияқты ру бөлшектерінің атауы Алатаудан келген жаңа қырғыздарда кездеспейді. Жаңа қырғыздар Қазақстанның ежелгі хан-сұлтан орындары болған жерлерде төлеңгіттер арасында көп кездеседі. Бөкей Ордасында шекаралық жағдайға, жақын көршілікке байланысты қазақ ішіне сіңіп кеткен ноғай текті, естек (башқұрт) немесе қалмақ ру қауымдары көп болды. Қалмақ этникалық топтары қазақ жерінің орталық және шығыс, оңтүстік-шығыс аймақтарын да мекендейді. Мысалы, тек қана Қарқаралы өңірінде қалмақтың бала қалмақ, қыз қалмақ, қызыл қалмақ, тоты қалмақ сияқты шағын топтары болды. Бұл соңғы аталған субэтникалық бірліктер XIX ғасырда қазақ генеалогиялық жүйесіне еніп, белгілі ру-тайпалардың ішінен орын алғаны белгілі. Ішкі этникалық процесстер барысында олар өздерінің тілдік және мәдени ерекшеліктерін ұмытып, енді жаңа ортаның құндылықтарын қабылдады. Сонымен бірге ерлік дәуірінде Қазақ хандығының құрамында болған бірталай субэтникалық топтардың XIX ғасырда қазақ қоғамынан оқшаулана бастағанын көреміз.

Шалақазақ тобы. Дәстүрлі қазақ қоғамында кездесетін әлеуметтік-этникалық топтың бірі – шалақазақтар. Бұл атауды біз М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан да кездестіреміз, себебі Шығыс Қазақстан, соның ішінде Семей маңында шалақазақ қоныстары аз болған жоқ. Шалақазақ Сібірден, Еділ бойынан, Орал тауынан немесе Орта Азиядан келген түрік, не парсы тектес адамдардың жергілікті қазақтармен араласуы барысында, XIX ғасыр басында пайда болды. Бұл кезеңде әртүрлі себептерге байланысты қазақ даласына татар, башқұрт, мешер, т.б. этнос адамдары келді. Осылардың қазақпен араласқандары «шалақазақ» атанған. Қазақ даласында ешкім де рулық жүйеге кірмей өз бетімен, жалғыз

өмір сүре алмайды, ең бастысы шаруашылық жүргізуге оған жол бермейді. Сол себепті жан-жақтан келген ел өкілдері қазақ қыздарына үйленуге, белгілі бір аталармен, рулармен туысуға тырысады. Осы процесс қазақ арасында шалақазақ сияқты өтпелі, яғни ассимиляция жағдайындағы адамдардың тобын туғызды. Бірер уақыт өте келе олар таза қазаққа айналып кететіні сөзсіз. Қазақтың атақты тарихшы-этнографы Құрбанғали Халид сарттан келіп шалақазақ атанғандар 1788 жылдан, ал татар арасынан 1800 жылдан бастап көбейді деп жазады (Халидұлы, 1992: 155). Бұл жерде Орта Азияның отырықшы өлкелерінен сауда мәселесімен келген сарттар туралы айтылып отыр.

Біз жоғарыда дәстүрлі қазақ қоғамының ішкі этникалық құрамы, оның ішкі жіктері мен оқшау топтары туралы жаздық. Бұл кез-келген дәстүрлі этникалық қауымдастардың бәріне де ортақ және қалыпты жағдай. Қандай болмасын этнос мемлекет құру барысында әкімшілік-территориялық бірліктер құрады, себебі ол шаруашылық және саяси басқару мәселелерінің шешілуін тездетеді. Осыған орай қоғамда әртүрлі қызмет атқаратын (басқару қызметі, діни біртектілікті қамтамасыз ету, әкімшілік қызметі, өкілеттілік, т.б.) әлеуметтік-этникалық топтар пайда болады. Өзге елдермен араласқан себепті қазақ құрамында әр этникалық топ өкілдері болуы да заңды, бірақ олардың саны ешқашан негізгі этностан аспайды және оның тілдік, нәсілдік бірлігіне, дамуына әсер ете алмайды. Қазақ жеріндегі жағдай Ресейге қосылу барысында өзгерді және енді этникалық процестер басқаша қарқын алды.

Бөгде этностар. XVIII ғасырдың соңына қарай солтүстік, яғни шекаралық аймақтардағы қазақ руларының көпшілігі орыс бодандығын қабылдады. Осыған байланысты Ресей билігі Омбы, Қызылжар (Петропавловск), Семей (Семипалат) сияқты бекіністер мен қалашықтарда орыс мүддесіне адал тұрақты тұрғындар қалыптастыру ниетімен 1808 жылы «Сібір казак-орыс әскерін» құрды. Ол кезегінде Жайық бойынан басталып, Орынборды, одан Челябины қамтитын әскери қоныстар желісін Өскемен (Усть-каменогорск) және Бұқтырмаға дейін жалғады. Енді келіп орыс билігіне қазақ даласына батыл кіруге және



МӘДЕНИ МҰРА

шұрайлы жерлеріне қоныстануға мүмкіндік туды. Осылайша XIX ғасырдың 20-шы жылдары Көкшетау, Қарқаралы, Баянауыл, Ақмола бекіністері салынды және оларға орыс-казактардың жүздеген отбасылары орналасты. XIX ғасырдың 40 жылдары Кенесары көтерілісі қызған уақытта Ұлытау, Ақтау, Торғай, Ырғыз сияқты Ұлы даланың ішкі аймақтарына да казак-орыс қоныстанушылары енді. Әскери отарлау XIX ғасырдың 40-шы жылдары Жетісу жеріне дейін жетті, оның бір көрінісі Верный бекінісі, қазіргі Алматы салына бастады.

1865 жылдары Ресей билігіне Түркістан қалалық аймақтары қантөгіс қарсылықтан кейін бағынды, одан кейін орыс құрығы Бұхара, Хиуа, Қоқанд хандықтарының мойнына түсті. 1881 жылы Қытай мен Ресей арасында шекара туралы келісімдерге қол қойылып, Абылай хан тұсында аса қиыншылықпен қазық қағылған Ертіс, Іле, Емел өзендерінің жоғарғы жағындағы қазақ қоныстары Қытайға қарап кетті. Осылайша біртіндеп ұлы даладағы ең маңызды стратегиялық нүктелерді бағындырған Ресей, енді XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап орыс қарашекпендерін қаптатып қазақ жеріне көшіре бастады. 1866 жылы Ақмола облысында басыбайлы крепостной тәртіптен мойындары босап, бірақ помещиктен жер ала алмай шығысқа қарай ағылған орыс шаруаларының алғашқы қонысы пайда болды. Осы басталған қоныс аудару ұзақ уақытқа жалғасып, ақыры қазақ халқы 1960 жылдардың басында өз ата-баба жерінде азшылыққа айналды.

Этнографиялық тұрғыдан қазақ жеріне XIX-XX ғасыр басында қоныс аударушыларды шартты түрде бірнеше этнографиялық топтарға бөлуге болады. Советтік кезеңде большевиктік билік империялық құрылымға кірген этностардың этнографиялық ерекшеліктерін сақтауға мүдделі болған жоқ.

Бірнеше алапат аштық, елдің қашып-босып кедейленуі, тұтас халықтарға қарсы жүргізген репрессиялар мен қоныс аударулардың әсері, әрине, славян этносы өкілдеріне де, соның ішінде орыстарға да әсер етпей қалған жоқ. Белгілі дәрежеде Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтарындағы кейбір ерте қоныс аударушылардың топтарын (чебактар, кержақтар, т.б.) жеке этнографиялық топ ретінде қарастыруға болады. Ресей империясы кезеңінде ілкі артықшылықтарға ие болған казак-орыс субэтникалық топтары репрессиялар салдарынан оқшаулығын, ерекшелігін сақтай алмады. Бүгінгі күні олардың Қазақстанда құрылған этномәдени ұйымдары дәстүр-салттарын жаңғыртуға талап қылуда. Бір қызығы бұл субэтникалық топтар әуелден аралас болды, яғни оларды бірнеше этностан түзілген қауымдар деп есептеуге болады. Мысалы, Сібір казак-орыстарының құрамына орыс пен украиннан басқа, мордвалар (7%- дейін), белорустар (3%), қазақтар (3%), татарлар, қалмақтар, башқұрттар, чуваштар енді және олардың үш пайызға дейінгі бөлігі ислам дінін ұстанды (Казахское общество..., 2019: 40-44).

Осыменен біз XIX ғасырда, әсіресе, оның екінші жартысында, қазақ қоғамында кездесетін этноәлеуметтік институттар мен жалпы құрылымға, қоғам бастан кешірген шаруашылық, әлеуметтік және мәдени өмірінде болған ғаламат өзгерістерге шолу жасадық. Біздің талдау жұмысымыз қазақ қоғамының бұ дәуірде өзінің төлтума құндылықтарын молынан сақтай отырып, дамудың жаңа өркениеттік жолына түскенін көрсетеді. Біздің жазбамызға арқау болып отырған қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбаев та осы өтпелі кезеңнің жемісі екеніне көз жеткіземіз.

Әдебиеттер

1. Fell, E. Nelson. Russian and Nomad: Tales of the Kirghiz Steppes. London: Forgotten Books, 2013 (Original work published 1916). p.146.
2. Артықбаев Ж.О. Абылай хан. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – С.400.
3. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. –Алматы: Изд-во АН КазССР, 1960.
4. Бейсенбаев Т.К. «Тарихи Шахрухи» как исторический источник. – Алматы, 1987.
5. Кенесарин А. Кенесары и Садық / Ред.Е.Смирнова // Хан Кенесары. –Алматы, 1992. – С.110-161.
6. Козлов В.О. О классификации этнических общностей// Исследования по общей этнографии. – М.: Наука,1979. – С.5-23.
7. Казахское общество в XIX веке: традиции и инновации. – Астана-Москва, 2019. – 340 с.
8. Артықбаев Ж.О., Жаркешов Е.С. Қазақ мемлекеттілігі: тарихы, саяси және әкімшілік құрылымы, басқару институттары. – Астана, 2016. – 336 б.
9. Бартольд В.В. Сарт. Сочинения т.2 ч.2. – М., 1964. С.527-529
10. Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. – М., 1989. с.749
11. Реклю Э. Земля и люди. Всеобщая география. Т.VI. Спб.,1883. с.425.
12. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Фақимиле, аударма, түсініктемелер мен көрсеткіштерді жазған Ж.О. Артықбаев. – Астана, 2008. – 320 б.
13. Қазақстан өзбектері: тарихы, шаруашылығы мен мәдениеті, рухани өмірі мен қазіргі жағдайы. – Астана, 2016. – 260 б.
14. Артықбаев Ж.О. Қазақтың танымдық этнографиясы. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2019. – 240 б.
15. Рузбехан (Фазлаллах). Михман-наме-йи Бухара (записки Бухарского гостя). Перев., предисл. и прим. Р.П. Джалиловой. Под ред. А.К. Арендс. – М., 1976. с.159.
16. Халидұлы Қ. Тауарих хамса (бес тарих). – Алматы, 1992. – 304 б.

References

1. Fell, E. Nelson. Russian and Nomad: Tales of the Kirghiz Steppes. London: Forgotten Books, 2013 (Original work published 1916). r.146.
2. Artyqbaev J.O. Abylai han. – Nur-Sultan: Foliant, 2019. – s.400.
3. Materialy po istorii politicheskogo stroia Kazahstana. T.1. –Almaty: İzd-vo AN KazSSR, 1960.
4. Beisenbaev T.K. «Tarihi Şahruhi» kak istoricheski istochnik. – Almaty, 1987.
5. Kenesarin A. Kenesary i Sadyk / Red.E.Smirnova // Han Kenesary. –Almaty, 1992. – S.110-161.
6. Kozlov V.O. O klasifikasii etnicheskikh obşnostei// İssledovania po obşei etnografii. – M.: Nauka,1979. – S.5-23.
7. Kazahskoe obşestvo v HIH veke: tradisii i innovasii. – Astana-Moskva, 2019. – 340 s.
8. Artykbaev J.O., Jarkeşov E.S. Qazaq memlekettiligi: tarihy, saiasi және äkımşılık qūrylymy, basqaru instituttary. – Astana, 2016. – 336 b.
9. Bartöld V.V. Sart. Sochinenia t.2 ch.2. – M., 1964. S.527-529
10. Radlov V.V. İz Sibiri. Stranisý dnevnika. – M., 1989. s.749
11. Reklü E. Zemlä i lüdi. Vseobşaia geografia. T.VI. Spb.,1883. s.425.
12. Qūdaiberdüğly Ş. Tūrık, qyrğyz-qazaq hām handar şejiresi. Fakimile, audarma, tūsınıktēmeler men kōrsetkışterdi jazğan J.O. Artyqbaev. – Astana, 2008. – 320 b.
13. Qazaqstan özbekteri: tarihy, şaruasýlyğy men mādēnietī, ruhani ömiri men qazırgı jağdaiy. – Astana, 2016. – 260 b.
14. Artykbaev J.O. Qazaqtyñ tanymdyq etnografiasy. – Nūr-Sūltan: «Foliant», 2019. – 240 b.
15. Ruzbehan (Fazlallah). Mihman-name-ii Buhara (zapiski Buharskogo gostä). Perv., predisl. i prim. R.P. Jalilovoi. Pod red. A.K. Arends. – M., 1976. s.159.
16. Halidūly Q. Tauarih hamsa (bes tarih). – Almaty, 1992. – 304 b.



Артыкбаев Ж.О.

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: socantropology@mail.ru

Artykbayev Zh.O.

L.N. Gumilyov Eurasian
National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: socantropology@mail.ru

ЭТНОСОЦИАЛЬНАЯ СТРУКТУРА И ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА В XIX ВЕКЕ

XIX век, и в особенности, его вторая половина, занимает особенное место в истории Казахстана. Это период громадных трансформации в хозяйственной, социальной и культурной жизни. Они были связаны в первую очередь с проникновением торгово-денежных отношений в нашу страну. Развитие русского капитализма вширь вовлекало в орбиту новых экономических отношений различные регионы и народы обширной империи. Одновременно с торгово-рыночными отношениями, во первых, развивались арендные взаимоотношения, и во вторых, превращать колониальные окраины в источник сырья и рынок для готового товара из метрополии. Вышеперечисленные изменения принятые и пережитые казахским обществом позволяют рассматривать вторую половину XIX века как переходный период в истории казахского народа.

Ключевые слова: XIX век, Абай Кунанбаев, признаки эпохи, переходной период, община и государство, основные генеалогические единицы, субэтнические группы.

ETHNOSOCIAL STRUCTURE AND FEATURES OF KAZAKH SOCIETY IN THE NINETEENTH CENTURY

The XIX century, and especially its second half, occupies a special place in the history of Kazakhstan. This is a period of enormous transformation in economic, social and cultural life. They were primarily connected with the penetration of trade and monetary relations into our country. The development of Russian capitalism in breadth involved various regions and peoples of the vast empire into the orbit of new economic relations. Simultaneously with trade and market relations, firstly, rental relations developed, and secondly, to turn the colonial suburbs into a source of raw materials and a market for finished goods from the metropolis. The above-mentioned changes adopted and experienced by the Kazakh society allow us to consider the second half of the XIX century as a transitional period in the history of the Kazakh people.

Keywords: XIX century, Abai Kunanbayev, signs of the epoch, transition period, community and state, main genealogical units, subethnic groups.

Ақсақалова Ж.А.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
«Бейнелеу өнері» бөлімі
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: nurbimur_86@mail.ru

СОЦРЕАЛИСТІК СИПАТТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КЕСКІНДЕМЕСІНДЕГІ ЕРКІНДІК ТАҚЫРЫБЫ

Мақалада автор қазақ бейнелеу өнерінің соцреалистік бағытта өрбіген шығармашылық кезеңіне қысқаша шолу жүргізеді. Тарихи кезең аясында кеңінен тараған негізгі тақырып аясын анықтап, суретшілер шығармашылығының мән-мағынасын айқындауға тырысқан. Өнертанушы ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, басты назарын кескіндеме өнеріне тән болған негізгі идеялардың астарын зерделей түсуге бағыттаған. Қазіргі таңда, өнертану ғылымында суретшілер шығармашылығындағы халқымыздың өткен өмір салтынан көрініс беретін туындыларын тарихи жады контексті аясында зерттеу, дәстүрлі өнердің негізін және қазіргі мәдени мұраның рухани құндылықтарын тереңірек түйсінуге негіз болып отыр. Қазақ тарихы үшін маңызды болып табылатын кезеңнің мысалында бейнелеу өнерінің тарихи даму процесі баяндалады.

Түйін сөздер: кескіндеме, соцреалистік реализм, кәсіби бейнелеу өнері, тарихи құндылық, ұлттық мұра, тарихи жанр, көшпенділер өмір салты.

Қазақ бейнелеу өнері ұзақ жылдар бойы қалыптасып даму барысында бірнеше кезеңдерді басынан өткізіп, көптеген дарынды суретшілерді өнер сахнасының ең биік шыңынан көрсетті. Бейнелеу өнерінің озық үлгілері арқылы қазақ өмірінің тарихынан сыр шертіліп, мәдениетіміз бен өнеріміздің сапасы өсе түсті. Өнер аренасынан белсенді көрініс тапқан әрбір суретші есімдері тарих бетінде қалып, тарихи тұлғалар отанымыздың өнері мен мәдениетін биікке өрлетіп, келешек ұрпаққа өшпес мол мұра қалдырды. Осындай қазақ кескіндеме өнерін бүгінгі таңға дейін дамып, тамырын кеңге жаюына ықпал еткен алғашқы кәсіби суретшілердің қажырлы еңбегі екендігі айқын.

Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен даму тарихын өнер зерттеуші ғалымдар өткен ғасырдың 1920-30 жылдарынан бастап, оған шетел мен көршілес одақтас мемлекеттерден келген суретшілердің ықпал-әсерінің мол болғанын жиі атап өтеді. Қазақ топырағына әртүрлі мақсатта келген осы суретшілердің шығармаларынан еліміздің табиғат байлығы мен сұлулығын, мәдениеті мен дәстүрлік ерекшелігін терең зерттеуге деген талпыныстарын анық байқауға болады. Міне, отандық кәсіби бейнелеу өнеріндегі тарихи жанрдың алғашқы бастамалары осы тұстан негіз алғанын айта кеткен жөн.

Қазақ бейнелеу өнері тарихында 1950-60 жылдар шығармашылығының орны ерекше.

Бұл жылдары Қазақстанға Мәскеуден жоғарғы оқу орнын бітіріп келген талантты қазақ жастары келе бастаған еді. Шығармашылық жолдарын қалыптастыруда жастардың алдарына қойған мақсаттары ұлттық мәдениетті дамыту мен оның дәрежесін көтеру болды. Жас шеберлердің алдарына қойған бұл мақсаттары Қазақстандағы арнайы кәсіби кескіндеме мектебінің қалыптасуына алып келді. Мәскеуден келген қазақ жастар арасында Қ. Телжанов, С. Мәмбеев, Н. Нұрмұхамедов және М. Кенбаев та бар болатын. Аты аталған суретшілердің шығармашылықтарына арқау болған басты тақырып – қазақ даласы.

Кәсіби қазақ бейнелеу өнеріндегі тарихи жанрда жазылған туындылар қатарын жіті зерттеу барысында оның революция идеясымен тығыз байланыста болғанын аңғаруға болады. Яғни, социалистік идеяның жетекшілігімен дамыған бейнелеу өнеріндегі тарихи жанр да сол шеңберде қалыптасты. «Формасында ұлттық, мазмұнында соцреалистік» өнер туындылары революция күшімен орнаған жаңа тың идеяларды, ұжымдастыру мен әлеуметтік теңдікті насихаттауға, соның жолындағы жанкешті күрестерді бейнелеуге мәжбүр болды. Бүгінгі таңда бейнелеу өнерінің даму тарихына көз жүгірте отырып, қазақ бейнелеу өнеріндегі тарихи жанр қалыптасуына 1920

жылдардағы Қазан төңкерісі оқиғалары арқау болғанын өнер туындылары негізінде анықтадық.

Тарихқа тереңірек үңілер болсақ, ұлан ғайыр даламызды мекендеген барлық тайпалық одақтар мен халықтардың көшпелі немесе жартылай отырықшылық тұрмысын жүргізгені белгілі. Тіршілігіне төрт түлікті талғажау еткен халқымыз шөбі шүйгін, суы шипа жер іздеп, қыс қыстауда, жаз жайлауда күнелткен болатын. Қазіргі таңда тәуелсіз мемлекет болған ұрпағына мұралыққа қалған осынау кең байтақ жер сол бытыраңқылық пен көшпелі өмір салтының жемісі. Осындай кеңістікте еркін көсілген ежелден тәуелсіз халықтың құнарлы әрі қазынаға бай жеріне көз тіккен көршілері қанша талпынса да, сол байлықты уысына түсіре алмады. Мың жылдық тәуелсіздік пен қалыптасқан дәстүр ғасырға толмас жетпіс жылдың ішінде бытырап, талан-таражға ұшырады. 1920 жылғы Қазан төңкерісі әлеуметтік теңсіздікті жоюды желеу етіп, Қазақ халқының бүкіл тарихи тамырын құртуға барын салды. 1932 жылғы жұт, аштық; 1937-38 жылғы халық жауын анықтау нәтижесінде көзі ашық, көкірегі ояу ұлт белсенділерін жою саясаты; 1941-45 жылғы Ұлы Отан соғысы; 1950 жылдардағы тың игеру; 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі; 1980 ж. соңы – 90 ж. басындағы Ауған



Сур. 1. Қ.Т. Телжанов. «Көкпар»

Fig. 1. K.T. Telzhanov. «Kokpar»

соғысына қазақ жастарының тартылуы осының дәлелі.

Осындай жетпіс жылдық тәуелділігінде зұлмат атаулының бәрін басынан кешірген халқымыздың кәсіби бейнелеу өнерінде тарихи жанр негізінен батальдық сипатқа ие болды. Отандық бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен дамуына себеп болған негізгі факторларды анықтауда Д.С. Шарипованың «Трансформация традиционных жанров в живописи. Общность стратегии в развитии живописи и сценографии» атты көлемді мақаласы арқау болды. Автордың пікіріне жүгінер болсақ, аталмыш мақаласында ол мұның себебін былай түсіндіреді: «Өткен ғасырдың қыркыншы жылдары тарихшыларға қарсы көзқарас белең алған процестен бастау алған Қазақстан интеллигенциясына қарсы саяси ұйымдар (компаниялар) «буржуазиялық ұлтшылдықпен», «бай әулетінен шыққан феодалдық тегі» үшін айыпқа тартылуынан пайда болған қорқыныш сезімі біздің суретшілерді ұзақ уақыт бойы негізінен Азаматтық соғыс баталымен байланысты рұқсат етілген тақырып шеңберінен алыстамауға мәжбүрледі» (Шарипова: 2009, 59). Яғни, қазақ бейнелеу өнеріндегі қылқалам шеберлерінің тарихи жанрда көркемдік шешім тапқан туындылары алғашқы бастамасынан бастап тәуелсіздікке дейін осы қалыптасқан формасынан ауытқымады десек болады. Осы орайда отандық суретшілердің шығармашылығын саралап шықпақпыз.

Қай кезде болмасын, қазақ бейнелеу өнеріндегі қандай тақырыпқа қалам тартпайық, оның кескіндемеші Әбілхан Қастеев шығармашылығына келіп тірелері сөзсіз. Отандық бейнелеу өнерінің көшбасында тұрған суретшінің шығармашылығы көптеген ғылыми жұмыстарға негіз болғаны да белгілі.

Қазақ бейнелеу өнерінің ұлттық дәрежеге көтерілуі өз кезегінде өнер жолына кәсіптік суретшілердің келуі мен бейнелеу өнеріндегі алғашқы кәсіптік мектептің қалануымен тікелей байланысты еді. Туған жеріміздегі өнердің пайда болуына орыс суретшілерінің тигізген әсерінен кейін, өзіміздің ұлттық нақышқа толы өнерімізді дамыту қолға алынды. Осылайша алғаш рет қазақ жерінде – «кадрлар», яғни кәсіби мамандар дайындау ісі жүзеге асырылды. Жастар ішінен іріктелініп алынған ең талантты деп есептегендерін Мәскеу, Ленинград секілді Ресей жеріндегі қалаларға білім алуға жібере

бастады. Сол жастардың білім алып, өз туған елдеріне қайтып оралған алғашқы легінің шығармашылық жолымен қазақ бейнелеу өнеріндегі кәсіптік мектеп қалыптасты. Бұл кезең өз меншігіне 1950-1960 жылдарды еншіледі.

Көрші еліміз Ресей топырағында дәріс алып, қазақ жеріне оралған алғашқылардың қатарында – Қ. Телжанов, Н. Нұрмұхамедов, С. Мәмбеев, М. Кенбаев, К. Шаяхметов есімдері тарих бетінде кеңінен көрініс тапты. Өз шығармашылық жолдарын қалыптастыру барысында – туған жер бейнесіне терең мән аударып, қазақтың кең байтақ дархан даласы мен сұлу табиғатын басты тақырып етіп алды. Шығармалары – нағыз қазақ халқына тән мәнерімен, пейзажды, оның ішінде дала бейнесін жеткізудегі шеберлігімен ерекше әрі құнды. Суретшілер қылқаламынан туындаған картиналарда шексіз әрі кең, сұлу әрі әсем бейнедегі қазақ жері арқылы қазақ халқының даралығы мен даналығы, дархандығы мен дарындылығы кеңінен жырланды. Бұл кезеңде дүниеге келген әрбір туынды көрер көзді өзіндік астарлы ойымен, шебер шешілген композициялық құрылымымен, түстік үйлесім ерекшелігімен және де сюжеттік көркем бейнелерімен қызықтырады. Көпшілік туындыларға өз туған жерінің даралығын жырлаған ақындық лирикалық сипат тән еді. Қ. Телжановтың «Жамал», «Тұңғыш рет», «Атамекен», «Көкпар»; К. Шаяхметовтың «Туған ауылда»; Н. Нұрмұхамедовтің «Әкем келеді», С. Мәмбеевтің «Киіз үй алдында», «Көктем», «Тауда»; М. Кенбаевтың «Асауға құрық салу», «Шопан», «Әңгіме» атты туындыларында туған жерге деген сағыныш пен сүйіспеншілік айқын көрінеді. Бұл шығармалардағы халықтың негізгі тұрмыс тіршілігі мен шаруашылығынан хабар беретін көріністер табиғатпен тығыз байланысқа түскен.

Жоғарғы бөлімде айтып өткен тұрмыстық көріністерді бұл кезеңде өз тарапымыздан шаруашылық, салт-дәстүрлік және кездесу деп үшке бөліп қарастыруды жөн көрдік. Яғни, салт-дәстүрлік тұрмыстық көріністер деп алуымыздың себебі, суретшілер шығармаларында қазақ халқының ұлттық ерекшелігін сипаттайтын дәстүрлі көріністер тармағы белең ала бастады. Осы тұста Қ.Т. Телжановтың «Көкпары» (Сур.1) мен М.С. Кенбаевтың «Асауға құрық салуы»

(Сур.2) айтылып отырған пікірге негізгі мысал бола алады. Ал шаруашылық көріністері көбіне тек қана мал шаруашылығымен тығыз байланысты еді. Кенеп беттерінде кең байтақ дала бейнесіндегі жайлауда жайылған төрт түлік мал мен оны бағушы шопан бейнесі кеңінен көрініс тауып отырды. Суретшілер халық шаруашылығынан хабар беретін мұндай көріністерді көпшілік жағдайда «шопан» атты тақырып аясында жүзеге асырды. Келесі «кездесу» деп қарастыратын еңбектер қатарына қазақтың кең байтақ даласында, киіз үй жанында көрініс тапқан қазақтар бейнесі. Табиғат пен адам арасындағы тығыз байланыс айқын көрінеді. С. Мәмбеевтің «Киіз үй алдында», «Тауда» және К. Шаяхметовтың «Туған ауылда», «Түскі мезгіл» атты туындыларындағы қазақтар бейнесін мысалға алуымызға болады. Бүгінгі таңда зерттеудің басты тақырыбына айналған тұрмыстық жанр – бұл жерде тек қана қосымша рөлді атқаруда. Адамзат пен оның өмірінің тұрмыстық бейнесі – табиғат аясында көрініс тауып, адам мен табиғат арасындағы тығыз байланыс негізге айналды.

Алғашқы талантты кәсіпқой суретшілердің бірі – М. Кенбаев өз кескіндемелерінде жалғыз даланың бейнесін ғана салып қойған жоқ. Сонымен қатар көшпенді өмір салтымен

ғұмыр кешкен қазақ шаруаларының бейнесі арқылы, адам мен табиғат арасындағы өзара тығыз байланысты айқындап кетті. Белгілі өнертанушылар да Кенбаев шығармашылығын осы қырынан кеңінен зерттеген болатын. Айта кететін болсақ, Р.Ә. Ерғалиева өзінің «Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана» атты кітабында суретші шығармашылығындағы адамзат бейнесі жайында: «Кенбаевтың шығармашылық ұстанымындағы адамзат – табиғаттың жай ғана бір бөлігі емес. Ол сол табиғаттың өзі іспеттес, дәлірек айтсақ – оның сансыз, әсем әрі мәңгі жаратылыстарының бірі» (Ерғалиева: 2002, 27), – деген болатын.

Ал Мәскеудің белгілі өнертанушысы М.Н. Гусева-Хламинская шебердің шығармашылығына төмендегіше баға береді: «... кескіндемеші Молдахмет Кенбаевтың туындылары өзіндік сипаты бойынша ұлттық әрі қазіргі заманға сай. Ол адамзатты жеңіл әрі кең тыныс алатын, жылқылар жайылған шексіз жазықтықтағы табиғат аясында бейнелегенді ұнатады. Бәлкім, республика бойынша, өз шығармашылығында адам мен табиғат осындай өзара үйлесімді бірлікке түскен өзге суретшіні табу өте қиынға соғатын шығар» (Гусева: 1963). Міне, айтылған осы ойлар



Сур. 2. М.С. Кенбаев. «Асауға құрық салу»

Fig. 2. M.S. Kenbaev. «Putting a rope on the gallows»

Сур. 3. С. Айтбаев.
«Бақыт»

Fig. 3. S. Aitbaev.
«Happiness»



суретші шығармашылығындағы көріністің ерекшелігі мен көркемдігін толықтыра түседі. Шығармаларындағы желдей жүйткіген асау ат, шөбі шүйгінді, көгалы мол кең байтақ далада емін-еркін көсіле жайылған отар-отар қой, аяғын маңғаздана басқан түйе мен асқар ала таулар ата-бабаларымыздың негізгі өмірі мен рухани байлығынан, қазақ елі мен жерінің еркіндігінен хабар беруде.

Соцреалистік кезеңдегі ең үздік суретшілердің бірі Қ.Т. Телжанов болды. Оның шығармаларының басты кейіпкері қазақ даласы және оның еркіндігі мен тәуелсіздігін аңсаған адам бейнесі. Композицияларындағы көп көлемді аспан бейнесі – еркіндік пен шексіздіктің символына айналған. «Жайлауда», «Үгітшілер арасында», «Амангелді шабуылы», «Жамал», «Атамекен»,

«Домбыра үні», «Көкпар» туындылары эпикалық атмосферасының кеңдігімен, халықтың дәстүрлігімен, философиялық мән-мағынасының тереңдігімен аса құнды болып табылады. Суретшінің басты назарын әрдайым жылдамдықты жеткізуге бағыттайды. Көк, жасыл, мөлдір, тоналды жеңіл түстердің сары реңктері бар нәзік түстер, қоңыр түстің түрлі түстермен өзара үйлесімге түсуі, жарық пен көлеңкенің қарым-қатынасы көрермендердің бойын жылдам қозғалыстың керемет ләззатына бөлеуге мүмкіндік береді. Осылайша суретшінің жеке қолтаңбасына тән ерекшеліктері мен түрлі кескіндемелік әдістердің тоғысуынан қазақ мәдени мұрасының негізгі құндылығына айналған көптеген шығармалары жарық көріп, қазақ кескіндеме өнерінің жауһарына айналды.



Сур. 4. С. Айтбаев. «Жас қазақтар»

Fig. 4. S. Aitbaev. «Young Kazakh»

Бейнелеу өнеріндегі кәсіптік мектеп жемісінен нәр алып, өзіндік қолтаңба ерекшелігін қалдырған келесі кезең – ұлттық мектеп болды. Бұл кезеңде өнерімізде ұлттық негізді ерекшелеу, басты міндет – ұлттық өнерді дәріптеу. Суретшілер шетел өнеріндегі бағыттарды өз шығармаларына әкеле отырып, оған өзіндік қазақы мәнер енгізе білді. 1960 жылдарда қалыптасқан осы кезеңнен бастап, суретшілер еркін жазу техникасын игеріп, ұлттық өнерді қалыптастырып дамытуды көздеді. Көбіне олар Пикассо, Гоген, Матисс, Дали шығармашылығына көп мән беріп, жаңа өнерге форма бұзуды алып келді. Шығармаларындағы басты кейіпкер – жеке адам болып, оның күш-қуаты негізге айналды. Бұл адам бойына ұлттық сана, қазақы діл мен рухани күш жинақталған дара тұлға еді. Суретшілер кәсіптік мектеп тұсында негізделген адамзат пен табиғатты өзара байланыстыру формасын пайдалана отырып, кеңістікке жаңа атмосфера енгізді. Яғни, кенеп бетінде еркіндік

мәселесі алдыңғы орынға шығып, еркін тақырып негізінде ұлттық өнерді насихаттайтын форма бұзу арқылы жүзеге асырылған, еркін жазу үлгісіндегі көріністер пайда бола бастады.

Ұлттық мектепті қалаушылардың бірі – С. Айтбаев болды. Кубизм бағытын ұстанған ол өз шығармашылық жолында «Бақыт» (Сур.3), «Жас қазақтар» (Сур. 4), «Қонақ келді», «Бригаданың түскі асы» сынды ұлттық өнерді дәріптейтін бір топ құнды туындыларды дүниеге әкелді. Суретші шығармаларының басты кейіпкерлері – бойына ерекше күш дарыған қазақ халық ауыз әдебиетіндегі батырлар бейнесіне айналды. С. Айтбаев туындыларында да, сонымен қатар Ә. Жүсіпов, Ш. Сариев, Т. Тоғысбаев, С. Романов сынды белгілі кескіндемешілердің шығармаларында да жалпы бейнелеу өнеріміздегі ұлттық мәселені кеңінен көтеру іздері байқалады. Бірақ олардың да туындыларында тұрмыстық көріністер басты рөлді атқармады. Бұдан мүлдем тұрмыстық өмірді бейнелейтін

көріністер болмады деген пікір қалыптастыру әрине, қате. Тұрмыстық көрініс болды, бірақ бұл мәселе өзінің тақырыптық негізі аясында емес, жалпы халықтың ұлттық негізін қалыптастыру барысында ғана көрініс тауып отырды. Осылайша, суретшілер композицияларындағы тұрмыстық өмірді сипаттайтын көріністер – екінші шептен орын теуіп, қосымша рөлді атқарды. Ал шығармаларының идеялық астарынан қазақ халқының тәуелсіз ел, азат ел, еркін ел екендігі анық сезіледі.

Суретшілердің соцреалистік реализм кезеңіндегі өмір салтынан көрініс беретін туындыларын зерттеу дәстүрлі өнердің негізін және қазіргі мәдени мұраның рухани құндылықтарын тереңірек түйсінуге негіз болып отыр. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің көркемдік принциптері аға буын өкілдерінің қолтаңба іздерінде ғана сақталып қана қоймай, қазіргі заманғы әлемді бейнелеудің жаңа бейнелері мен жаңа формаларының туындауына себепші болуда.

Әдебиеттер

1. Қазақ өнерінің тарихы. – Алматы: Өнер, 2009. Т. 3. 480 б.
2. Шарипова Д.С. 2009. Трансформация традиционных жанров в живописи. Общность стратегии в развитии живописи и сценографии. – Алматы: Арда. – 344 с.
3. Ергалиева Р.А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Алматы: «Гылым», 2002. – С.183.
4. Гусева М.Н. 1963. Искусство Казахской ССР. М., «Советский художник».
5. Батальный жанр советского искусства. 1986. Москва, 32 с.
6. Ергалиева Р.А. «Вперед в прошлое» как мейнстрим современной культурной ситуации в Казахстане // Сборник докладов Международной научной конференции: Национальная идентичность в процессе глобализации. – Алматы, 2009. – 200 с.
7. Шарипова Д.С. Очерки казахского изобразительного искусства. – Алматы: «Арда», 2008. – С.120.
8. Қазақстан бейнелеу өнері. XX ғасыр. Альбом. – Алматы, 2002.
9. Ергалиева Р. Феномен степи в живописи. – Алматы: Арда, 2008. – 120 с.
10. Юсупова А.К. 2004. Ценности традиции и новые тенденции в творчестве шестидесятников как предпосылки развития казахской живописи 1980-1990-х годов // Культурное наследие народов Казахстана и национальная система образования. Материалы Международной научно-практической конференции. – Алматы, Т. 1. – 230 с.

References

1. Qazaq öneriniñ tarihy. – Almaty: Öner, 2009. T. 3. 480 b.
2. Şaripova D.S. 2009. Transformasia tradisionnyh janrov v jivopisi. Obşnost strategii v razvitii jivopisi i senografii. – Almaty: Arda. – 344 s.
3. Ergalieva R.A. Etnokülturnye tradisii v sovremennom iskustve Kazahstana. Almaty: «Gylym», 2002. – S.183.
4. Guseva M.N. 1963. Iskustvo Kazahskoi SSR. M., «Sovetski hudojnik».
5. Batälnyi janr sovetskogo iskustva. 1986. Moskva, 32 s.
6. Ergalieva R.A. «Vpered v prošloe» kak meinstrim sovremennoi külturnoi situasii v Kazahstane // Sbornik dokladov Mejdunarodnoi nauchnoi konferensii: Nasionälnaia identichnost v prorese globalizatsii. – Almaty, 2009. – 200 s.
7. Şaripova D.S. Ocherki kazahskogo izobrazitelnogo iskustva. – Almaty: «Arda», 2008. – S.120.
8. Qazaqstan beineleu öneri. HH ғasyr. Älbom. – Almaty, 2002.
9. Ergalieva R. Fenomen stepi v jivopisi. – Almaty: Arda, 2008. – 120 s.
10. İusupova A.K. 2004. Senosti tradisii i novye tendensii v tvorchestve şestidesätnikov kak predposylki razvitia kazahskoi jivopisi 1980-1990-h godov // Külturnoe nasledie narodov Kazahstana i nasionälnaia sistema obrazovania. Materialy Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii. – Almaty, T. 1. – 230 s.



Аксакалова Ж.А.

Институт литературы и искусства
им. М.О. Ауезова
Отделение «Изобразительное искусство»
г. Алматы, Казахстан
e-mail: nurbिनur_86@mail.ru

ТЕМА СВОБОДЫ В ЖИВОПИСИ КАЗАХСТАНА СОЦРЕАЛИСТИЧЕСКОГО ХАРАКТЕРА

В статье автор проводит краткий обзор творческого периода казахского изобразительного искусства, развернувшегося в соцреалистическом направлении. В рамках исторического периода была выявлена основная тематика и идеи творчества художников. Опираясь на труды ученых-искусствоведов, основное внимание уделялось изучению основных идей, присущих искусству живописи. В настоящее время в искусствоведение изучение в контексте исторической памяти произведений, отражающих образ жизни нашего народа в творчестве художников, является основой для более глубокого осмысления основ традиционного искусства и духовных ценностей современного культурного наследия. На примере важного для казахской истории периода излагается исторический процесс изобразительного искусства.

Ключевые слова: живопись, соцреалистический реализм, профессиональное изобразительное искусство, историческая ценность, национальное наследие, исторический жанр, образ жизни кочевников, тема свободы, духовное наследие.

Aksakalova Zh.A.

Institute of Literature and Art. M.O. Auezov
Department of Fine Arts
Almaty, Kazakhstan
e-mail: nurbिनur_86@mail.ru

THE THEME OF FREEDOM IN PAINTING OF KAZAKHSTAN OF SOCIAL REALISTIC CHARACTER

In the article, the author provides a brief overview of the creative period of the Kazakh fine arts, which unfolded in a socialist realist direction. Within the framework of the historical period, the main themes and ideas of the artists' creativity were revealed. Based on the works of art historians, the main attention was paid to the study of the basic ideas inherent in the art of painting. Currently, in art history, the study in the context of historical memory of works that reflect the way of life of our people in the works of artists is the basis for a deeper understanding of the foundations of traditional art and the spiritual values of modern cultural heritage. On the example of an important period for the Kazakh history, the historical process of fine arts is described.

Keywords: painting, socialist realism, professional fine arts, historical value, national heritage, historical genre, nomad lifestyle, theme of freedom, spiritual heritage.

Нұрахметұлы И.

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

e-mail: nurakhmet1967@mail.ru

ҒҰН ИМПЕРИЯСЫ – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ БАСТАУЫ

Мақалада ерте және таяу замандағы тарихшылардың еңбектеріндегі деректерге сүйене отырып, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы хақында тұжырым жасалады. Біздің заманымыздан бұрынғы 209 жылы құрылған ұлы ғұн империясының қазақ тарихында алатын орны көрсетіліп, мемлекеттілігіміздің ғылымға белгілі тарихына 2230 жыл толғаны туралы айтылады.

Біріншіден, ғұн империясының құрылған уақыты белгілі. Екіншіден, империяның территориясы мен шекарасы анық белгіленген. Үшіншіден, жетілген басқару жүйесі бар, билік құрылымы қалыптасқан кемел мемлекет болды. Төртіншіден, күшті заңы болды. Бұл Түркі тарихында жасалған тұңғыш заң. Осы деректерге сүйене отырып, ғұн империясын Қазақ мемлекеттілігінің бастауы деп айта аламыз.

Түйін сөздер: мемлекет, мемлекеттілік, мемлекеттілік тарихы, территория, заң, шежіре деректері, жазба деректер.

Кіріспе

Мемлекеттік тарихымызды арыдан бастайтын жақсы үрдіс қалыптасып келе жатқаны баршаға аян. Бұл – 300 жыл отар болып, рухы жаншылған халықтың өз тегін тануға деген талпынысы. Дегенмен, осы бағыттағы ізденістерге кейде тарихи деректердің тапшылығы қолбайлау болатыны бар. Кейде бар деректерді талдауға ғылыми тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да дайындығымыз жетпей жататын тұстарымыз бар. Осындай себептерге байланысты кейде жаңсақ ұғымдар да туып жатады.

Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен 2014 жылы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1448 «Қазақ Хандығының 550 жылдық мерейтойын 2015 жылы тойлау» туралы бұйрығы шықты. Көне

деректерде «Қазақ хандығының» құрылған уақыты 1456 жыл деп көрсетілсе, кейінгі кезде бұл 1465-1466 жылдарға өзгерген. Мерейтой осы соңғы дерекке сай белгіленгені анық. 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланды. Бұл тарихи тұрғыдан да, саяси тұрғыдан өте жемісті шара болды. Әсіресе, «Қазақта мемлекет болмаған», – дейтін пікірлерге тойтарыс берудегі маңыздылығын бағаламау әділдік болмас еді. Бір өкінішті жері халықтың көп бөлімі (әсіресе, жастар бір бөлім зиялы қауым да бар) қазақ мемлекеттілігінің тарихы 550 жылмен шектеледі деген қате ұғым қалыптастырып алғаны. 2014 жылы 31 желтоқсанда жарияланған бұйрықта Қазақ мемлекеттілігінің 550 жылдығы деген сөз жоқ, «Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы» деп анық жазылған.

«Мемлекет тарихы» мен «мемлекеттіліктің тарихы» бір ұғым емес, тамырлас, бірақ, мағынасы бір-бірінен бөлек ұғымдар. Мұны түсіну соншалықты қиын емес. «Қазақстан» Республикасының құрылған күні – Қазақстан деген жас мемлекеттің тарих сахнасына шыққан күні, бірақ, одан бұрын да қазақта мемлекет болды. Сол сияқты, 1465 жыл «Қазақ Хандығы» деген мемлекеттің құрылған уақыты, бірақ, ешқашан Қазақ мемлекеттілігінің бастауы болмайды.

Қазақ мемлекеттілігі туралы сөз қозғалғанда «Қазақ» атауына соқпай өту мүмкін емес. Бұл ат атаудың этимологиясы төңірегінде болжам көп. Қазақ сөзі «қас» және «сақ» сөздерінің бірігуінен жасалған (М. Ақынжанов, С. Мұқанов). «Қаз» және «оқ» сөзінің қосылуынан жасалған (Абдрахманов). «Қазар», «аз» деген сияқты тайпа аттарынан шыққан, «Қазақ» пен «Қазар» түбірлес және ол «Қаз», «Қас», «Қазпи», «Қаспи» сөздерінен шыққан (Н.Я. Марри). «Қазақ сөзі «қаз» және «зақ» этнонимдерінен келіп шыққан, т.б. Бұл тұжырымдардың бәрі белгілі дерекке немесе логикаға сүйеніп айтылғанына қарамай, Қазақ сөзінің этимологиясын толық түсіндіріп беретін ғылыми еңбек әлі жазыла қойған жоқ. Қазақ атауының пайда болуы хақында екі түрлі тұжырым айтылып жүр: Бірі, «Қазақ» – XV ғасырда «Қазақ хандығының» құрылуына байланысты пайда болған жаңа атау десе, екіншісі, Қазақ ежелден келе жатқан ел аты дегенге тоқтайды.

Қазақ атауы ауызша шежіре мен жазба тарихта көп сөз болған тақырып.

Шежіре деректері

Ауызша шежіренің бір парасы «қазақ» атауының төркінін аңызға апарып тірейді. «Қазақ» сөзі құсқа (ақ қазға – аққуға) ұқсатудан шыққан» дейді. Қалша Қадыр туралы қазақтың көне аңызында соғыста жараланып, иен далада өлім аузында жатқан Қалша Қадырдың жанына бір «ақ қаз» (аққу) келіп, аузына су тамызып, аман алып қалады. Есін жинаған соң оны көл бойына ертіп апарып, емдеп жарасын жазады. Сөйтсе, ол құсқа айналып келген пері қызы екен. Қалша Қадыр сол қызбен үйленіп, одан «Қазақ» деген бала туған» (Мыңжани, 1986: 26). Ескі аңыздың тағы бірі былай сөйлейді: «Ертеде алапес ауруына шалдыққан адамдарды емдей

алмағандықтан, бір аралға апарып тастайды екен, күндердің күнінде аралға жиналған алапестердің ішінен бір адам шығып, ауруды емдеп жазған. Олар өздері бөлек хандық құрып көшіп-қонып жүреді екен. Бірде олардың көшіп келе жатқанын көрген хан (қай елдің ханы екені айтылмайды) қазға ұқсатып, «мыналар қаз-ақ екен» депті, содан «Қазақ» атауы шығыпты» (Халық аңызы).

Екі аңызға ортақ ерекшелік – «Қазақ» атауының тегін аққумен байланыстыруы. Мүмкін бұл аққуды киелі құс санаған бабаларымыздың өз тегін ұлықтауынан туған аңыз, мүмкін, қазақтың аққуды киелі құс деп білуі осы аңыздың әсері... «Қызыл Арыстан хан» туралы аңызда қазақ сөзі басқаша түсіндірілген. «Ханның шабындыдан әкелген әйелінен өне бойы ала бала туады. Мұны жамандық нышаны деп білген хан дарияға тастатып жіберген. Баланы бір балықшы құтқарып алып, атын «Алаш» қояды. Алаш ақылды әрі батыр болып ержетеді. Хан оны ордаға алдырмақ болғанда ақылшы билері: «Қасына жүз жігіт қосып беріп еркіне жіберіңіз», – деп ақыл айтқан. Сөйтіп, «Құтанбайдың үлкен ұлы Үйсін бастаған жүз жігіт, ортаншы ұлы Болат бастаған жүз жігіт, кіші ұлы Алшын бастаған жүз жігіт Алашқа қосылады. Сол үш жүз батыр төңірегіндегі елдерді бағындырып дербес хандық құрып, Алашты хан сайлайды» (Мыңжани, 1986: 28). Бұл аңызда «қазақ», «алаш» және «үш жүз» атауларының төркінін сабақтастыра баяндау бар. Бұдан халықты біріктіру идеологиясын анық байқаймыз. Соған қарағанда, алдыңғы аңыздардан кейін шыққан болса керек.

Қазақтардың өз тегі туралы шығарған көне аңыздары осылар. Дегенмен, үш аңызда да Қазақ хандығы құрылу қарсаңындағы оқиғалардың ізін көре алмаймыз.

Ұлттық әдебиетіміздің тарихында Қазақ сөзін алғаш қолданған Қазтуған жырау.

*Бұл қоныстан кетпесең,
Атаңа нәлет кәуірдің,
Пайдасына қалмаса игі еді,
Ноғайлы қазақ жұртының,
Кейінгі туған балалары-ай, –*

дейді. Жыр «Қазақ ордасы» құрылу қарсаңында, Керей мен Жәнібек бастаған рулар Әбілқайыр хандығынан бөлінер тұста айтылған. Бұл деректен екі түрлі жағдайды байқауға болады:

Бірінші, Әбілқайыр хандығында біраз ру-тайпалар «Қазақ» атымен аталғаны; Екінші, Қазақтың көне сөз қолданысында заттың ерекшелігін көрсете баяндайтын мынадай сөз нормасы бар: Орманы бар тау туралы айтуға тура келсе, еш уақытта таулы орман демейді, «орманды тау» дейді. Мұнда айтайын деген ойдың иесі орман емес, тау. Орман таудың белгісі ғана. Бір қора қойдың ішінде азғана ешкі болса, оны қойлы ешкі демейді, «ешкілі қой» дейді. Мұнда да ойдың иесі ешкі емес, қой». Осы тұрғыдан қарағанда «ноғайлы қазақ» атауы ноғайлы жұртында саны көп халық қазақ екенін көрсетсе керек. «Ноғайлы» сөзі ноғай хан билеген ел немесе ноғайы бар қазақ деген мағына беретін тәрізді.

Жаңа құрылған хандықтың «Қазақ ордасы» аталуында да терең сыр жатыр. Өзбек ханның елі – «Өзбек хандығы», Ноғай ханның елі – «Ноғай» атанғаны сияқты, Керей мен Жәнібек құрған жаңа хандығы «Керей хандығы» деп аталу керек еді, бірақ, олай болған жоқ. Мұндағы басты себеп – «қазақ» сөзін кие тұтуда жатса керек.

М. Мағауин 1456 жылды «қазақ деп аталатын жаңғырған этностың дүниеге келген мезгілі деп есептеу керек» деп жазады. Бұл жердегі «жаңғырған этнос» сөзі қазақ атына байланысты айтылған. Қазақ хандығы ежелден бар халық аталғанын меңзеп тұр.

Жазба деректер

Моңғолдың құпия шежіресінде қоңырат Дай шешен Ясукейге көрген түсін жорыта отырып, елінің салтын баяндайтыны бар:

*Біз қоңырат елінде,
Қыз өсірсек әдемі,
Ұмытпаймыз кәдені.
Қара бура жүргізіп,
Косохы арба мінгізіп,
Сый етеміз хағанға...*

(Моңғолдың құпия шежіресі, 1992).

Моңғол тілінде «косох арба» сөзінің қазаққа қатысы жоқ деген пікір де бар. Дегенмен, Моңғол тілін жақсы білетін маман Ислам Қабышұлы моңғол тіліндегі «Hasahtergen» (косек терген) деген сөздің «Қазақ арба» (Қабышұлы, 1991) деген мағына беретінін дәлелдеп жазды.

Түркі ғұламаларының ішінде Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рәшиди»

атты еңбегі мен Қадырғали Жалайыридің «Шежірелер жинағында» Қазақ хандығына қатысты деректер жазылған. Ерте және орта ғасырлардағы шет ел жазбаларында да: «Қазақ ұлысы», «қазақ елі», «қазақтар», «қосек», «қазақы» атауы көп кездесетіні бар.

Фердауси «Рустем-Дастанында» (Шаһнама) «Қазақты» ел аты ретінде ауызға алады. Дастан 1020 жылы жазылғанын ескерсек, Қазақ хандығы құрылудан бұрын да осы атпен аталған ел болғаны даусыз. Карамзин: «968 жылы рус князі Қара теңізге құятын Хубан өзенінің солтүстік жағасында «қосек» дегендерді жеңіпті» деп жазған. X ғасырда Византия патшасы Константин Порфирородни Хубан өзенін «Қазакия» деп атаған. Араб жазушысы Махсұд та қазақ деп сол өңірдегі елдерді айтқан. Никон 1223 жылы Шыңғыс әскері Кавказ тауын асып келіп, «Қазақ жерін басып, қыпшақтарды қаратқан» деп жазған. 1447 жылы Меңлі Керей хан орыс князі Иван III-ге: «Сенің жеріңді тартып алу үшін мен ұландарымды, мырзаларымды, қазақтарымды жібермеймін» деп хат жазған (Сейфуллин, 1932: 172).

А. Вамбери 1885 жылы баспадан шыққан «Түрік халықтарының этнологиясы мен этнографиясы» атты еңбегінде Қазақ деген атау IX-X ғасырларда әлемге әйгілі халықтың аты болғанын жазады.

Қытайлар VII ғасырда «Арал, Кәспи теңізінің төңірегіндегі елді «Қыса», «кіса» деп атаған. «Таң патшалығының жаңа тарихы, Парсы тарауында»: «Парсылар шығыс жақта тоқар Қаңлылармен шекаралас, олардың солтүстік жағында Түріктердің «қыса» ұлысы тұрған», – деген дерек бар. Қытай ғалымдары осы «қыса», «кіса» сөздерін Қазақ сөзінің дыбыстық аудармасы деп қарайды. Су Бэйхай «қыса», «кіса» сөзіндегі «кі», «қы» дыбыстары Таң патшалығы тұсында «қа» деп, «са» буыны сақ деп оқылғанын дәлелдеп жазған. «Юан патшалығы тарихындағы аудармаларға қосымша» атты кітапта: «Түріктердің батыс бөлегін кіса немесе хаса ұлыстары қоныстанды. Батыс елдерінің ежелгі деректерінде бұл ұлыс «қазақ» деп аталған. Қиса, хаса сөздері қазақ атауының дыбыстық аудармасы», – дейді. Қытайлар қазір де Қазақстанды «Ха го» деп, Қазақты «хаса» деп атап жүр. Түркі қағанатынан бері мың жыл өткенін ескерсек, «хы гоның» «ха гоге», «қыса, мен кісаның» «хасаға» айналуы



үлкен өзгеріс емес. Қытай тарихшылары Түркеш мемлекеті мен Алтын орданы «Қазақ халқы құрған мемлекет» (Нұрахмет, 2005: 97) деп қарайды.

1904 жылы баспадан шыққан «Грузия географиясы» атты жинақта армян ғалымы Муса Харени: «Қазақтар біздің заманымыздан көп бұрын Иран патшасы әулеттері кезінде Күр өзенінің оңтүстік жағасын қоныстанған», – деп жазған. Иран мен Тұран бөлінбей тұрған кезеңді меңзегені.

Чех ғалымы Б. Грозный «Қазахи біздің заманымыздан бұрын Кәспи теңізінің батысында тұрған ғұн тайпасы», – дейді. Арабтың саяхатшы жазушысы Мұхаммед аль-Ауфи 1228 жылы Индияда жарық көрген «Таңдаулы әңгімелер мен аңыздар жинағы» атты еңбегінде: «Алтайды мекендеген Қарлұқтар тоғыз ұлысқа бөлінген, бұлардың ішінде үш тайпа Чығыл, үш ұлыс Қазақ бар» (Мұхаммед аль-Ауфи, 1228: 42).

Абай Құнанбайұлы: «Қазақ сөзі Орта Азияға араб дін таратушылары келген кезде шыққан» деген пікір айтады, «... арабтар көшпелі халықтарды «хибан», «хұзағи» деп атапты, «хибан» дегені киіз шатырмен жүруші дегені екен, «хұзағи» дегені өз жұртында «хұзағи» деген көшпелі халқы бар екен, соған ұқсатып айтқаны екен. Сол уақыттың бір ханы көшіп келе жатқан бұлардың тіркеулі түйесін көріп: «міне мыналар шынымен қаз-ақ екен», – депті, сонымен бұлар өзін өзі де, өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті» (Құнанбайұлы, 1995: 223).

Ө. Марғұланның зерттеуі бойынша «Қазақтар арабтар келмей тұрып Арал, Кәспи теңіздерінің төңірегінде болған» (Жұлдыз, 1984: 144). Арабтардың Орта Азияға келуі VII – VIII ғасыр.

Бұлар қалай дегенмен хатқа түскен, ескерусіз қалдыруға болмайтын деректер. Алайда, біз бұған көп мән бере бермейтін сияқтымыз. Ескі жазбалардағы қазақ атауы туралы айтылса, «ол қазақ қазіргі қазақ емес» дей саламыз. Егер көне заманда немесе орта ғасырда біздің жерімізде біз аттас халық тұрған болса, оның бізге қатысы барлығына емес, қатысы жоқтығына күдіктенген жөн.

Қазақ мемлекеттілігінің тарихын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірі, қазақ атына тікелей байланысты мемлекеттер. Мысалы «Қазақ», «Қазақия», «Косек», «Қыса», «Кіса», «Қазахи», «Қазақ хандығы», «Қазақстан».

Екіншісі, қазақ атына тікелей қатысы байқала бермейтін ерте ортағасырлық және ежелгі ұлыстар. Қазақ хандығынан бұрын біздің жерімізде «Ақ орда», «Көк орда», «Жошы ұлысы» (Алтын орда), «Қарахан», «Ұйғыр», «Түркеш», «Түрік», т.б. мемлекеттер өмір сүргені белгілі. Осы мемлекет аттарынан Түркі жұртында хандықтарға ат қоюдың екі түрлі ұстаным болғанын байқаймыз. Бірі, хандықты белгілі бір тайпаның атымен атау. Ежелгі дәуірде билікке қай тайпаның көсемі отырса, хандық сол тайпаның атымен аталатын салт болған сияқты. Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Түрік, Түркеш, Ұйғыр, т.б. Ол дәуірлерде қазақтар бірде билік басында болып, хандық қазақ атымен аталса, енді бірде қатардағы көп тайпаның бірі болып, бір хандықтың құрамында өмір сүргенін көреміз. Орта ғасырларға келгенде бұл үрдіс әлсіреп, хандық атауы билеушінің атымен аталатын бола бастайды. «Қарахан», «Жошы ұлысы», «Ноғайлы», «Өзбек», т.б. атаулар осы кездің туындысы. Қазақ атымен аталмаса да, бұрынғы «Қаңлы», «Үйсін», «Ғұн», «Сақ», т.б. ежелгі мемлекеттердің құрамында қазақтар болғаны анық. Басқа түркі халықтары сияқты сол мемлекеттерге біздің қатысымыз бар екенін ғылым теріске шығармайды. Демек, мемлекеттілік тарихымыз сол ескі замандардан бастау алатыны анық. Бірақ, ежелгі мемлекеттерге қатысты деректер бізге аз жеткен. Бір патшалықтың қашан құрылғаны туралы нақты дерек жоқ, енді бірінің басқару жүйесі қандай болғаны белгісіз, бұдан басқа да мәселелер көп. Сондықтан, мемлекеттілігіміздің бастауын дөп басып анықтау аса қиын. Қашан құрылғаны белгілі ежелгі түркі мемлекеті Ғұн империясы. «Ғұндар туралы деректер біздің заманымыздан 1600 жыл бұрынғы қытай жазбаларында кездеседі» (Алмас, 1986: 2). Алайда олардың күшейіп, дүние тарихында із қалдырған кезі Мөде қағанның заманы. Мөде Түменұлы біздің заманымыздан бұрын 209 жылы таққа отырды. Ол құрған ғұн империясы Б.з.д 209 жылдан Заманымыздан кейінгі 216 жылына дейін 425 жыл бойы бір тұтас мемлекет ретінде өмір сүріп, тұтас Азияға өз билігін жүргізді.

Бірінші, Ғұн империясының территориясы белгілі. Империяның жері «Шығысы Тынық мұқит жағалауларына тірелді. Солтүстігі Байқал көліне Енесей өзеніне, оңтүстігі Қытай қорғанына, Индистанның солтүстігіне, Батысы

Кәспи теңізіне дейінгі жерді алып жатты» (Алмас, 1986: 20).

Екінші, жетілген мемлекеттік билік құрылымы болды. Империядағы ең үлкен билік иесі патша, яғни Мөде, онан кейін солқол және оңқол құтығулар, оларға бағынышты әр өңірдің хандары мен билеушілері.

Мемлекетті аймақтарға бөліп басқаруды Мөде қаған жолға қойған. Тарихи еңбектерде ғұндар батыс ғұндар және шығыс ғұндар болып екіге бөлінді деп жүрміз. Шын мәнінде ол мемлекеттің екіге бөлінуі емес. Жер кең, халық саны көп болғандықтан мемлекетті екі үлкен басқару аймағына бөліп басқару еді.

Үшінші, Кемел әскери түзімі болды.

Мөде түрк тарихынан шыққан ең үлкен әскери реформатор. Ғұн әскерлері «көк атты, ақ атты, қоңыр атты, қара атты, жирен атты әскер болып бөлінді» (Алмас, 1986: 193). Солтүстіктің әскерлері қара ат, Оңтүстіктің әскерлері жирен, құла ат. Батыстың әскерлері ақ ат, шығыстың әскерлері қоңыр, торы ат мінеді. Әскерлерге әртүрлі ат мінгізу, әр түрлі тұмақтар (бас киімдер) кигізу соғыс кезінде өте қолайлы болған. Әрбір қосындағы әскерлердің тез жиналып шабуылға өту, қажет болған кезде майданнан шегіну үшін, соғыста адам шығынын есептеуге де, әскери тәртіпті сақтау үшін де тиімді еді.

Хан ордасына қарасты Мөденің жеке әскері «көк атқа мінетін, ол әскерді «Тәңір найзағайы» (Алмас, 1986: 193). деп атаған. Көк түс ғұндар үшін қасиетті түс болған. Бұл «Көк Тәңірмен» байланысты болуы да мүмкін. Ғұн мемлекеті 26 тайпадан құралған. Түрк тайпалары соның бірі. Меніңше, Түркітер ғұн ордасына қараған тайпа болғандықтан «көк түріктер» атанған сияқты. Қазақта «қара көк» сөзі «текті» деген мағынада 20 ғасырдың соңына дейін қолданылып келді. Үйлене алмай отырып қалған қыз, жігіттерді «Көк етікті кезікпей, көн етікті менсінбей жүр» деп жатады. Мұндағы

«көк етікті» сөзі де бай, текті, жақсы деген мағынада. Патша тұқымдарын, батырлардың әулетін, текті адамдарды «қара көктің тұқымы» деп мақтайды. Бұл да Мөде заманынан келе жатқан, хан тұқымымыз немесе атамыз хан әскерінде қызмет еткен дегенді білдіретін ұғым болса керек. Қазақта:

*Өлеңді жақ бастайды, тіл қостайды,
Бәйгеден келген жүйрік ойқастайды.
Қара көк жеті атамнан арылмаған,
Өлеңді мен тұрғанда кім бастайды, –*

дейтін қара өлең де бар. Айтушының өзін мақтап, тектілігін көрсеткені. Анадолы Түріктер «көк түс түріктің түсі» дейді.

Басқа Түркітерде де көк түсті қадірлейтін мақал, мәтелдер, ұғымдар болуға тиіс. Бұл тақырып арнайы зерттеуді қажет етеді.

Төртінші, ғұн империясында алғаш рет заңы жасалды. Бұл туралы Ци Мацянның «Тарихи естеліктер» атты еңбегінің «ғұн баяны» тарауында жазылған. VII ғасырда өткен Яншигу деген қытай тарихшысының «хән жылнамасы» атты еңбегінде де бар. Заңның мазмұны «Ғұн тарихына қатысты материалдар жинағы» (қытайша) атты кітаптың 216 бетінде жазылған. Мөде жасаған қылмысты істер заңы 4 тараудан тұрады:

Бірінші тарау: Пышақ, қылыш сияқты суық қару қолданып кісі өлтірген адам өлім жазасына кесілсін;

Екінші тарау: Ұрлық істеген кісінің барлық дүние-мүлкі тартып алынысын;

Үшінші тарау: Қылмыскер қылмысының ауыр-жеңілдігіне қарай жазалансын;

Төртінші тарау: Түрмеге қамалған адам он күннен артық жатпасын (Алмас, 1986: 193).

Бұл заң кемел болмауы мүмкін, бірақ түркі жұртының алғашқы заңы. Осы деректер қазақ мемлекеттілігінің ғана емес түркі мемлекеттілігінің бастауы Ғұн империясы екеніне дәлел.

Әдебиеттер

1. Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 1986 ж, 683 б.

2. Халық аңызы – Автордың далалық этнографиялық экспедиция материалдарынан, 1981 жыл. (Сұхбат беруші Мақатай деген шежіреші ақсақал).

3. Моңғолдың құпия шежіресі (Қазақша аударма). – Пекин: Орталық ұлттар баспасы, 1992 ж, 274 б.

4. Қабышұлы И. Қазақ сөзінің төркіні туралы. // Ана тілі газеті. 1991 ж., қыркүйек.



5. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Қызылорда: Қазақ баспасы, 1932. – 234 б.
6. Нұрахмет И. Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін. – Астана, 2005. – 193 б.
7. Мұхаммед аль-Ауфи. Индия, 1228 ж. Жамих ал-хикаят уе доам ал-рауаэт. Marguart I. Uber Volkstum komanen.

8. Құнанбайұлы А. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. Екінші том, –Алматы: Жазушы, 1995. 379 б.
9. Жұлдыз. 1984 жыл, 1 нөмір.
10. Алмас Т. Ғұндардың қысқаша тарихы. Қашқар ұйғыр нәширияты, 1986 ж. 340 б.

References

1. Мыңжан Н. Qazaqtıń qysqasha tarıhy. – Úrimji: Shınjań halıq baspası, 1986 j, 683 b.
2. Halıq ańyzy – Avtordıń dalalyq etnografıalyq ekspedisia materialdarynan, 1981 jyl. (Suhbat berýshi Maqataı degen shejiresi aqsaqal).
3. Mońgoldıń qurpa shejiresi (Qazaqsha aýdarma). – Pekin: Ortalyq ulttar baspası, 1992 j, 274 b.
4. Qabyshuly I. Qazaq sóziniń tórkini týraly. // Ana tili gazetı. 1991 j., qyrkıúek.
5. Seifýllın S. Qazaq ádebieti. 1 kitap. – Qyzylorda: Qazaq baspası, 1932. – 234 b.

6. Nurahmet I. Ulystyq ádebietten ulttyq ádebietke dein. – Astana, 2005 j, 193 b.
7. Muhammed al-Aýfi. India, 1228 j. Jamıh al-hıkaıat ye doam al-raýaet. Marguart I. Uber Volkstum komanen.
8. Qunanbauly A. Óleńder men aýdarmalar, poemalar, qara sózder. Ekinshi tom, –Almaty: Jazýshy, 1995. 379 b.
9. Juldyz. 1984 jyl, 1 nómir.
10. Almas T. Gundardıń qysqasha tarıhy. Qashqar uıғыr náshiriaty, 1986 j. 340 b.

Нұрахметұлы И.

Национальная академическая библиотека
Республики Казахстан
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: nurakhmet1967@mail.ru

ИМПЕРИЯ ГУННОВ – НАЧАЛО КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

В данной статье делается вывод о становлении казахской государственности, на основе анализа трудов историков раннего и современного периода. Была показана роль великой гуннской империи сформировавшейся в 209 году до н.э. в казахской истории отмечалось 2230-летие гуннской империи, как начало нашей государственности.

Во-первых, известно время основания империи гуннов. Во-вторых, четко обозначены территория и границы империи. В-третьих, было зрелое государство со зрелой системой управления, со сложившейся структурой власти. В-четвертых, был сильный закон. Это первый закон тюркской истории. Исходя из этих данных, можно сказать, что гуннская империя – начало казахской государственности.

Ключевые слова: государство, государственность, история государственности, территория, закон, источники шежире, письменные источники.

Nurahmetuly I.

National Academic Library of the
Republic of Kazakhstan
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: nurakhmet1967@mail.ru

THE HUN EMPIRE -THE BEGINNING OF THE KAZAKH STATEHOOD

This article, entitled “The Hun Empire – The Beginning of the Kazakh Statehood”, analyzes the data in the works of early and modern historians and draws conclusions about the formation of the Kazakh statehood. It shows the important position of the great Hun Empire established in 209 BC in the Kazakh history, and a clear scientific conclusion is made about the 2230th anniversary of the well-known history of our statehood.

The first, the time of the founding of the Hun Empire. The secondly, the territory and borders of the Empire are clear defined. The third, It was a state with a well developed system of governance and an established power structure. Fourth, the strongest law. This was the first law in Turkic history. Based on this, we can say that the Hun Empire was the beginning of the Kazakh statehood.

Keywords: state, statehood, history of statehood, territory, law, genealogical date, record date, legends.

Алпысбес М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: alpysbes@gmail.com

АБАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ МЕН ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Абай Құнанбайұлы, барлық әлемдік ұлы ақындар сияқты, ең алдымен – өз заманының тумасы, өз дәуірінің жоқшысы, өз халқының өмірлік мақсат-мұраттарының жанашыры, шырақшысы. Дала данышпаны, ойшыл ақын, туған халқын, өсіп-өнген елін-жерін сүйген, оның болашағын ойлап қам жеген, оның қалыпты дамуына кедергі келтіретін қоғамдық керітартпа құбылыстарға қарсы күрескен қайраткер тұлға. Ақынның гуманистік, тарихи көзқарастары күні бүгінге дейін мән-маңызын жойған жоқ. Оның өмірлік ұстанымдары білім-іліммен жүйеленген, ішкі терең пайым-парасатына негізделген, туған халқының болашағы үшін жаны алаң жанның жалпы дүниетанымынан туындайтын сындарлы көзқарас болып табылады. Осы орайда автор аталған мәселені қазіргі тәуелсіздік талаптары тұрғысынан саралайды.

Түйін сөздер: Абай Құнанбайұлы, заман, қоғам, адам, рухани мұра, тарихи көзқарас.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының (1845-1904) шығармашылығымен өлең, дастан, ән, күй, қара сөз туындыларының дүниеге келуі, жасаған аудармалары әдеби-көркем тұрғысынан немесе хатталған ақыл-ой мұрасы ретінде әдебиеттанушылар мен тіл мамандары, мәдениеттанушылар мен философтар, дінтанушылар арнайы зерттеуге алып, көптеген еңбектер жазды. Бұл зерттеулердің негізгі пәні мен зерттеу нысаны – Абай туындыларындағы адам тақырыбы. Гуманитарлық білім тұрғысынан, қоғамдық ғылым салалары адамтану тұрғысынан өзара жақын болғанымен, әрқайсысының өз міндеті бар екені белгілі. Абайдың шығармашылығы мен мәдени мұрасы олардың әрқайсысына рухани азық беріп, зерттеу тақырыбына негіз болады, әсіресе пәнаралық ізденістер жасауға да мүмкіндік тудырып, қоғамтану

ілімін үлкен ғылыми нәтижелерге жеткізеді. Осындай зерттеулердің басы Абай туралы алғашқы жазылған ақынның өмірбаяны туралы естеліктерден бастау алып, дамып, толықтырылып, үлкен зерттеу монографиялық еңбектерге айналды. Ұлы мұраның жекелеген қыр-сырларын танып білуге арналған кішігірім мақалалар жазылып, жалғастығын тауып жатты (Бөкейхан, 1905).

Абай туралы тарихшылар қатары қоғамдық ой-сана, әлеуметтік-саяси мұралар тұрғысынан қарағаны болмаса, қазақ халқының тарихи шығу тегі, қазақтың ұлт ретінде қалыптасу мәселелері, қазақ тарихы мен этнографиясы жағынан зерделенгені аздау болды. Қазақ халқының ұлттық тарихының өзекті мәселелерін қарастыруда, қазақтың тарихи шығу тегін зерттеуде ең алдымен Шоқан, Абай, Мәшһүр Жүсіп,



Нұржан Наушабай, Шәкәрім сынды қазақтың біртуар ұлы ғалымдарының еңбектері дәйекті деректерге сүйенген, халықтың тарихи білімінің таптырмайтын үлгісі болып табылады. Көбіне олар төл тума шежіре дәстүріне негізделген, тарихи-этнографиялық деректер өзінің ғылыми құнын жоймаған, сол үшін ғылыми айналымда болуы тиіс.

Тарих ғылымы бағытында үнемі ізденуге қажеттақырыптың бірі қазақ халқының сақалар, ғұндар, түркілер, қыпшақтар, мұғолдар, ноғайлы дәуірі, өзбек-қазақ кезеңіндегі Ұлы Дала – Дешті-Қыпшақ аумағында орын алған этногенездік үдерістерді этникалық және өзара тарихи-мәдени сабақтастық мәселесін түбегейлі әрі бірізді ғылыми концепция аясында оқытуды қажет етеді. Осы тұрғыда Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты еңбегі аса маңызды және осы уақытқа дейін тарихшы-этнографтар тарапынан тиесілі назар аударылмай келген. Мысалы, қазақтың этногенез мәселесі туралы, «қазақ» сөзі, этнонимінің шығуы туралы еңбектер жазған атақты ғалымдар Әділгереев, Ибрагимов және т.б. Абай айтқан ойлар өзара сабақтастырылмады. Осы тұрғыда Абай еңбектерін саралау, талдау, соған қатысты осы уақытқа дейін жиналып, қордаланып келген деректемелік-тарихнамалық қалың мағлұматтарды зерделеу өзекті болып тұр. Абай заманында Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» еңбегі жазылған, «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» кітабын М. Тынышпаев шығарған. Қадірлі Шәкәрім қажы 1911 жылы «Түрік, қазақ, һәм хандар» кітабын басты.

«Абай» журналын бастамашысы болып, баспадан жарыққа шығартып тұрған Жүсіпбек Аймауытов: «Қазақ халқын надандықтан айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждаһаны өртеуге құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды», – деп жоғары бағалады (Аймауытов, 2015: 147). Абай – хақиқаттың ұшқыны! Абайдың тарихи көзқарастары, құқықтық, әлеуметтік-саяси, рухани-мәдени құнды мұрасы мектепте қазақ әдебиетін оқытуда ғана емес, тарихи білім беретін тарихшыларға да өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтары туралы танымын тәрбиелеу

үшін өте керек және қоғамтану тұрғысынан ғылыми айналымға түсуі тиіс. Ұлы тарихи тұлғалар – Абайдың туғанына 175 жыл, ал Шоқанның туғанына 185 жыл биыл толуына орай, мұны тағы ескеру қажет.

«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», – деп ұлт тарихындағы ерекше орнын тағы бір рет еске салып атап өтті (Тоқаев – www.akorda.kz). Бұл ой-пікір тақырыптың көкейкестілігін де ерекше ашып тұр. Қазақ мемлекетінің стратегиялық міндеттері мен ұлттық идеологияның сұраныстарын өтеп тұрған маңызды әрі мазмұны жағынан мағыналы мәселенің қатарынан табылатыны анық. Қазақ халқының тарихи білімі ұлттық идея негізіне айналуы қажетті дәстүрлі қор ретінде де көрініс табады. Ұлттық идеология қызметін атқару – тарихшының ең әуелгі парызы.

ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, әлде бөтен бір себептен бе, сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмай, күлсем, қуана алмаймын. Сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлде кімдікі. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін, – дейді (Абай шығармаларының..., 1961: 446-447). Бұл ойлар қазақтың ахуалын салмақтаудан, өткені мен болашағы жайлы пайым жасаудың бір нәтижесі. Көңіл толмастық пен көңіл қимастық. Қазақтың бейқам тіршілігі мен Абайдың өзі айтатын, мұңдасарға кісі таппай, ой бөлісетін, сөз ұғарлық ортаның болмауына көңілі толмай, әлемде болып жатқан жан-жақты үлкен өзгерістерді көріп, біліп тұрса да, қазақ қоғамының қимылы баяу, үлкен әлеуметтік өзгеріске тым жылдам беймделе алмайтын қалпын, сырттан төніп келе жатқан қауіптерді сезді.

Бірақ Абай қайратты, қайсар тұлға. Ол өзінің қоғамдық көзқарастарын ғана білдірген жоқ, өз бетімен іске араласып, батыл шешім қабылдаған тұлға. Абай Шар бойында үш күннің ішінде жанына бірнеше адамды ғана алып, 100-ден артық баптан тұратын заңды жасайды. Абай қазақтың бұрынғы заңдарын жетік білетіндігін, сонымен қоса орыс заңдарын да терең меңгергенін көрсетіп, осылардың барлығын үйлестіре отырып, өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі қазақ қоғамына қажетті заңдарды жазып шығады. Абай қазақ елінің әдет-салтын, жете зерттей отырып, адам құқын жан-жақты қорғауға белсене қатысады. Осылайша үш күн, үш түн ішінде Қарамола съезіне арнайы заң ережесі жасалып, билер талқысынан өтеді.

Отаршыл патша үкіметі XIX ғасыр соңында қазақты уысында ұстауды қатаңдату үшін жаңа басқару тәртібін енгізіп, дін орындары мен мектептерді бақылауға алады. Қызылжар, Көкшетау, Кереку өңірлерінде мешіттерді жауып, дін ислам заңы, шарифатқа тыйым салуға тырысуы ел ішінде дүмпу туғызып, Омбы мен Петерборға шағымдар түскен. Соның бірінде былай деп жазылған: «...енді 1901 жылдан бері тыныштықтан айрылдық, пәлеге душар болдық. Мұның себебі, аталмыш жылдың 19 сентябрь күні Троицкий дейтін ояз Көкшетау өңіріндегі жеті болыс елдің болыстары мен билерін съезге жинап алып, мынадай жарлық оқыды, «сендер, қазақтар, бұрын мұсылман дінінің заңы – шарифат

бойынша өмір сүріп келген едіңдер, мұның өзі әбден ескірген устав... Енді шариғат заңын уағыздаушы молдалар жауапқа тартылады, бұдан былай билер бата береді, старшындар неке қияды» дегенді айтты. Мұны естіген қырғыз халық күңіреніп кетті...» делінеді.

Сол 1903 жылы Абай Шәймерден Қосшығұлов, Наурызбай Таласов – ел аузында Науанхазірет атымен белгілі, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және т.б. елдің игі-жақсыларымен хат жазысып отырған. Бірақ патшаның ұлықтары ел ішінен бас көтерген мұндай үнге өте-мөте үрке қараған, өкімет орындарының жаңа тәртібіне қайшы әрекеттер жасап, қарсы пікір айтушыларды қуғындап қатаң жазалап отырған. Сондықтан, мұрағат қорында сақталған құжаттарында, Семей облысының әскери губернаторына Семей полицмейстерінің баяндау хаттары, бұйрық, хаттамалары сақталған, мұнда: «Шыңғыс болысының қазағы болып аталатын Ибрагим Құнанбаев өзі тіркелген орында тұрады», «Сіздің өзіңіздің жарлығыңыз жөнінде Сіздің Хұзырыңызға мынаны баяндағым келеді: Құнанбаев фамилиядағы қазақтардан Семей қаласында 1-кластың гимназисі 12 жасар Нұғымат деген бар, ол Шыңғыс болысының қазағы, оның туысқаны Ибрагим Құнанбаев», «Сізге ... Семей почта-телеграф контторынан анықтап алып, дереу оның, хат жолданған адамның, үйінде прокурорлық қадағалау жүргізетін адамның бақылауымен кенеттен тінту жүргізуді, Құнанбаевтағы барлық хаттарды түгелдей алуды және сол сәтте-ақ оларды тінту протоколымен қоса маған табыс ет», «Сіздің мархабатыңыздан өзім саяси іс жөнінде тексеру қарекетін жүргізуді тапсырған Семей полицмейстеріне қажетті анықтаманы кідіріссіз алуына жәрдемдесуді өтінемін», «Ибрагим Құнанбаевқа келетін хаттардың мазмұнын анықтау қажеттігіне байланысты, сіздің мархабатыңыздан, Ертіс өзені арқылы өткел салынып болысымен-ақ дереу осы аталған Құнанбаев тұратын жерге аттануды, онда мұқият тінту жүргізуді, бұл жөнінде прокурорлық қадағалау жүргізетін адамға хабарлауды және Құнанбаевтан алынған барлық хаттарды маған табыс етуді ұсынамын» мазмұндағы бұйрық шешімдері бар (Байжанов, 2015: 170-177). Енді бір архив құжаттарында: «Шыңғыс болысының қырғызы Ибрагим

Құнанбаевтың аулына келдім және губернатор мырзаның жоғарыда айтылған ұсынысына сәйкес Құнанбаевтың қарамағындағы қыстау мен киіз үйлерде мұқият тінту жүргіздім, Құнанбаевтан және оның балалары Мағауия мен Тұрағұлдан табылған хат-хабарларды тартып алып, оларды куәгерлер: Шыңғыс болысы Рызықбай Құдайбердин мен Уезд басқармаларының хат жүргізушісі Оспановтың көзінше айрықша пакетке салып, Семей уезі басқармасының және Шыңғыс болысының мөрлерімен бекіттім, хат-қағаздар салынған пакетті Әскери губернатор мырзаның Хұзырына табыс етуге қаулы шығардым» деген мазмұндағы рапорттары бар (Байжанов, 2015: 172).

Сөйтіп, 1903 жылдың 7 наурыз, 25 сәуір күндері, Семейде, Жидебайда Абайдың үйінде тінту жүргізілген. 1903 жылдың наурыз айынан бастар жарты жыл бойы бұл тексерулер қазан айына дейін жалғасқан. Тіпті ол тергеулерді жақсы атқарғаны үшін «Ибрагим Құнанбаевқа жіберген хаты жөніндегі қатынас қағаздан Құнанбаевтан осы аталған хатты тартып алу үшін өзіңіз жұмсаған Семей уезінің бастығы Навроцкийдің бұл тапсырманы әбден ойдағыдай орындағанын ескере отырып, Сізден Коллегиялық Кеңесші Навроцкийге менің алғысымды жариялауыңызды өтінемін» деп жазылған (Байжанов, 2015: 174). Патшаның отаршыл үкіметінің жандармериясы, Семей уезінің бастығы мен полицмейстерлерінің осындай шектен шыққан оспадар амал-әрекеттері Абайдың жүйкесіне тигені де күмәнсіз.

Абай өмірдегі амал-әрекеттерімен, шығармашылығымен, рухани мұрасымен тарихи ғибрат пен тәлім беретін тұлға. Тарихи аспектілерінің бірі – Абайдың өмір сүрген заманындағы қазақ қоғамына қатысты болса, екінші жағы – Абайдың тарихи көзқарастары мен пайымдарына байланысты. Абайдың тарих туралы ой-танымы әлеумет пен адам болмысы жайындағы кешенді көзқарас болып табылады. Идеалық ықпал жағынан Шығыс өркениеті, Еуропа мәдениеті, Ұлы Далалық өмір шындығы мен оның өткен тарихы қалыптастырған түркілік, қазақтық және жалпы адамзаттық құндылықтар үлкен әсерін тигізген. Тарихи тұрғыдан да Абай ойшыл, тарихи философияға да назар аударған ізденгіш.



Әдебиеттер

1. Бөкейхан Ә.Н. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы // Семипалатинский листок. – 1905. – 25-27 қараша; Ысқақұлы К. Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғлының өмірі. – Мына кіт.: «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі / Бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары». – Санкт-Петербург: Восточная электропечатная И. Бораганского, 1909. – 120 б.; Абай термесі. Өлеңдер жинағы. Бастырушы Самат Нұржанов. – Оренбург, 1917; Абай. Ыбырай Құнанбайұлының таңдамалы өлеңдері. – Ташкент, 1922. – 293 б.; Құнанбаев Т.А. Әкем Абай туралы // Абай Құнанбай ұлы. Толық жинақ / Жин. М. Әуезұлы, сөз басын жазған І. Жансүгірұлы. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1933. – 408 б.; Жанатайұлы К. Абай туралы естелік // Бұл да сонда; Абайдың дүниетанымы және философиясы. – Мына кіт.: Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Том. 3 Қазақтың ағартушылық философиясы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 381 б. – 140-202 бб.
2. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі. – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 1. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т. б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 210 б. – 147-152 бб.
3. Тоқаев Қ.К. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» // дерек көзі: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomartokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
4. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 7. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т. б. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б. – 3-11 бб.
5. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – А., 1997; Дулати Мухаммед Хайдар. Тарихи-и Рашиди (Рашидова история): перевод с персидского языка. – А., 1999; Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.; Родословное древо тюрков, хивинского хана Абуль-Гази, в переводе Г.С. Сабдукова, с примечаниями Н.Ф. Катанова // Известия Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете. – ХХІ. Вып. 5-6. – Казань: Типо-литография Императорского университета, 1905; Абуль-Гази-Багадур-Хан. Родословное древо тюрков. – М.-Т.-Б., 1996; Өтеміс қажы. Шыңғыс-нама / Дайынд. Юдин В. П., Әбусейітова М. Қ.. – А., 2005; Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Собр. соч.. – А., 1984. – Т.1; Наушабайұлы Н. Мәнзумат Қазақия. – Қазан, 1903; Көпеев Юсуф. Сарыарқаның кімдікі екендігі. Тарихи повесть. – Қазан: Типография Шарф, 1907. – 24 б.; Көпеев М.Ж. Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз. – Қазан: Электротипография Шараф, 1907. – 25 б.; Көпеев Юсуф. Хал-ахуал. Поэма. – Қазан: Домбровский баспаханасы, 1912. – 27 б.; Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі / Дайынд. С.Дәуітұлы. – А., 1993; Халиди Қ. Тауарих-и-хамса-и шарқи – Шығыстың бес тарихы: бірінші кітап. – Астана: ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Баспа-редакция орталығы, 2017. – 634 б.; Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – А., 2004; Дулатұлы М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы // Шолпан. 1923. № 3-5; Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент, 1925.
6. Жиреншин Ә. Ақынның өмірі. – Мына кіт.: Абай шығармаларының бір томдық толық жинағы / ред. Жиреншин Ә. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961. – 693 б.
7. Халиди Қ. Тауарих-и-хамса-и шарқи – Шығыстың бес тарихы: екінші кітап. – Астана: ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Баспа-редакция орталығы, 2017. – 314 б.
8. Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным. – А., 1999. – 494 б.
9. Алыпсбек М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу. – Астана: BG-Print, 2013. – 380 б.
10. Марғұлан Ә.Х. Абай қолжазбасы. – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 3. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т.б. – Алматы : Қазақ университеті, 2015 – 272б. – 3-7 бб.
11. semeilib.kz - Абай атындағы Семей қаласының әмбебап ғылыми кітапханасының тарихы туралы ақпарат // https://semeilib.kz/?page_id=172.
12. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 2004. – 80 б.
13. Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Том. 35: Мақалалар,

зерттеулер. 1956–1957. – Алматы: «Дәуір», 2014. – 416 б. – 133-384 бб.; Әуезов М.О. Абайдың туысы мен өмірі (Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасы (1927-1933)). – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 1. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т. б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015 – 210б. -31-93бб.; Абайдың өмірбаяны (екінші нұсқасы – 1940) . – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 12. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 302б. – 3-56 бб.; Абайдың өмірбаяны (үшінші нұсқасы). – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 12. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т. б. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 302 б. – 57-138 бб.

14. Мұқанов С. Абай Құнанбаев. Монография // Мұқанов Сәбит. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. Он алтыншы том. – Алматы: Жазушы, 1980. – 169-391-бб.

15. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 464 б.

16. abai.alemi.kz - Мырзахметов М. Абайтану – XXI ғасыр көгінде // дерек көзі: [www https://www.abai.alemi.kz/kz/post/view?id=680](https://www.abai.alemi.kz/kz/post/view?id=680)

17. Машанов А.Ж. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

18. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттар. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.

19. Алпысбес М.А. Ғылым іздеуді адамның борышы санаған // «Аңыз адам» журналы. – 2019 ж. № 17. – 24-26бб.

20. Тұрғанбай М. Шежіре // «Абай». – 1918 ж. – № 1-2.

21. Абай шығармаларының 1-томдық жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961. – 693 б.

22. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттар. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.

23. Сейфуллин С. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904). – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 1. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және

т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 258 б. – 174-181 бб.

24. Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы. – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 5. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 283 б. – 12-32 бб.

25. Ысқақұлы К. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі. – Мына кіт.: «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі / Бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары». – Санкт-Петербург: Восточная электропечатная И. Бораганского, 1909.

26. Байжанов С.Б. Абайға қатысты кейбір архив деректері // – Мына кіт.: «Абайтану: таңдамалы еңбектер. Том 4. Ойлар мен толғаныстар / Құраст. П. Бисенбаев және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 279 б. – 170-192 бб.

27. «Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. 1. Материальное право / Маковецкий П.Е. – Омск: Типография окружного штаба, 1886. – 88 с.

28. Леонтьев А. Обычное право киргиз. (Судоустройство и судопроизводство) // Юридический вестник. – Том 5. – Москва: Типография Мантова и К., 1890. – №5-6. – май-июнь. Год XXII. – С. 114-139.

29. Малышев Н.Н. Положение киргизской женщины по обычному семейному праву киргизов (по адату) // Журнал Министерства юстиции. – СПб.: Сенатская Типография, 1904. – №2. – февраль. Год X. – С. 128-151.

30. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 445 б.

31. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев / Құрастырған С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д.Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.

32. Байжанов С.Б. Қарамолада жазылған ереже // «Абай» тәуелсіз әдеби-көркем журналы, 1992 жыл, №3. – 70-77 бб.



References

1. Bökeihan Ä.N. Abai (İbrahim) Qūnanbaiūly // Semipalatinski listok. – 1905. – 25-27 qaraşa; Ysqaqūly K. Abai (İbrahim) Qūnanbai ūğlynyñ ömiri. – Myna kıt.: «Qazaq aqyny İbrahim Qūnanbaiūğlynyñ öleñi / Bastyrğan Kākitai, Tūrağūl Qūnanbai ūğlandary». – Sankt-Peterburg: Vostochnaia elektropechatnaia İ. Boraganskogo, 1909. – 120 b.; Abai termesı. Öleñder jinağy. Bastyrūşy Samat Nūrjanov. – Orenburg, 1917; Abai. Ybyrai Qūnanbaiūlynyñ tañdamaly öleñderi. – Taşkent, 1922. – 293 b.; Qūnanbaev T.A. Ākem Abai turaly // Abai Qūnanbai ūly. Tolyq jinaq / Jin. M. Āuezūly, söz basyn jazğan I. Jansūgirūly. – Qyzylorda: Qazaqstan baspasy, 1933. – 408 b.; Janataiūly K. Abai turaly estelik // Būl da sonda; Abaidyñ dūnietanymy jāne filosofiasy. – Myna kıt.: Qazaq filosofiasy tarihy (ejelgi dāuirde qazırqı zamanğa deın). Tom. 3 Qazaqtyñ ağırtuşılyq filosofiasy. – Almaty: QR BGM ĜK Filosofia, saiasattanu jāne dıntanu instituty, 2015. – 381 b. – 140-202 bb.
2. Aimauytov J., Āuezov M. Abaidyñ öneri hām qyzmeti. – Myna kıt.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 1. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015 – 210b. -147-152 bb.
3. Toqaeв Q.K. «Abai jāne XXI ġasyrdağy Qazaqstan» // derek kōzı: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomartokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
4. Qoigeldiev M. Abai tūlğasy men mūrasynyñ qazaq tarihyndağy orny. – Myna kıt.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 7. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2016. – 307 b. – 3-11 bb.
5. Jalaiyr Q. Şejireler jinağy. – A., 1997; Dulati Muhammed Haidar. Tarihi-i Raşidi (Raşidova istoria): perevod s persidskogo iazyka. – A., 1999; Ābūlğazy. Tūrik şejiresi. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 208 b.; Rodoslovnoe drevo tūrkov, hivinskogo hana Abūl-Gazi, v perevode G.S. Sablukova, s primechaniyami N.F. Katanova // İzvestia Obşestva arheologii, istorii i etnografii pri İmperatorskom Kazanskom universitete. – HHI. Vyp. 5-6. – Kazān: Tipo-litografiya İmperatorskogo universiteta, 1905; Abūl-Gazi-Bagadur-Han. Rodoslovnoe drevo tūrkov. – M.-T.-B., 1996; Ötemis qajy. Şyñğys-nama / Daiynd. İudin V. P., Ābuseitova M. Q.. – A., 2005; Valihanov Ch.Ch. Kirgizskoe rodoslovie // Sobr. soch.. – A., 1984. – T.1; Nauşabaiūly N. Mānżumat Qazaqia. – Qazan, 1903; Köpeev İusuf. Saryarqanyñ kımдықı ekendiqi. Tarihi povest. – Qazan: Tipografiya Şarf, 1907. – 24 b.; Köpeev M.J. Tırlıkte köp jasağandyqtan körgen bir tamaşamyz. – Qazan: Elektrotipografiya Şaraf, 1907. – 25 b.; Köpeev İusuf. Hal-ahual. Poema. – Qazan: Dombrovski baspahanasy, 1912. – 27 b.; Köpeiūly M.J. Qazaq şejiresi / Daiynd. S.Dāuitūly. – A., 1993; Halidi Q. Tauarih-i-hamsa-i şarqi – Şyğystyñ bes tarihy: bırıñşı kitap. – Astana: QR Ūlttyq akademiya qıtaphanasynyñ Baspa-redaksiya ortalyğy, 2017. – 634 b.; Qūdaiberdiūly Ş. Tūrik, qyrğyz-qazaq hām handar şejiresi. – A., 2004; Dulatūly M. Qazaq, qyrğyzdyñ aty, tegi turaly // Şolpan. 1923. № 3-5; Tynyspaev M. Materialy k istorii kirgiz-kazakskogo naroda. – Taşkent, 1925.
6. Jirenşin Ā. Aqynnyñ ömiri. – Myna kıt.: Abai şyğarmalarynyñ bir tomдық tolyq jinağy / red. Jirenşin Ā. – Almaty: Qazmemkōrkemādebbas, 1961. – 693 b.
7. Halidi Q. Tauarih-i-hamsa-i şarqi – Şyğystyñ bes tarihy: ekinşı kitap. – Astana: QR Ūlttyq akademiya qıtaphanasynyñ Baspa-redaksiya ortalyğy, 2017. – 314 b.
8. Sātbaev Q. Qazaqstan – menuñ Otanym. – A., 1999. – 494 b.
9. Alpysbes M.A. Qazaq şejiresi: tarihnama lyq-derektanulyq zertteu. – Astana: BG-Print, 2013. – 380 b.
10. Marğūlan Ā.H. Abai qoljazbasy. – Myna kıt.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 3. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t.b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 272 b. – 3-7 bb.
11. semylib.kz - Abai atyndağy Semei qalasynyñ āmbabap ġylymi qıtaphanasynyñ tarihy turaly aqqarat // https://semylib.kz/?page_id=172.
12. Qūdaiberdiūly Ş. Tūrik, qyrğyz-qazaq hām handar şejiresi. – Almaty, 2004. – 80 b.
13. Āuezov M.O. Şyğarmalarynyñ elu tomдық tolyq jinağy. Tom. 35: Maqalalar, zertteuler. 1956–1957. – Almaty: «Dāuir», 2014. – 416 b. – 133-384 bb.; Āuezov M.O. Abaidyñ tuysy men ömiri (Abai ömirbaianynyñ alğaşqy nūsqasy (1927-1933)). – Myna kıt.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 1. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015 – 210b. -31-93bb.; Abaidyñ ömirbaiany (ekinşı nūsqasy – 1940).

– Myna kit.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 12. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t.b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2017. – 302b. – 3-56 bb.; Abaidyñ ömirbaiany (üşinşi nūsqasy). – Myna kit.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 12. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2017. – 302b. – 57-138 bb.

14. Mūqanov C. Abai Qūnanbaev. Monografia // Mūqanov Säbit. Tañdamaly şyğarmalar. On altı tomдық. On altynşy tom. – Almaty: Jazuşy, 1980. – 169-391-bb.

15. Baitürsynūly A. Aq jol. – Almaty, 1991. – 464 b.

16. abai.alemi.kz - Myrzahmetov M. Abaitanu – HHI ғасыр көгінде // derek közi: [www https://abai.alemi.kz/kz/post/view?id=680](https://abai.alemi.kz/kz/post/view?id=680)

17. Maşanov A.J. Äl-Farabi jāne Abai. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – 192 b.

18. Äbu Nasyr äl-Farabi. Tañdamaly traktattar. – Almaty: Arys, 2009. – 656 b.

19. Alpysbes M.A. Gylym izdeudi adamnyñ boryşy sanağan // «Añyz adam» jurnaly. – 2019 j. № 17. – 24-26bb.

20. Tūrğanbai M. Şejire // «Abai». – 1918 j. – № 1-2.

21. Abai şyğarmalarynyñ 1-tomдық jinağy. – Almaty: Qazmemkörkemädebbas, 1961. – 693 b.

22. Äbu Nasyr äl-Farabi. Tañdamaly traktattar. – Almaty: Arys, 2009. – 656 b.

23. Seifullin S. Abai (İbrahim) Qūnanbaiūly (1845-1904). – Myna kit.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 1. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 258 b. – 174-181 bb.

24. Aqynjanov M. Abaidyñ qoğamдық-saiasi közqarastarynyñ qalyptasuy. – Myna kit.:

«Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 5. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t. b. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 283 b. – 12-32 bb.

25. Ysqaqūly K. Abai (İbrahim) Qūnanbaiūlynyñ ömiri. – Myna kit.: «Qazaq aqyny İbrahim Qūnanbaiūğlynyñ öleñi / Bastyrğan Käkitalı, Tūrağul Qūnanbai ūğlandary». – Sankt-Peterburg: Vostochnaia elektropechatnaia İ. Boraganskogo, 1909.

26. Baijanov S.B. Abaiğa qatysty keibir arhiv derekteri // – Myna kit.: «Abaitanu: tañdamaly eñbekter. Tom 4. Oılar men tolğanystar / Qūrast. P. Bisenbaev jāne t.b. – Almaty : Qazaq universiteti, 2015. – 279 b. – 170-192 bb.

27. «Materialy dlä izuchenia iuridicheskikh obychev kirgizov. Vyp. 1. Materiälnoe pravo / Makoveski P.E. – Omsk: Tipografia okrujnogo ştaba, 1886. – 88 s.

28. Leontev A. Obychnoe pravo kirgiz. (Sudoustroistvo i sudoproizvodstvo) // İuridicheski vestnik. – Tom 5. – Moskva: Tipografia Mantova i K., 1890. – №5-6. – mai-iün. God XXII. – S. 114-139.

29. Malyşev N.N. Polojenie kirgizskoi jenşiny po obychnomu semeinomu pravu kirgizov (po adatu) // Jurnal Ministerstva iustisii. – SPb.: Senatskaia Tipografia, 1904. – №2. – fevräl. God X. – S. 128-151.

30. Jūmabaev M. Şyğarmalar jinağy. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 445 b.

31. Mäşhür-Jūsip Köpcev / Qūrastyrğan S.E. Nūrmūratov, B.M. Saterşinov, A.D.Şağyrbaev. – Almaty: QR BČM ČK Filosofia, saiasattanu jāne dıntanu instituty, 2013. – 359 b.

32. Baijanov S.B. Qaramolada jazylğan ereje // «Abai» täuelsiz ädebi-körkem jurnaly, 1992 jyl, №3. – 70-77 bb.



Алпысбес М.

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: alpysbes@gmail.com

АБАЙ И ЕГО ВРЕМЯ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ

Абай Кунанбайұлы, как и все великие мировые поэты, прежде всего – личность своего времени, своей эпохи, вдохновитель жизненных целей и идеалов своего народа. Степной гений, поэт-мыслитель, деятель, который любил родной народ, родную страну, родную землю, заботился о ее будущем, боролся с общественными негативными явлениями, препятствующими ее нормальному развитию. Гуманистические, исторические взгляды поэта не утратили своего значения и по сей день. Его жизненные принципы систематизированы знанием-учением, основаны на глубоком внутреннем здравомыслии, являются конструктивным подходом, исходящим из общего мировоззрения души. Автор статьи анализирует данный вопрос через призму истории становления независимости молодого государства.

Ключевые слова: Абай Кунанбайұлы, эпоха, общество, человек, духовное наследие, исторический взгляд.

Alpysbes M.

Eurasian National University
L.N. Gumilyova
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: alpysbes@gmail.com

ABAY AND ITS TIME AND HISTORICAL VIEWS

Abai Kunanbayuly, like all the great world poets, is first of all a personality of his time, his era, an inspirer of life goals and ideals of his people. A steppe genius, a poet-thinker, a figure who loved his native people, native country, native land, cared about its future, struggled with social negative phenomena that impeded its normal development. The poet's humanistic, historical views have not lost their significance to this day. His life principles are systematized by knowledge-teaching, based on deep inner sanity, and are a constructive approach that comes from the general worldview of the soul. In this regard, the author analyzes this issue from the point of view of the requirements for the independence of the young state.

Keywords: Abay Kunanbayuly, epoch, society, person, spiritual heritage, historical view.

Оспан С.К.
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
«Халық қазынасы» ҒЗИ
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: segiz.seri@mail.ru

ШОЛАҚ ТУРАЛЫ ШЫНДЫҚ

Балуан Шолақ – қазақтың ән өнеріне олжа салған, сөйтіп, өзіндік болмысымен өшпестей із қалдырып, ұлы өнердің өресін биіктетіп, өрісін ұзартқан дара тұлға.

Ақселеу Сейдімбек



Ақын, әнші, композитор, цирк жонглеры әрі алып күш иесі Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) Баймырзаұлы (1859-1918) туралы халық арасында аңызға бергісіз әңгімелер көп. Әсіресе туған жері, туған жылы, Жетісу еліне ағайындарын іздеп бару жылдары жаңсақ айтылып жүр. Шолақтың ғашығы болған Ақмолалық қымызшы, атбегі, тігінші, сырнай мен домбырада қатар ойнап ән салатын жезтаңдай әнші, сөзге шешен, бекзат келіншек атақты Ғалия Тілеуқызы туралы да тұщымды дерек бар. Бұл ғылыми-зерттеу еңбек ақиқат пен аңыздың ара жігін айыруға арналған, архивтік деректерге негізделген.

Түйін сөздер: *Балуан Шолақ, Ғалия, Битабар балуан, ақын, әнші, сазгер, шешен, айтыскер, балуан, атбегі, құсбегі, аңшылық, зергерлік өнер.*

Қазақ даласындағы сал-серілік дәстүр – ертеден келе жатқан өрелі өнер. Сал-серілердің көпшілігі ақын, әнші, әрі композитор ғана емес, әрі шешен, айтыскер, әрі балуан, әрі күлдіргі сайыпқыран сауық иелері, әрі атбегі, құсбегі, аңшылық, зергерлік өнерге де бейім болғандығы белгілі. Осындай синкретті (бір адамның бойында бірнеше өнердің тоғысуы) өнердің иелері халықтан «сал-серілер» деген ат алып, үнемі топтанып, кең даланы сауық-сайран, мереке-думанға толтырып жүргендігі ел тірлігіне жарасымды сән берген. Олардың

осы қырлары туралы көрнекті әдебиеттанушы – ғалым Есмағамбет Ысмайылов айта келіп, сал-серілерді дала театрының өнерпаздары деп бағалаған. Ақиқат ауылын өз өлеңіндегі өмірдерек көздерінен іздестіріп, Балуан Шолақтың өзін халыққа таныстыруынан бастасақ:

*Борық тартсаң шығады уыз сүті,
Қотыр-Шортан мен туған жердің құты.
Түскен екем шыр етіп жер бетіне,
Суга барып түскенде орыс бұты, –*



деп орыстар шоқынатын сарышұнақ аязда (крещенские морозы) 19 қаңтар айында, Қотыр-Шортанда, Мәтен ауылында дүниеге келгенін айтып отырғандығы өкінішке орай алдымыздағы зерттеушілердің назарынан тыс қалған. Балуанның қазақ жеріне қарашекпенділердің келіп орныға бастаған кезеңіне тұспа-тұс келетінін меңзеп, бір шумақ өлеңге 150 жылдың тарихын сыйғызып жібергеніне назар аудару қажет.

Осы күнге дейін Балуан Шолақтың туған жылы туралы пікір де екіұдай: Қызы Бәтен «әкем 1864 жылы туып, 1919 жылы 55 жасында қайтыс болды» десе, қолында болған кенже ұлы Құдайберген «әкем 1858 жылы туып, 1918 жылы 60 жасында қайтыс болды» дейді. Балуан Шолақ зерттеушілер қызы Бәтеннің дерегіне сүйеніп, 1864 жылы Қаратауда туған деп көрсетіп жүр. Патшалық Ресейдің 1916 жылғы жүргізген мал-жан санағындағы жас деректеріне сүйенсек, Нұрмағамбет Баймұрзин (Балуан Шолақ) – 57 жаста (1859 ж.), бауырлары Төлеубай Баймұрзин – 52 жаста (1864 ж.), Тәуекел Баймұрзин – 46 жаста (1870), Ғаббас Ыбыраев (Е. Мырзахметовтің нағашысы) – 45 жаста (1871) делінген (ҚРМОН 375 қор. 88 іс. 374 қор. 52, 69, 94 істер). Осы архивтік ресми дерекке сүйенсек Балуан Шолақ 1859 жылы туған болады.

Енді Балуан Шолақтың тағдырына байланысты дау-дамай төңірегінде:

Бірінші уәж. Балуан Шолақтың жерлесі Кендірлі-Қалутандық, ауылы аралас, қойлары қоралас, заң органдарының ардагері Әлімжан Баймұқанов ақсақал өз естелігінде: «...Балуан Шолақтың әкесі Баймырзаны мен көргенім жоқ. Шешесі Қалампыр толық қара бәйбіше еді. Нұрмағамбет он айлығында еңбектеп жүргенде жас баланы үйге тастап, анасы ертемен сиыр саууға шыққанда, үй ортасында түнде жағылып көміп тасталған оттың қызып тұрған шоғына оң қолын тығып алып, саусақтары «можық» болып күйіп қалған. Анасы баланың шырылдаған дауысымен айырып алған. Шолақ деп атанудың себебі осы. Балуан Шолақ өзі бұл туралы өлеңінде:

*Мен Шолақ жас кезімде болдым бала,
Бір қолым отқа күйіп, болған шала.
Қуаттың тәңір берген арқасында,
Келген жоқ жұлығымнан жапқан жала, –*
дейді.

Балуан Шолақ бала жасынан-ақ тұлғалы, дене бітімі бөлек, өзінің жайдары мінезі, көркем әндерімен ел ішінде ерте бастан көзге түсе бастайды. «Шолақтың мойыны қысқа, ауыз омыртқасымен тұтасқан, біреуге қарау үшін денесімен түгел бұрылып қараушы еді», – дейді көзін көрген Битабар балуан Елібайұлы.

Сал-серілердің қалыптастырған дәстүрі – «ұстазды сыйлап, құрмет тұту, аманатқа адалдық». Балуан Шолақ та өзі өнеге тұтқан Біржан сал мен Ақан серіден турашыл мінезді, өткір уытты тілді бойына дарытқан. Кәкімбек ағаның ұстазы әрі немере ағасы Молдахмет Тырбиевтан естіген әңгімесі: Үкілі Ыбырай Балуан Шолақпен қатты әзілдесіп ойнайды екен. Бірде Үкілі Ыбырай көңілі кетіп, ғашық болып керейдің атастырып қойған бір бойжеткенін алып қашады. Қыздың атастырылған жері ірі бай әрі батыр жігіттері көп іргелі ел екен. Олар келіп жесірін даулап үлкен шу шығарады. Ағайын арасының араздығынан қорыққан туысқандары «қызды қайтарға» басады. Осы арада жаны қысылған Үкілі Ыбырайға досы әрі сенімді серігі Балуан Шолақ көмекке келеді.

*Жасымнан мен жақсыға жақын жүрмін,
Дариядай шалқар көл боп тасып жүрмін.
Мол күштің құдай берген арқасында,
Дұшпанды жүндей төнеп басып жүрмін, –*

деуі әділетсіздіктің қай-қайсысына болмасын төзбейтіндігін айтқаны.

Осы орайда Сәбит Мұқановтың Балуан Шолақтың атақты Мәті Дәуленнің Мұхаметжан дейтін баласының қызы Мұқышты Ғазиз әнші Файзуллаұлы алып қашқанда намысын жыртуы; Доскей ақын Ақмоланың беделді байы Саңырықтың Нұрланының жесірін алып қашып келгенде араша түсіп тартып әперуі әрекеті нақты дерекке сүйеніп жазылған (Мұқанов, 1940: 225-226). Мұны Доскей ақын да өз естелігінде мойындайды.

Екінші уәж. Сондай-ақ, «Абылай ханның ордасы орналасқан жер жәннаты саналатын сұлу Көкшеге неке бұзып, қыз алып қашқандарға ортасынан ойып тұрып төрден орын берді», – деуі негізсіз, «Қазақтардың Орта жүзіне сипаттама» деген еңбегінде былай деп жазған: «Үйсін шапырашты болысының старшинасы – Қойсоймас Қараша. Оның қарамағында 1500 шаңырақ бар, жылқысы мен малдары айтарлықтай жеткілікті», – дейді. (Андреев, 1785: 77). Сөйтіп, архив

деректеріне сүйенсек, Сәбит Мұқановтың Балуан Шолақтың аузынан Абылай хан тұсында бабалары батырлық беделімен келді деуі шындық. Бұл дерек Шоқан мен Сүйінбайда да бар. Осы өңірдің шежіре көкірек тумасы, белгілі қаламгер Жайық Бектұров та кезінде нақтылы дәлелдер келтіре отырып атап өткен. 1830 жылы өткізген мал, жан санағында: Баймырза, Сәбіке Жарықшақов (бауырлары Көбен, Есенаман, Мәтен, Құрдық, Байсалбай, Захар – 41 бас ірі қара, ұсақ мал – 30; Қарамаң ұлдары Сатыпалды, Сатан, Рүстем, Сүлеймен – 21 бас ірі қара, ұсақ малы – 100 бас; Медет балалары Құттыбай, Тәттібай, Бақтыбайда – 35 – 120; Кәнте балалары Өтеп, Тулақ, Жабағыда – 51 ірі қара болғанын құжаттары растайды / Малдарының шын санын жасырған – С.О./ (Сәдуақасов, 2008).

Үшінші уәж. С. Мұқановтың повестінде 1916 жылы «Хақ тілегін берген» күн туғанда саяси сахнадан көрінбеуі ой салады. Ол күмәнді ойды сөйлеткен сол кездегі Көкшетаудағы Совдеп басшысы болған, жазушы Сабыр Шәріпов өз естелігінде:

«Қуғын-сүргінді көп көрген Балуан Шолақ, нағыз халық өкілі, халық батыры екенін революция кезінде жақсы түсіндік. 1916 жылғы халық көтерілісіне тілектес болған, 1917 жылы патша тақтан түскенде, қуанышы қойнына сыймай Көкшетаудағы үлкен бір жиында сөз сөйлеп, бұрынғы патша әкімдерін жазалауды талап еткен еді. Казак-орыс атамандары мен елдегі шонжарлар Шолақты «ұры» деген жаламен саясат өміріне жолатқысы келмеді. Балуан Шолақты жергілікті бай-қулақтар жек көреді екен, ол қара халықтың қамын ойлаған батыр болғандықтан біз Шөкеңнің халық арасындағы беделін тиімді пайдаландық. Кеңес үкіметін құру ісіне өз жағымызға бейімдеп алдық. Шолақ арқылы қалың көпті өзімізге тартып отырдық. Ол кісі міндетті адал атқарды.

Азамат соғысы кезінде Шолақты қалың орман ішінде тап жаулары (қулақтар) аңдып жүріп атқан, оқ алыстан атылғандықтан әлсіреп кіндігінің түбіне тиген екен, содан қазақтың: «Батыр – бір оқтық» – деген сөзінен намыстанған батыр дәрігерлерге көрінбей, ақыры сол жарақат зардабынан қайтыс болды», – деп жазады Балуан Шолақ туралы естелігінде. Ал шолақтанушы Марат Әскенұлы Нәбиев ағамыз өз зерттеуінде Балуан Шолақ

бабамыздың мұндай жарақатпен ұзақ уақыт жүруі мүмкін емес, Шөкең бұл жарақаттан емес, үш күн қиналып, соқыршектен қайтыс болғанын айтады. Балуанның кенже ұлы Құдайберген әкесі Шолақтың арғы тегін былайша таратады:

«Дулат – Жансүгір – Есентай – Қазанғап – Жарықшақ – Баймырза – Нұрмағамбет, Төлеубай, Тәуекел. Балуан Шолақтан: – Изажар, қызы Бәтима (Бәтен), Құдайберген. Құдайбергеннен – Әйбат, Қайролла, Асыл, Шайдолла, Қамидолла, Есенбай туады. Олардың Қайролладан басқасы бәрі тірі. Атамыз Баймырзаның алғаны Қарауыл Бөкей – Қанай батырдың немересі Жетпістің қызы Қалампыр. Ал, әкемнің өзінің алғаны Қаным Түкі қызы осы жерде «көкі» руынан. Түкіден Тоқсанбай деген нағашымыз болды...», – деп берген дерегі жазушы Естай Мырзахметов берген шежіресімен сәйкес келеді, тек Мәтенді – Мәтей деп берген. Қазіргі Макинканың (Мәтен ауылы – Матинка) орны сол кісінің атымен аталған, Мәтен қарағайы деген орман болған (Орыстың жер өлшеушісі Макин өз атын қойыпты деген сөз негізсіз – С.О.). 1891 жылы күзде Омбы қаласына патша мұрагері Николай II келу құрметіне ұйымдастырылатын этнографиялық көрмеге бүкіл иісі қазақ даласының ығай мен сығайлары бас қосқаны мәлім, осы жиынға орта жүздің намысын жыртып келген бай-манаптар, сал-серілер мен балуандар келгені мәлім. Сондықтан қатарынан күші асқан Балуан Шолақ 1891 жылы 32 жасында Омбы қаласына патша мұрагері Николай II келу құрметіне ұйымдастырылған жылжымалы цирктің балуаны Севрді (Чемберс Ципсті) күресіп жеңгені тарихи ақиқат. Бұл жағдайды жанында болған Доскей ақын да дәлелдейді. Әйтпесе жазушы Естай аға 1908 жылы 44 жасында Каронмен күрестіріп қойса, А. Жұбанов Қоянды жәрмеңкесінде Каронмен 1913 жылы 49 жасында күрестіруі (Жұбанов, 1963) шындыққа жанаспайды.

Балуан Шолақ жасы 40-тан асқаннан кейін күреске түспеген. «Жолын үлкен баласы Изажарға берген және ән айтқанда-да қоңыр жерін өзі айтып, ал көтеретін жерін маған айтқызушы еді», дейді баласы Құдайберген.

Әкесінің бірінші қуғын көруін: – «Шамасы 1880-1888 жылдары ел «Қотыркөл» болысы аталынып, 50 үй үйсін «көкі» елімен қосылып, 7-ші ауыл болды. Ел басшысы «өзін жер тәңірі

санаған» Қожаберген аз үй кірме үйсінге зорлық ете бастайды. Оған әкем көнбей, қарсылық жасайды...

*«Керейім төрт ауылнай ел емес пе,
Тілеулі дұшпан аспас бел емес пе.
Бұл елдің бірлігіне ұйытқы болған,
Ақылды, шын кемеңгер, шер емес пе
Жүремін Торайғырдың қалқасымен,
Есембек, Тілеулінің қалтасымен.
Тар жерде зарыққанда жәрдем еткен,
Жегулі атын берген сәнкесімен.
Көкіде Қожаберген елдің жұты,
Жанбота ежелден-ақ даудың құты.
Тоқсамбай әйел көрсе шырылдайды,
Түбіне жетер оның әйел заты», –*

деп ұстазы Біржанды поштабайына сабатқан Жанбота мен өзіне жала жапқан Қожаберген секілді ел жуандарына шығарған әзіл өлеңі ел арасына тез таралып кетеді. Балуан мен Қожаберген арасындағы араздық ұлғайып, ақыры Шолақты «ұры-қары» деп Көкшетаудағы ұлықтарға шағым түсіріп, олар Омбыға алты айға жер аударады. Омбы шаһарындағы цирк мекемесінің қара жұмысына араласып, су құйылған зіл батпан бөшкелерді көтеріп, үйілген ауыр су бөренелерді лақтырып жүріп, «цирктің мамандарына» алып күшімен тез үйренісіп кетеді. Цирктен ат ойнату, төсін балғамен ұрғызу тәсілдері сияқты көп өнер үйренеді. «Он сегізде мен Шолақ өнер тапқан», – дейі осыдан. Қожаберген бай Балуанға екінші рет жала жауып, іс қозғамақ болғанда әкем Көкшетаудағы саудагер орыс досы Калмыковқа жолығып жағдайын айтады. Бұрын Арқаға саудаға шыққанда қарақшыларға заттарын ұрлатып, соны Балуан Шолаққа айтып қайтартқан ішкі есебі бар Калмыков Көкшетаудағы уезд басшыларының алдында Шолақтың өнерін тамашалатыпты. Қайран қалысқан ұлықтар: «Бұл ұры емес, алып өнер иесі, бұдан былай бағалау керек», – деп приговорын жойып, мерзімінен бұрын босатады. Әкем, айдаудан қажымай, қайта өрісін кеңейтіп, ол жақтан сан-алуан өнер тауып, көптің көзіне түсіп, аузына ілініп қайтыпты», – дейді кенже ұлы Құдайберген.

Оған мен мемлекеттік архивті ақтарғанда сот, прокуратура істерінде бір де бір Шолаққа байланысты іс, не деректің кездеспеуі дәлел болады.



Сур. 1.
Ғалия Тілеубекқызы

Fig. 1.
Galiya Tileubekkyzy

Жоғарыда айтылған 44, 49 жасында күресті деген жорамалдарды жоққа шығаратын тағы бір дерек: Балуанның Жаңаарқа жеріне 1902 жылы 43 жасында келгенде балдызы Битабар балуанға: – «Мен Корен палуанды бір-ақ қолмен жеңгенмін» деуі және күреске түспей, өзіме тартқан балуан балдызым деп үнемі Битабарды күрестіруі дәлел. Битабар балуан өзінің өмір дерегінде: «Балуан Шолақтың аты үш жүзге таралып кеткен кезі. Оның шығарған әндерін ойын-тойда айтып жүретінбіз. Және біздің елге күйеу болып саналады. Өйткені Қалыбек Тілеудің қызы Ғалияны алған», – дейді көзін көріп, балуанның батасын алған ақсақал. Осылайша небары 20 жасында Карон палуанды жеңіп, кір көтеру бәсінде цирктің ең жоғарғы көрсеткіші 40 пұт салмақты 51 пұт (816 келі) салмаққа жаңартып әлемдік рекорд жасап, отыз екі жасында әлемдік дәрежедегі балуанның жамбасын жерге тигізген. Бұл ерлігі алты алашқа әйгілі болып, Балуан Шолақ есімі аңызға айналады.

Балуан 1890 жылы Атбасар базарында жорға жарыстан қосқан аты бірінші келіп, балуандар күресінде Шолақтың мерейі үстем болып тұрған балуанның иығына Ғалия өзі тіккен парша шапан әкеп жабады. Оған Балуан Шолақтың: «Жорғасымен бәйге алған жолы көрдім, Көрмедім Ғалиядай жезтаңдайды», – деген өлеңі куә. Ғалияға ғашық болып, Балуан Шолақ алты ән арнаған. Ғалия Тілеубекқызы (Сур. 1) 1922 жылы 23 сәуірде 48 жасында өз



Сур. 2. Ғалия
Тілеубекқызының
басына қойылған
құлпытас

Fig. 2. The tombstone
on the head of Galiya
Tleubekkyzy

ажалынан Ақмолада қайтыс болған. «Жастар» шағын ауданындағы көне мұсылмандар зиратында жерленген.

Ғалия апамыздың бахилық тұрағының басына қосағы Ғалы Құрақбайұлы орнатқан құлпытасқа:

«1922 жылы 23 апрельде. Руы Қалыбек. Ғалия Ғалы жамағаты Тілеуқызы 48 жасында фәниден бақиға рахат айлады. Алла Тағала рахмет айлап, жанын Жәннаттан айлсын. Қалғандары әруағына бір дұға еткізді», – деп шағатай тілінде таңбаланған екен (Сур. 2).

Төртінші үзж. Кей жазушы, журналистеріміз байыбына бармай: «Балуан Ғалиямен 1908-1909 жылдары жолыққан болуы керек. Ғалия 22-23 жаста» және «ата-анасы қызымен ақылдаса келіп, күйеуінен ажырасуын құп көреді. Бірақ күйеуі Біржан төлеген қалың малын даулайды. Оны төлеуге

Ғалияның әкесі Тілеудің жағдайы болмайды», – деуі де шындыққа жанаспайды (Балуан Шолақтың Ғалиясы, 2007: 121-125 б.). Өйткені 1852 жылғы Батыс Сібір округінің өткізген мал-жан санағына сүйенсек, әкесі Тілеубек Түтелбаев пен інілері Әзберген Түтелбаев пен Өмірбек Түтелбаевтардың дәулетті тұрғанын (ҚР ОММ. 375 қор, 88 іс, 374 қор, 52, 69, 94 істер) деректерінен білуге болады. Қазекемнің нақтылы малдарының санын жасырып, көрсетпейтіндігін және 35 жыл бойындағы мал өсімін ескерсек (Ғалия 1874 жылы туып, 14 жасында ұзатылған – С.О.) жоғарыдағы пікір негізсіз.

Бесінші үзж. Балуанның өмір тарихын зерттеушілердің бәрі Шөкеңнің Жетісу өңірінде бірнеше рет болғандығын ескермей, оншақты жыл болған деп жаңылысып жүр. Бұл туралы анық дерек алу үшін баласы Құдайберген Шолақұлына құлақ асайық: «Әкем атақоныс Үйсін еліне 3 рет барып қайтқан екен. Бірінші баруы – 1899 жылы Үйсін, Сыйқым-Жаныс еліне тоғыз сал-серімен барып, сауық-сайран құрып қайтады. Осы жолы өзіне шәкірт тауып, 15 жасар Кененге ағалық ақ батасын береді. Кенендей ән бұлағының көзін ашады. Екінші рет баруына себеп: 1909 жылы «Қайрақтыдан бастап жерімізді босатып, басқа жерге көшуге бұйрық алған соң, 50 үй үйсін екіге қақ айрылып, біразы Алатау өңіріне көшпек болды. Ақыры ел болып ақылдасып, ұлықтардың айтқан жерін көрмек болып, 15 шақты адам жолға шықтық. Орта жолда ыңылдап, іштей күбірлеп келе жатқан Шөкең: Ата-бабамның жерін, зиратын хохолға бастырта алмаймын. Мен дуадақ болып отыра алмаймын. Сендерге қал деп те айта алмаймын деп, – атының басын кері бұрды. Осылай біз көп поселкінің ортасында қысылып қала бердік. Ол кезде орыстар бейбастақ болғанына ешкім таласпас. Шолақ олардың бейбастақтығына көнбейтін. Өздігінен тимейтін. Тиіссе есебін тауып қан қақсататын. Шолақтың орыстардың бәріне қарсы болды дегені қателік. Көп жерде Шолақ орыстармен тату тұруды ақыл қып айтып отыратын. Сол қорлықпен Кеңес заманына да жеттік. «Бір ауыл, бір бауыр балып» қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын дәуірді көрдік. Бірақ, мұны Шолақ көре алмады дейді (Нұғыманов Сағынбай ақсақалдың естелігі. ӘӨИ*). 1914 жылы Балуан Шолақ Жетісу еліне інісі Тәуекелді атақонысымен табыстыруға



Сур. 3. Николай Романов ханзадамен (Николай II) кездесуге қатысқан Орта жүздің болыстары мен билері. Омбы, 1891 ж.

Fig. 3. Bolshheviks and dancers of the Middle Zhuz, who took part in the meeting with Prince Nikolai Romanov (Nicholas II). Omsk, 1891

әкелген соңғы сапарында, қырғыздарға өте алмай, Қордай асуында жаламен ұсталып, уезд бастығының қарулы әскері қамалап Алматыға алып келгенде:

Сәлем айт Мойынқұмның болысына,
 Ұры деп білдіріпті орысына.
 Арқаның еркін өскен «ақтаңгерін»,
 Балалты Мойынқұмның ұрысына.
 Осыдан қайта айналып келер болсам,
 Болысты қондырармын қонысына, –

деген өлеңі дәлел болады (ӘӨИ*. К. Қаңтарбайұлы. Шолақтанушы).

Алтыншы уәж. 1891 жылы патша мұрагері Николай II Александрович (1868-1918 жж.) Ресей тағы мен тәжінің мұрагері болып тұрған шағында, патша боларынан төрт жыл бұрын, Шығыс аймаққа тоғыз айлық сапарға шығады. Осы сапарынан қайтар жолда 1891 жылы шілденің 14-16 жұлдыздарында Омбы қаласында және оның маңында (Петропавловск қаласына) болады. Бұл туралы сол кездегі жергілікті баспасөз 1892 жылы шыққан «Дала уәлаяты» газетінде толық жазылып, «Акмолинские областные

ведомости» басылымында жарияланған. Патша мұрагерінің қай елде кімдермен кездескені туралы толық есеп күнделік жазба ретінде «Путешествие государя императора Николая II на Восток (в 1890-1891)» деген 1895 жылы шыққан кітапта берілген. 1855 жылы Император Александр II қабылдауында Шыңғыс Уәлиханов, Ыбырай Жайықбаев, Ерден Сандыбаев, Тәттімбет Қазанғаповтармен бірге Ықылас Дүкенұлы, Шөже ақындар барып, өнер көрсетіп жүлде алғаны тарихтан мәлім.

Кенже ұлы Құдайберген «Әкемнің бір жерде түскен суреті бар дегенге іздеп барып едім, жоқ болып шықты» дейді. Баласы Құдайберген әкесін суреттеуінде, Кенен атамның, Қырғыз балуаны Қожамқұл, Сәбит Мұқановтан бастап тағы басқа да көзкөргендер Балуанның «Бойы ортадан сәл жоғары, шымыр, төртпақ, мойыны басымен тұтаса біткен», – деп сипаттайды. Шолақты 1902 жылы көрген Битабар балуан: «Шоқша сақалы бар, тоқпақ мұрт, мойыны бұрылмайтын жуан, төртпақ қараторы кісі екен, менің балуандығыма риза болып, «жаның жамандық көрмесін, жауырының жерге тимесін!» – деп ақ батасын берген дейді.

Мемлекеттік архивтен табылған мына фотосуретке (Сур. 3) назар аударайық: солдан оңға қарай отырғандар көрмеге үй тіккен 5 болыс. Ортада қара тақиялы Жанайдардың Мейрамы, келесі қолына шляпа ұстаған Сағынайдың Паң Нұрмағамбеті. Екінші қатардағы екінші тұрған, үкілі, пұшпақ бөрік киген жас жігіт 32 жасар Балуан Шолақ болуы керек. Өйткені өзінің:

*«Мен Шолақ он сегізде өнер тапқан,
Ақ боз атқа үкілеп, тұмар таққам.
Пұшпақ бөрік басымда, шекемде үкі,
Жібек кидім үстіме шымқай ақтан», –*

деген өлеңі дәл келеді. Және 1891 жылы Омбыға патшаның соңғы мұрагері Николай II қазақ жерін аралап келуіне орай ұйымдастырылған салтанатта Балуан Шолақ өзі өнер көрсеткендігін:

*«Омбыға патша келді Россия,
Әмірін айта келді халқын жия.
Севрден сонда күшім асып кетіп,
Мен болдым жан шықпайтын биік қия», –*

деп жазған өлеңі Шолақтың цирктің бас балуаны Севрді жеңгеніне дәлел болады. Себебі Мәскеу циркінің труппасы әртүрлі ұлт өкілдерінен құралған. Демек, Омбы қаласында патша мұрагерінің келу құрметіне ұйымдастырылған цирк құрамында өнер көрсеткен балуандар ішінде Севр (Чемберс Ципс) деген негр палуанын жеңгені тарихи ақиқат.

Жетінші уәж. Шолақ туралы алғашқы еңбек жазған академик, жазушы С. Мұқанов пен өнертанушы, профессор Ахмет Жұбанов Балуан Шолақтың бәйбішесінің есімін бірі – қожаның қызы Балқаш десе, екіншісі Ғайниен дейді. Шындығында есімі Қаныкей Түкіқызы, Көкі руынан. А. Жұбановтың «Ғалияның ажары мен ақылы сай болмағанына, жеңілдікке сайып кетуіне көзі жетеді», – деген сөзі жала. Ондай деректі беруші Ғалияның күндестері, Біржанның туыстары. Қолы жетпеген Қондыбай байдың өсегі. Өйткені 2 жыл отасып, 16 жасында Біржаннан заңды түрде ажырасқан Ғалия Балуан Шолақпен Ақмолада молдаға барып некелерін қиғызады (С. Мұқанов. «Балуан Шолақ») және екі-үш жыл отасып бар қиыншылыққа төзіп, өзінің сәби сүйе алмайтындығын айтып, Балуанның бағын

байламау және соңына сөз ертпеу мақсатында Семейлік жылқышы Қалиға тұрмысқа шығады. Сол себепті 2014 жылы жарық көрген Балуан Шолақ Баймырзаұлы жинағындағы (Құраст. Ғ. Тәшімбай, Н. Қапалбекұлы. – Алматы, 2014). Шыққан жинақтың 135-беттегі Шойбек Орынбайдың «Сұрша қыз» әнінің тарихы атты мақаласындағы Ғалияның қызымын, әкемнің аты Сексен дегені ойдан шығарылған өтірік. Ғалия мүлдем бала көтермеген әйел. Сол себепті кейінгі күйеуінің бір қызын және ата-анадан бірдей айрылған немере ағасының екі ұлы Сартай мен Нұртайды бауырына басып, тәрбиелегені белгілі.

Сегізінші уәж. Аталмыш жинақтағы 96-бетіндегі Бағылан Бәбіжан ел естімеген жаңалық ашып, Балуан Шолақтың азан шақырып қойған аты ТҰРМАҒАМБЕТ дейді. Осы жинақтың 102-бетінде Ақмола облысынан Қалкөз Жүсіп 1864 жылы 11 желтоқсанда Нұрмағамбетті тудырады. 1856-б е т т е Битабар балуанды – Битабан деп, Ғалияның руы Қалыбекті – Көлібек деп қорлаған. Ал Дәкен Қасымжанов жалған деректерімен 162-бетте Нүкте қояды. Шындығында: Баймырзадан – Нұрмағамбет, Төлеубай, Тәуекел туады. Нұрмағамбет (Балуан Шолақтан) – Изажар, Бәтима (Бәтен), Құдайберген туады. Құдайбергеннен тараған ұрпақтары дін-аман Көкшетау, Бурабайда, Нұр-Сұлтан қалаларында тұрып жатыр. Архивтік құжаттардың деректеріне сүйенсек, Балуан Шолақ 1859 жылы 19 қаңтарда Ақмола округіне қарасты Қотыр Шортан елді мекенінде дүниеге келіп, 1918 жылы желтоқсан айында Красный кардон мекеніндегі өз үйінде, 60-қа қараған шағында дүние салған. (Яғни кенже ұлы Құдайбергеннің берген дерегі дұрыс – С.О.) (ҚРМОН 375 қор. 88 іс. 374 қор. 52,69,94 істер).

Интернет желісі, Википедия, Уикипедиядағы Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) Баймырзаұлы – тегі Ұлы жүз, Дулат, Шымыр, Сәмбет. Жамбыл облысы, Шу өзенінің бойы, Хан тәңірі тауының етегінде дүниеге келді деген дерек шындыққа жанаспайды, оған өзінің:

*Борық тартсаң шығады уыз сүті,
Қотыр-Шортан мен туған жердің құты.
Түскен екем шыр етіп жер бетіне,
Сұға барып түскенде орыс бұты, –*

деген өлеңі куә.



Әдебиеттер

1. ҚРММ 375 қор. 88 іс. 374 қор. 52, 69, 94 істер
2. Андреев Н.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. А., 1785. 77 с.
3. Сәдуақасов Т. Астана аймағы. - А. Дайк-Пресс, 2008. 249 б.
4. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. А., 1963. 120 б.
5. Балуан Шолақтың Ғалиясы. Өркен. 2007. 121-125 б.
6. ҚР ОММ. 375 қор, 88іс, 374 қор, 52, 69, 94 істер.
7. ҚРММ 375 қор. 88 іс. 374 қор. 52, 69, 94 істер.

References

1. QRMOM 375 qor. 88 is. 374 qor. 52, 69, 94 ister
2. Andreev N.G. Opisanie Srednei ordy kirgiz-kaisakov [Description of the Middle Horde of Kirghiz-Kaysaks]. A., 1785. 77 s.
3. Sádýaqasov T. Astana aimaǵy [Astana region]. - A. Daik-Press, 2008. 249 b.
4. Jubanov A. Zamana bulbuldary [Nightingales of the time]. A., 1963. 120 bet
5. Balýan Sholaqtyń Ğaliyasý [Baluan Sholak's Galiya]. Órken. 2007. 121-125 b.
6. QR OMM. 375 qor, 88is, 374 qor, 52,69,94 ister.
7. QRMOM 375 qor. 88 is. 374 qor. 52,69,94 ister.

Оспан С.К.

Национальный музей Республики Казахстан
НИИ «Халық қазынасы»
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: segiz.seri@mail.ru

Ospan S.K.

National Museum of the Republic of Kazakhstan
SIC «Khalyk kazynasy»
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: segiz.seri@mail.ru

ПРАВДА О БАЛУАН ШОЛАКЕ

О жизни поэта, певца, композитора, циркового жонглера и силача Балуан Шолак (Нурмагамбет) Баймырзаұлы (1859-1918) среди народа сложено не мало легенд. Существует разногласия по поводу места, года рождения и даты поездки в Жетысу, в поисках родственников. Также представлены новые факты о возлюбленной Балуан Шолака. Это жительница Акмолинской области Галия Тлеуқызы – коневод, мастер декоративно-прикладного искусства, прекрасная домбристика и певица. Данный научно-исследовательский труд поможет различить действительность от легенды. Научно-исследовательский труд автора основан на изучении архивных материалов.

Ключевые слова: Балуан Шолак, Галия, Битабар балуан, поэт-импровизатор, певец, композитор, оратор, борец, охота, ювелирное искусство.

THE TRUTH ABOUT BALUAN SHOLAK

About the life of poet, singer, composer, circus jongler and strongman Baluan Sholak (Nurmagambet) Baymyrzauly (1859-1918) there are quite a few legends among the people. Especially the disagreement about the place of birth, the year of birth and the time of the trip to Zhetysu in search of relatives. As well as new facts about the beloved Akmolat woman Sholak - kumyznitsa, horse breeder, weaver, skilfully owning harmony and dombra singer Galiya Tleukyzy. This research work will help to distinguish reality from legend. Since it is written on the basis of archival data.

Key words: Baluan Sholak, Galia, Bitabar baluan, poet-improviser, singer, composer, orator, wrestler, hunting, jewelry art.

Оспан С.К.
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
«Халық қазынасы» ҒЗИ
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: segiz.seri@mail.ru

ТУМАЙДЫ ЕНДІ ҚАЙТЫП ИМАНЖҮСІП

Сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі, халық композиторы, күрескер ақын, әнші, сал-серілердің соңғы тұяғы Иманжүсіп Құтпанұлының өмірі мен шығармашылығы туған еліне, жеріне деген ыстық махаббат пен сертке суарылған сеніммен сабақтас, тамырлас. Иманжүсіп жас кезінен-ақ жырға, шешендік сөзге құмар болып, сал, серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, палуан атанған. Суырып салма ақын, әнші болған. Әділдік, теңдікті ту еткен, сол жолда күрескен. Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәди әндерін тамылжыта шырқаған. Жаяу Мұса Иманжүсіппен талай рет жүздесіп, ақыл-кеңес берген, оған өлең де арнаған. Оның кең тынысты әндері халық арасында кең таралған. Соңғы жылдары, тәуелсіздік талаптарына сай, алмағайып заманда өмір сүріп, тағдыр тәлкегін көп көрген, қилы-қиямет ғұмыр кешкен тұғырлы тұлғаның өмірбаяны мен артында қалдырған мол мұрасын зерттеуге қатысты бірқатар игі жұмыстар атқарылуда. Дегенмен, біртуар бабамыз туралы, әсіресе туған жері мен туған жылы туралы халық арасындағы пікір екі ұдай. Осы тұрғыда автор архивтік деректерге сүйене отырып, оқырманға тың деректер, жаңа айғақтар ұсынады.



Түйін сөздер: *Иманжүсіп Құтпанұлы, халық композиторы, ақын, әнші, сал-сері, «Сармойын», «Иманжүсіптің толғауы».*

Биылғы барыс жылы қазақ халқы үшін айтулы мерекелерге толы. Қаздауысты Қазыбек бидің 355 жылдығы, қазақ халқының тәуелсіздігі жолында патша үкіметіне қарсы көтерілген соңғы хан Кенесары Қасымұлының 220 жылдығы, Алаш көсемі, ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы және Қазақ

республикасының құрылғанына 100 жыл толады. Қасиетті Ақмола өңірі қашаннан талантты бұлбұлдар мен дүлдүлдерге кеңде болмаған. «Осынау құтты мекенде Құлагердің даңқы жер жарды, Сағынайдың асы алты алашқа жайылды, Құлтуманың жыры шарқ ұрды, Сал Біржан мен Ақан серінің, Мәди мен



Ғазиздың, Өзембай мен Үлебай салдардың асыл әндері аспанға әуеледі. Балуан Шолақ, Иманжүсіп, Қажымұқан сынды алыптар өнерімен өрге жүзді. Сұңқар Сәкен қияға самғады. Тарихтың небір теперішін көрген талай буындар Есілге келіп ес жиған. Сарыарқаға келіп санатқа кірген, жағырапиялық жағынан ғана емес, жау шапса да, дау шықса да, қанаты барды күйдірген, тұяғы барды талдырған, перзенттерін қанаттыға қақтырмас, тұмсықтыға шоқтырмас, түлкі өтпейтін түлейге айналған, шетсіз-шексіз жеріміздің шын мәнісінде кіндік тұсы болған. Мұнда халқымыздың небір асыл ұлдары ынтымақпен басын қосқан», – деп өлке тарихын тереңнен зерттеп жүрген, ақын-қаламгер Тортай Сәдуақасовтан кейін бұл архив қойнауын 2011 жылдан бері мен де сүзіп келемін. Себеп – Ақмола түрмесінде Балуан Шолақ болған ба? – деген сұраққа жауап іздеу мақсатында басталған еді. Көптеген тың деректерге қанықтым. Бүгінгі әңгімеміз Ақмола топырағында дүниеге келген әнші, ақын, халық композиторы, салдардың соңы, халық қаһарманы Иманжүсіп Құтпанұлы туралы болмақ. *«Жел сөзге бала жастан болдым епті»*, – деп жас күнінен-ақ шешендік сөзге құмар болып, сал-серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, қамшыгер, палуан атанған Иманжүсіп – Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Мәди тәрізді әділет пен теңдікті жырлап өткен күрескер ақын-әнші. Өткен тарихқа тағзым ету ұрпақ парызы, енді нақты дәйектерді архивтік деректерге сүйе отырып сөйлетейін. Қазақстан республикасы Орталық Мемлекеттік архив құжаттары (ҚР МОМ 345-қор, 88-іс, 374-қор, 5269, 5294 істер): «1886 жылғы Ақмола уезіндегі санақ бойынша жоғарыдағы Қарабалық қыпшақтан тарайтын Айнабек ауылы, Күйгенжар мекенінде: Айнабек Қырғызбаев бастаған 8 үйлі жан тұрған; Матай ауылында: Матай Құлтаев бастаған 5 үйлі жан, Жанұзақ ауылында: Жанұзақ Қартабаев бастаған 17 үйлі жан, Байбала аталатын жерде, Құтпан ауылында: Құтпан Дайрабаев, Шоқпатар Тайкөшекөв, Шоқаман Бекенов, Сартай Сәрсембаев, Тоқымбай Қазанбаев, Ақшабай Құтпанов, Мұсатай Есболов, Ахмет Айнұрақов, Сүйінбай Исабеков, Мұхаметжан Айнұрақов, Бөгенбай Исабеков, Тоқжан Айнабеков (жесір), Шонай Құтпанов – барлығы 13 үйлі жан тұрған. Бұл ауыл – балуан, ақын, сал, күрескер Иманжүсіп Құтпанұлының елі. Имекең өзінің өмірбаяндық толғауында:

«Күйгенжарды ауылым жандай қонған,
Әкем Құтпан кезінде қандай болған?!...» –

деген жолдарында айтылғандай, Құтпан әулеті Күйгенжарды «жандай» қоныс етіп, Құтпан ақсақал «хандай» беделге ие болғандығының куәсі боламыз. Бұл дерек Ақмола уезі, Күйгенжар ауылы, Байбала аталатын жерде Құтпан Дайрабаев ауылында 13 үйлі қыпшақ рулы елі кейінге дейін Күйгенжарды мекен еткендігіне тарихи дәлел. Бұл күнде өткен тарихтың атақоныс белгісі болып сол елді мекендеген қыпшақ аталардың көне қорымы бар, ол қорымда Иманжүсіптің ағалары Ақшабай мен Шоңай жерленген.

1974 жылы күз айында Ақмоладағы Қуандық-Тоқа елінің 80 жасар сыйлы ақсақалы, палуан, ақынжанды, құдамыз – Сәдуақас Тоқаев ақсақал «Воздвиженкадан» келіп мені ескі базар маңайындағы бұрынғы мешіттің имамының үйіне қонаққа бірге ерте барды, қалың ақсақалдардың ортасында тарихи әңгімелердің бірінен-соң бірінің көбесі сөгілді. Әңгіме бір толастаған сәтте: мені, Жаңаарқадан келген әнші құдабалам деп таныстырған Сәдуақас ақсақал, өлең айтуымды сұрады, мен «Иманжүсіптің әнін» орындадым.

Бұл ән біздің елде «Екі жирен», «Бір келіншек», «Тау ішінде» тәрізді, екінші бірі орындайтын, бала күнімізден құлағымызға сіңісті болып кеткен ән болатын. Бір қария, менің бала кезімде әкемнен естігенім еді деп Иманжүсіп туралы әңгімесін бастады: «1893 жылдардың мұғдары, Ақмолада елімізді билеп-төстеген қара шекпенділерге халық наразылығы шегіне жетіп орыс-қазақ болып базар алаңында қалың төбелес болды (қару деген жоқ, тек жұдырықтасып, адал күш сынасу) сол төбелесті арашалаған болып жүріп, орыс полицейі қазақ жағынан бір қартты мерт қылады, оның арты үлкен дау-жанжалға айналады.

Халық губернаторға жүгінеді, ол қанына тартып, кінәлі полицейді қорғаштап: «Сендер батыр халықсыңдар ғой, қырық дүре соғып есеп айырысыңдар, өліп кетсе сұрауы жоқ», – деп кекетеді.

Қанға-қан деп ызаға булығып жүрген халық не істерін білмей дал болып тұрған сәтте, бір шеттен Иманжүсіп келе жатыр, – деген дауыс естіледі, шуылдасқан жұрт тына қалады. Мән-жайға қанық Иманжүсіп құныкер полицейдің қасына жорға тарлан-шұбар атын аяңдатып,

жақындайды. Сонда әкемнің байқағаны, әлгі орыстың алыптығы, бойы ат құлағынан асып тұрыпты.

Имекең сол барған бетте маңғазданып тұрған полицейді қамшымен қақ бастан бір тартып өтеді де артына қарамастан желе-жортқан бойы кете барады. Түкті ауыз өкірген қалпында ұзынынан сұлап түседі, сөйтсе, әлгінің бас сүйегін айырып жіберген екен». Бұдан кейін халық арасында «Өзірейіл Иманжүсіптің қамшысының ұшында» деген қауесет тарап кетті.

*«Бір қамшым бар қолымда сәліңгірдей,
Кейбір жаман сөйлейді әлін білмей.
Көп ішінде бір тентек жүрмеуші ме-ед,
Неге түстің соңыма бәрің бірдей», –*

деген жолдар осыған орай айтылған. Оны Қоянды жәрмеңкесінде жастықтың желігімен айыпты болып, ағасынан «қамшы жеген» інісі, күш атасы, Қажымұқан да сағынышпен мақұлдайды. Осыдан былай Имекеңнің халық арасында беделі бұрынғыдан да артып, «батыр» атанады. Алайда, бұл қанды уақиғадан кейін губернатор бастаған орыс шонжарлары өшігіп, оның соңына аңду қойып, жала жауып түрмеге қамамақшы болып сылтау іздейді.

*«Көп болды мені дұшпан табалаған,
Жабысып нақақ жерден жала маған.
Жүргенде Қараөткелдің көшесінде,
Көрем деп орыс, қазақ қамалаған», –* дейтіні сондықтан.

Оған дәлел қазір қолымдағы ҚР Мемлекеттік Орталық архив құжаты: (ҚР МОМ 333-қор, 1-іс, 13 бума) 1893-1894 жылдары алғашқы рет 23 жасар Иманжүсіп Құтпанұлы мен болыс 34 жасар ағасы Шонай Құтпановтың үстерінен «Саран болысының қырғызы Иса Әлғозиннің 2 жылқы, 2 сиырын ұрлады», – деген жалған айыппен Ақмола облыстық сотының қозғаған ісі бар, онда:

Аты-жөні: Иманжүсіп Құтпанұлы
Жасы: 23-ге
Туған жері: Ақмола уезі
Қызмет орны:
Тұрағы:

– деп жазылған. Тұрмыс жағдайы: Үйленгенмін, балам жоқ, деп толтырып қол қойған. «Аққа

– құдай жақ» демекші, сот нақты дәлел таба алмай ағайынды Құтпановтардың бастарын біраз әуре-сарсаңға салып, соңынан босатып жібереді. Бұл патша ағзам қолшоқпарларының «біздің құрығымыз ұзын» деген қоқан-лоққысы болатын. Өзінің «Ақмола туған жерім-ай» өлеңінде:

*Ақмола, қош-есен бол туған жерім,
Кір жуып, кіндігімді буган жерім.
Ертелі-кеш айқасып кәззартармен,
Сүмектеп маңдайымнан аққан терім, –*

деген жыр жолдары осы жағдайға орай айтылған.

«Қылмыстық іс» 1893 жылы 22 желтоқсанда қозғалып, 1894 жылы 17 ақпанда аяқталған. Іс 119 парақтан тұрады. Дерек көздері төменгідей:



ҚР ОММ Қор 333, жазба1, іс 313, бума 13



... и присовокупить, что вещественных по делу доказательств не имеется

ҚР ОММ Қор 333, жазба1, іс 313, бума 13



Мера принятая для пресечения обвиняемых способов уклоняться от суда на поручительство

ҚР ОММ Қор 333, жазба1, іс 313, бума 13



ТЕЛЕГРАММА

Покорнейше прошу уведомить положение дела по обвинению Кутпановых в грабеже и лишении свободы Исы Алгозина приостановить. Постановление приговора шлем объяснение к сему. Есть новые обстоятельства оправдания.

Кутпановы, Тлегеновы.

23 мая 1894 г. Озвучено телеграммой:

«Дело решено семнадцатого января».



ОПРАВДАНЫ.

№2234

Имекеңнің:

«Қысырақтың үйірі жирен-ала,

Орыс, қазақ байлары жапты жала», – деген өлең шумағы осы жағдайға орай жазылған.



Шоңай Құтпанұлының болыстық мөрі мен Иманжүсіптің қолы

Шоңай болыстығы болғандығын мына Ақмола уездік уақытша атқару комитетінің куәлігі растайды, онда:

УДОСТОВЕРЕНИЕ № 113

Предъявитель сего гражданин Джакеев Ермекбай Акмолинским уездным киргизским временным исполнительным комитетом назначен комиссаром и командирован в Чонайскую, Мунглинскую, Косагалинскую и Сарыгульскую волости Акмолинского уезда, для организации на местах милиции, органов народного суда, аульных и волостных комитетов, а так-же отобрать немедленно по приезду печати и знаки, присвоенные к ношению на груди от должностных лиц. Киргизские населения и крестьянские комитеты приглашаются оказывать назначенному комиссару всякое содействие при исполнении возложенных на него обязанностей.

Председатель С. Сейфуллин
 Секретарь Д. Адилов
 11 июня 1917 год. г. Акмолинск

деп жазылған бұл құжат 1917 жылы Шоңай Құтпановтың Ақмола уезінде әлі болыстық құрғандығына дәлел.

Акмолинский управитель – Джаикпаев, деп қол қойылған құжат. Іс 1893 жылы қозғалған, Иманжүсіп жасым – 23 деп көрсеткен, Шоңай – 34 те.

Қашанда ұланын ұлықтай білетін халқымыз, батырын жауға ұстап бермейді, қайта даладағы малшы-жалшылардан сәлем айтып әл-ауқаттарынша түстік асын беріп, құрмет жасап, хан көтереді. Кейіннен атақты Балуан Шолаққа да күн көрсетпеген охранның әккі бақылаушысы Захар деген теке сақал, (халықтың қойған аты «көк теке») Иманжүсіптің қыр соңына отряд алып түседі. Бірақ та Имекеңнің дақпыртынан үркіп, Кейкі атасы секілді бұл кісінің қол мергендігін білгендіктен Имекеңнің мысы басып, жақындауға именіп алыстан айбар көрсетеді екен.

Оның себебі былай болған, деп қария әңгімесін сабақтады: «Күндердің-күнінде Имекеңе қоршауға түсіп қалу қаупі туғанда көз ұшында топты бастап келе жатқан «көк текенің» фуражасын какардасынан атып түсіріп, иманына келтіреді, келесі кезек өзінікі



МӘДЕНИ МҰРА

екенін сезген офицер осыдан кейін тайсақтап қалады.

Соңындағы аңдудан құтылмаған соң Имекең орта жүзде, Алтай-Қарпық елінің ұзақ жылдар бойы (45 жыл) қадірлі болысы болған құрметті азаматы Телқозының Шоңының ауылы Қарағашты сағалап Жаңаарқа жаққа ойысып, бой тасалайды. Ақтау, Ортау, Қызылтау, Бұғылы-Тағылыны жағалап, Сейфолла Оспанұлы құрдасымен құс салып, аң аулап көңілін басады. Қара халықтың ықыласына бөленіп жүрген Иманжүсіп 1895 жылы болыстық сайлауға анау-мынау емес, ірі бай, руласы Жайықбаев Ыбырайдың ұлы Рахымжанмен түсіп:

*Сыйынамын, сақта деп құрған тордан,
Сен аянба, Рахымжан келсе қолдан.
Жараймын сеніменен айқасуға,
Алады бұл бәйгені аты озған! –*

деп оған сес көрсетеді.

Алайда, жасы отызға жетпеген деген сылтаумен болыстыққа сайланбай қалады (осы жағдайдан кейін өзіне 6-7 жас қостырып алғанға ұқсайды – С.О.). Имекең Қараөткелге бала-шағасын сағынып бір келгенінде, би-болыс, шенділердің азғыруымен Иманжүсіпке дос болып жүрген болыс, естек Мәтінің Шәрібі үйіне қонаққа алдап шақырып, сатқындық жасап, батыр қапылыста қолға түседі. Бұл оқиға жайында өзінің «Сармойын» атты әнінде:

*Жапалақ жарбаңдайды жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында.
Дос болып қас қылғаннан сақта құдай,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.*

*Ер емес, қатын екен, болыс Шәріп,
Мен болдым осы күнде тірі гаріп.
Бір арыз Гүбірнаға жіберіп ем,
Білмеймін не боларын арты барып.*

*Түйенің жығылуы, қойдан да оңай,
Қорыққанға қос көрінер жалғыз құрай.
Қолынан бейнеттің тартса қасқыр,
Сақтайтығын оны да «жаппар» құдай, –*

деп өкініп, соңында жасағанға сабырлық етіп, ер қанаты болған астындағы аты «Сармойынға» мұңын шағады. Жалпы, «Сармойын» әні Иманжүсіпті тартысқа толы өмірінің ең қиын, қапалы сәтінің өзін өршіл пафоспен осылайша

көтерді. Бұған Қайрат Байбосыновтай қуатты кең тынысты, алапат үнді әншінің ғаламат қарымы керек», – дейді өнер зерттеуші, композитор ағамыз Ілия Жақанов (Жақанов, 1995).

Келесі әңгіме кезегі «Бұғылы-Тағылы», «Ерейментау», «Сарыбел», «Әкем Құтпан», «Болған жастан» болып мәтіні сан-саққа түсіп жүрген өнерпаз халқымыздың ауыздан-ауызға таратып өңделген варианттары ақынның тағдырына байланысты түйдек (циклді) әндердің өзегі Атбасар түрмесінде шығарған «Иманжүсіптің толғауы» (С.О.) туралы болмақ. Арқадағы атақты 14 салдың біреуі, жаңаарқалық бәсентіін – Төлебай салдың туған жиені, әйгілі әнші Бұралқы Сейтқазин бұл әнді Иманжүсіп бабамыздың өз аузынан 1928 жылы үйренгенін және Имекең әнді Атбасардың түрмесінде жатқанда шығарғанын айтқан. Бұл ән 1955 жылы шежіреші-энциклопедист жазушы Асан Жұмаділдин мен Мәйкен Спатаеваның шаңырағында орындалып, оның мәтінін филолог ғалым – Әмәди Хасенов пен жазушы Асан Жұмаділдин, мұғалім Ахмедия Беспәев үшеуі кезектесіп отырып жазып алған Бұралқы Сейтқазиннің орындауындағы толық, төл мәтіні төмендегідей:

*«Жел сөзге бала жастан болдым епті,
Аралап жас та болсам көрдім көпті.
Тастайын қалың түбек ортасына,
Жөнінен гарыпшілік біраз кепті.*

*Нәсібем болған екен менің түзден,
Тұрғанда күдер үзіп ел-жұрт бізден.
Туған жер ішті бұрып, есті аударып,
Кетеді жас домалап екі көзден.*

*Қызығын талай көрдім қуат-күштің,
Басымнан қисабы жоқ өткен істің.
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім,
Көзімнен, уа, дариға бір-бір ұштың.*

*Секілді поштабайша маған болыс,
Сол үшін аударылды біздің қоныс.
Келгенде қолым қышып ұра бердім,
Демедім мынау казак, мынау орыс.*

*Болғанда әкем Құтпан, ағам Шоңай,
Қыпшақта туа бермес мендей құмай.
Келгенде захарланып бытырлаттым,
Демедім мынау казак, мынау ноғай.*

Келгенде жиырма беске жұрттан астым,
Талайдың менменсінген көңлін бастым.
Жолдасқа қасымдағы олжа салып,
Бір түнде сегіз қызды алып қаштым.

Бұл жалғанға мен қалай тұрақтайын,
Барамын лаулап жанып шырақтайын.
Неменің аузы түкті талайларын,
Бақыртып сабаушы ем лақтайын.

Мінгенім дәйім менің тарлан шұбар,
Жасымнан қисық іске болдым құмар.
Құдайым не салса да ризамын.
Махфузда бір періште жазған шығар.

Атымды атам қойған Иманжүсіп,
Абақты жатқан жерім жалын ыстық.
Ағайын, елім, халқым еске түссе,
Білмеймін не боларын, әлде нешік?!

Кісендеулі қол-аяқ кетті тыным,
Тар қапаста өксімен өтті күнім.
Торға түскен торғайдай тыпыршиды,
Жаңғыртқан Сарыарқаны қайран үнім!

Екі қарым жазылып, аяқ көсіл,
Бірі қалмай іштегі түйін шешіл.
Сенен кетіп барамын, қош-аман бол,
Мекенім, ата қоныс, қайран Есіл!

Үйім бар екі дуан арасында,
Жайым бар Атбасардың қаласында.
Он түйе, қырық бес тайға алған жарым,
Жәудіреп екі көзің қаласың да?!

Ауылым көшіп өткен арғы өткелге,
Жетер ме салсам қағаз Қараөткелге.
Құс салып, ит жүгірткен Ерейментау,
Айтамын әр нәрсені зары өткенде.

Ауылым Күйгенжарға жандай қонған,
Әкем Құтпан кешегі қандай болған?!
Жемейтін қазы-қарта қайран басым,
Түрменің қара наны балдай болған.

Ауылым Күйгенжарға қона алмайды,
Сотқа берген арызым оңалмайды.
Толғатып тоқсан қатын ұл тапса да,
Бәрі бір Иманжүсіп бола алмайды.

Еңбегім болған екен менің зая,
Жаратқан баршамызды бір құдая.

Паналап басар жерім болмаған соң,
Жапырақ біздің басқа болған сая.

Ақтау, Ортау, Атасу, Көктіңкөлі,
Жайлаушы еді жаз болса қонып елім.
Сағынғанда көзімнен бір-бір ұштың,
Ақ туын Кенесары тіккен жерім.

Абылай аспас арқаның сары белі,
Қуандық, сүйіндікпен жайлайды елі.
Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас,
Нияздың Аюлыда Қаракөлі.

Бұғылы, мен Тағылы бүркіт салған,
Ұйпалақтап қып-қызыл тұлкіңді алғам.
Сарысу, Ақтау, Ортау, Көктіңкөлі,
Көзімнен бір-бір ұштың дүние жалған.

Тау-таудың бұлақ ағар саласынан,
Тасыса кетер асып жағасынан.
Қызылтау, Баянауыл сен де есен бол,
Барғанда бет жылытқан панасынан.

Қысырақтың үйірі жирен, ала,
Орыс, қазақ байлары жапты жала.
Сүйіндікті бетке алып шыққанымда,
Тұрушы ең мен мұңдалап Ботақара.

Шідерімнің үш бұтағын атқа салдым,
Иманжүсіп атымды хатқа салдым.
Атаның ауыр дәулет арқасында,
Жанымды бір шыбындай отқа салдым.

Баласы мен Құтпанның Иманжүсіп,
Жасымнан осылайша қылдым кәсіп.
Ақшабай, Шоңай менен үшеу едік,
Кеттік қой, уа дариға, жапан кезіп.

Ішім жалын, бұл күнде, құр сыртым сау,
Көз жасым маған деген жаңбыр боп жау,
Басыңа бүркіт алып мен шығатын,
Көзіме бір көрінісі Ерейментау.

Көп болды мені дұшпан табалаған,
Жабысып нақақ жерден жала маған.
Жүргенде Қараөткелдің көшесінде,
Көрем деп орыс, қазақ қамалаған.

Күнім қайда кешегі таңдай атқан,
Ақмоланың базарын дабырлатқан.
Бидайықтай ілуші ем аққу-қазды,
Жарқанат болғаным ба, бұғып жатқан?!

*Қыран едім қор болдым қолға түсіп,
Аспаныңа шығар ма ем, бір күн ұшып.
Бар қатыны қыпшақтың ұл тапса да,
Тумайды енді қайтып Иманжүсіп.*

*Жаламенен жабылдым мен не дейін,
Тарқамастан барады ішкі шерім.
Алтау ала болғанда ер құрбандық,
Осымен тозғаның ба, қайран елім?!*

*Бір қамшым бар қолымда сәліңгірдей,
Кейбір жаман сөйлейді әлін білмей.
Көп ішінде бір тентек жүрмеуші ме ед,
Неге түстің соңыма, бәрің бірдей.*

*Жасап едім жасымда көп есерлік,
Зая кетті-ау дұшпанға қылған ерлік.
«Көп асқанға бір тосқан» – деген сөз бар,
Мінеки, қолмен ұстап көзбен көрдік», –*

(Спатаева, 1999) деп әнді аяқтаған Бүрекең: «Неменің аузы түкті» – деп отырғаны жаман орыстар ғой, деп иығын қимылдатып, мағұрлана түсіп:

– Мен бұл әнді өлеңімен 1928 жылы Иманжүсіптің өз аузынан үйреніп едім. Сол кезде ол кісі 58 жаста екен, ұзын бойлы, қарасұр жылдам кісі еді. Ат үстіне қарулы мықты адам, – деді Бүрекең.

– Бүреке-ау, мынау өнермен неге әртіс болмағансыз, – деген сұраққа: – Әртіс те болғанмын, 34-35-жылдары Қарағанды облыстық радио комитетінде Қали Байжанов, Қосымжан Бабақов, Жаңыл Қартабаева деген қыз бәріміз әнші болғанбыз, мен содан партия, кеңес қызметіне ауысып кеттім», – деп аяқтайды Бүрекең өз естелігін.

*Жаламен жабылдым мен не дейін,
Тарқамастан барады ішкі шерім.
Алтау ала болғанда ер құрбандық,
Осымен тозғаның ба, қайран елім, –*

дегенақынның жан айғайына араша түсерешкім болмады. Ақ патша заманындағы әкімшіл-әміршіл жүйе мен бай-манаптар билеген ортада әділетті жақтап, қара халыққа көсем боларлық тұлғалар: Иманжүсіп, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди секілді асылдарымызды бас көтертпей «конократ» деп жала жауып, оларды ауыздықтап ұстау, елден бездіру сол жүйенің ұстанған басты принципі болатын. Бұған ОММ

құжаттарымен жұмыс істегенде көзім әбден жетті.

Арыстарды туған топырағынан бездіріп, Иманжүсіпке – Өскемен, Талдықорған, соңында Қызылордаға тұрақтап, Тараздан топырақ бұйыруы, Балуан Шолақтың – Жаңаарқа, Жетісу, Қаратауда бой тасалауы, Жаяу Мұсаның соңынан қойған тыңшыдан құтылу үшін атаман Черняевтің жазалаушы отрядқа еріп кетуі, ал Мәдидің: «саясынан сайғақ құрлы сая таппай», торығуы, бәрі осы қуғын-сүргіннің кесірі еді. Осындай бастан өткен өкінішті әлеуметтік әділетсіздіктерге орай ғұлама жазушымыз Әбіш Кекілбаев «Жақсысын ұлықтамау, жайсаңын қызықтамау – өз ырысын өзі тепкендік, өз тілін өзі кескендік», – деген екен «Егемен Қазақстан» газетіне берген бір сұхбатында. Бұдан артық өткенге анықтама беру мүмкін емес шығар.

Келесі дерек Жамбыл облысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивіндегі (№ П-699) шифрлы істе: «1930 жылы Созақ көтерілісіне қатысқан» деген тергеу материалдарында Иманжүсіп Құтпанұлының өзімен бірге айыпталған бес адаммен бірге 1931 жылы 2 наурыз күні «үштіктің» шешімімен атылғаны туралы хатшысы Русаков қол қойған құжат бар. Құжат бойынша ОГПУ-дің жандайшаптары 1930 жылы 20 желтоқсанда бірінші рет және 1931 жылы 17 ақпанда екінші рет жауап алған, Имекеңнің берген жауабы:

Аты-жөні: Иманжүсіп Құтпанов

Туған жылы: 1863 жыл

Туған жері: Ақмола облысы, Жаңаарқа ауданы, №4 ауыл

Ұлты: қазақ

Партияда жоқ

Сауаты: шала сауатты

Тұрмысы: үйленген (7 адам)

Жұмыс орны: «Қос құдық» тармағында тасымалдаушы

Тұратын жері: Мойынқұм ауданы, Бурақазған деген жер, – деп екі ретінде де сот тергеушісіне жауап берген. Актісі тіркелген. Істі жүргізген ОГПУ бастығы Катков (П-699 іс).

Имекеңді туған ағасындай көріп сыйласқан Сәкеннің де 1937 жылы түбіне жеткен осы Катков болатын. Екі арыстың да ажалы бір адамнан болуы кездейсоқтық емес тәрізді көрінеді де тұрады маған.

Атам қазақта «Ауызы күйген үрлеп ішеді» деген мақал бар. Батыр бабамыз ОГПУ-дің туғандарын іздесе әуре-сарсаңға түссін деген «ішкі сақтығы» шығар дедік. Алайда батырдың «Иманжүсіптің әні» толғауында жер, су аттары өте жиі кездеседі. Ұлтжанды, үлкен жүректі қайраткер азамат қазақ даласының өзі ауасын жұтып, суын ішкен өңірін перзенттік махаббатпен, шынайы сезіммен жырға қосады:

*«Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған,
Ұйпалақтап қып-қызыл түлкіңді алған.
Ақтау, Ортау, Атасу, Көктіңкөлі,
Көзімнен бір-бір ұшты-ау, дүние жалған», –*

деген шумақтағы жер, су аттары қазіргі Қарағанды облысының Шет, Жаңаарқа аудандарының аумағы болса, өлеңдегі: Қараөткел, Күйгенжар, Есіл, Нұра, Ерейментау Ақмола төңірегінде. Иманжүсіп жырларында:

*«Тау-тастың бұлақ ағар саласынан,
Тасыса кетер асып жағасынан.
Қызылтау, Баянауыл сен де есен бол,
Барғанда бет жылытқан панасына», –*

деген шумағы Ертіс-Павлодар өңірін қашқын болып жүргенде паналағанын ғана аңдатады. Бұл әлі де түбегейлі зерттеуді талап ететін уәж. Иманжүсіп бабамыздың бізге жеткен әйгілі әндері: «Иманжүсіптің әні», «Сармойын», «Сарыарқа», махаббат гимні болған «Сейфіл-Мәлік» әні және кейіннен Қайрат аға тапқан «Батыр-ау» әнін қосқанда бес әні бар. «Сарыарқа» әнінің қосымша 3 нұсқасы, «Иманжүсіп әнінің» 6 нұсқасы. Кейінгі зерттеулерде Қазақ радиосының «Алтын қорынан» Манарбек Ержановтың орындаған әндердің арасынан «Ақмола туган жерім-ай» атты әнін таптым, сонымен барлығы 14 өнге жетті. Музыка зерттеушісі Александр Затаевич 1925 жылы Қызылордадан жарық көрген «Қазақ халқының 1000 әні» еңбегінде Иманжүсіптің өнеріне сүйсініп: «Өзінің батыр, палуандық қасиеттеріне қоса оған күмәнсіз музыкалық дарын

берген», – деп өте жоғары баға береді. Және бұл ән жинағына халық арасынан жиналған 6 әнін енгізген, олар: №196, 217, 449, 657, 758, 840 әндер (Затаевич, 1925).

Иманжүсіп әндерінің барлық нұсқалары Құрманғазы атындағы консерваториясының фольклорлық кабинетінде: 5-кассета, №124 «Сарыарқа» әні Юсупов Темірғалидың орындауында, 89-кассета, №3186 «Иманжүсіптің әні Токин Жақсылықтың орындауында, 148-кассета, №3166 «Иманжүсіптің әні» Мейірманов Дүйсенбайдың орындауында, 236-кассета, №4716 «Иманжүсіптің өлеңі» Тойшыбеков Зейнелдің орындауында, 309-кассета, №5986 «Иманжүсіптің өлеңі» Молдашев Бөлтіріктің орындауында, 501-кассета, №9236 «Иманжүсіптің әні» Үлкенбаев Нариманның (Айгүлдің әкесі) орындауында сақтаулы тұр. Мемлекеттік орталық архивтің сирек ұнтаспалар қорында және Қазақ радиосының «Алтын қорында» әндері сақталғаны қуантады. Иманжүсіптің «Сармойын» әнін «Қыз Жібек» операсындағы Бекежан сотқардан иесіне қайтару керек, – деп ән тағдыры үшін шырылдаған және «Иманжүсіптің әні» үшін Көркемдік кеңес мүшесі бола тұра, сол кездегі радио басшысы Кеңес Үсебаевпен сөзге келіп, жиырма жыл радионың бетін көрмей кеткен ұлы әнші Жүсіпбек Елебеков ақсақалға айтар алғысымыз шексіз. Қайтарынан бірер жыл бұрын өнер зерттеуші Лия Жақановтың арнайы шақыртуымен радиоға барып, Иманжүсіптің көп жыл үйінде сақтаған жалғыз фотосын әкеліп беріп, жаздырған шер тарқатар әндерінің ішінде осы «Бұғылы-Тағылы» әні де жазылып қалған. Барлық табылған 14 архивтік әндердің басын қосып «Иманжүсіптің әндері» атты CD диск шығаруыма арқау болды. Зерттеу барысында Иманжүсіп әндерін тауып, бірізділендіріп, нотаға түсіріп қыруар еңбек жасаған өнерпаз Базаралы Мүптекеевке алғысым шексіз. Өнерсүйер ұрпақтары барда Иманжүсіп мұралары болашаққа мирас болып қала бермек.



Әдебиеттер

1. ҚР Мемлекеттік Орталық архив құжаттары 345-қор, 88-іс, 374-қор, 5269, 5294 істер.
2. ҚР Мемлекеттік Орталық архив құжаты: 333-қор, 1-іс, 13 бума.
3. Жақанов І. «Иманжүсіптің музыкалық мұрасы», 1995.
4. Спатаева М. Біздің үйдің қонақтары. Алматы: Кенже – Пресс, 1999. – 121 б.
5. П-699 іс – Жамбыл облысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві № П-699 шифрлы іс.
6. Затаевич А. В. «Қазақтың 1000 әні». – Орынбор: КЭБ, 1925. – №196, 217, 449, 657, 758, 840 әндер.

References

1. QR Memleketтік Ortalyq arhiv qujattary 345-qor, 88-is, 374-qor, 5269, 5294 ister.
2. QR Memleketтік Ortalyq arhiv qujaty: 333-qor, 1-is, 13 býma.
3. Jaqanov İ. «Imanjúsiptiń mýzykalyq murasy», 1995.
4. Spataeva M. Bizdiń úidiń qonaqtary. Almaty: Kenje – Pres, 1999. – 121 b.
5. P-699 is – Jambyl oblysy Ulttyq qaýipsizdik komitetiniń arhivi № P-699 shifrlı is.
6. Zataevich A. V. «Qazaqtıń 1000 áni». – Orynbor: KÁB, 1925. – №196, 217, 449, 657, 758, 840 ánder.

Оспан С.К.

Национальный музей Республики Казахстан
НИИ «Халық қазынасы»
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: segiz.seri@mail.ru

Ospan S.K.

National Museum of the Republic of Kazakhstan
SIC «Khalyk kazynasy»
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: segiz.seri@mail.ru

ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСТВО ИМАНЖУСУП

Жизнь и творчество обладателя необыкновенного таланта, народного композитора, поэта-борца, певца Иманжусупа Кутпанулы неразрывно связаны с горячей любовью и верой в родную страну, землю. Иманжусуп с юных лет увлекался поэзией, ораторским искусством, поддерживал традиции сал-сері, становился борцом. Был поэтом-импровизатором, певцом. Исполнял песни Биржан сала, Акана серә, Укили Ыбрая, Балуан Шолака, Маді. Жаяу Муса много раз встречался с Иманжусупом, давал советы, посвящал ему стихи. Его песни широко распространены среди народа. С момента обретения Независимости в Казахстане создаются условия для изучения жизненного и творческого пути выдающейся личности, жившей в трудные и непростые времена. Существуют разногласия о происхождении Иманжусупа Кутпанулы, в том числе о месте и дате рождения. В этом контексте автор, опираясь на архивные данные, предлагает читателю новые данные, новые свидетельства.

Ключевые слова: Иманжусуп Кутпанулы, народный композитор, поэт, певец, сал-сері, «Сармоин», «толгау Иманжусуп».

LIFE AND WORKS OF IMANZHUSUP

The life and work of the owner of extraordinary talent, folk composer, wrestling poet, singer Imanzhusup Kutpanuly are inextricably linked with ardent love and faith in his native country, land. From a young age, Imanzhusup was fond of poetry, eloquence, supported the traditions of salseri, and became a fighter. He was an improviser and a singer. He sang songs of Birzhan sal, Akan seri, Ukili Ybyray, Baluan Sholak, Madi. Zhayau Musa met with Imanzhusup many times, gave advice, dedicated poems to him. His songs are widely circulated among the people. In recent years, in accordance with the requirements of independence, a number of good deeds have been carried out related to the study of the biography and heritage of a great man who lived in troubled times, who saw a lot of fate, who lived a difficult life. However, the opinion of the people about his origin, especially about the place and year of birth, is ambiguous. In this context, the author, relying on archival data, offers the reader new data, new evidence.

Keywords: Imanzhusup Kutpanuly, folk composer, poet, singer, sal-seri, «Sarmoin», «Tolgau Imanzhusup».

Жақан Ә.Қ.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан
e-mail.ru: alim.zh@mail.ru

ӘЛЕМДІК ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ШЫҢҒЫС ХАН БЕЙНЕСІ

Шыңғыс хан – Екінші мыңжылдықта бүкіл Еуразияны өз билігімен жаңа арнаға бұрған тарихи тұлға. Мақалада автор Шыңғыс ханның әлемдік шығармалардағы әдеби-көркем бейнесіне талдау жасайды. Бурятияның халық жазушысы И. Калашниковтің, белгілі прозаик В. Янның, Жапонияның танымал қаламгері И. Ясашидің шығармаларына тоқтала келіп, сол шығармаларды назарға ала отырып, қаған бейнесінің сомдалу ерекшелігіне тоқталады. Тарихи шығарма – тарихтың өзі емес, көркемделіп берілген түрі. Онда тарихи тұлға да, дәуір де мүлде басқа бір қалыпта көрініс береді. Дегенмен қаламгер өзі өмір сүрген замандағы тарихи ұғым, әлеуметтік танымнан ұзап кете алмайды. Мақала авторы әр кезеңде жазылған, жоғарыда аталған Шыңғыс хан туралы көркем туындыларды осы тұрғыдан сараптайды. Шыңғыс ханның тұлғалық бейнесін жан-жақты ашуға талпынады. Сондай-ақ, Шыңғыс ханның өміріне, жеке басына қатысты қызықты мәліметтерді сараптай отырып, өзіндік тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: *әлем әдебиеті, Шыңғыс хан, тарихи тұлға, «Моңғолдың құпия шежіресі», И. Калашниковтің «Сұм заман» романы, В. Янның «Шыңғыс хан» романы, Иноуэ Ясашидің «Көкжал» романы.*

Тарих қойнауына көз салсақ, талай тарлан тұлғалардың өмір сүргендігін байқаймыз. Олардың жасаған жұмыстары, іс-әрекеттері – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Уақыт озған сайын оларға қатысты деректер, мәліметтер, әңгімелер тоқтаусыз жаңғырып, сан салалы көптеген туындыларды өмірге әкелері ақиқат. Бір қызығы, сол туындылар екі бағытта дамиды. Алғашқысы тарихи дереккөздер болса, екіншісі – көркем шығарма. Біріншісін аз ғана орта, анығырақ айтқанда, тарихшылар, қажеттенген зерттеушілер оқыса, соңғысы жалпы халықтың рухани азығына айналады. Нәтижесінде тұлғаның тарихтағы атынан гөрі әдебиеттегі бейнесі көпшіліктің серігіне айналады.

Адам тәнінің қажеттілігін өтейтін материалдық игіліктердің орны бар да, жан сұранысын өтейтін, рухани сұраныстан туындайтын өнер туындыларының атқаратын қызметі бар. Бұл орайда жазушы шеберлігі бірнеше жайтпен бетпе-бет келіп ұшырасады. Тарихи нақты шындық және бастау көзінде көркемдіктәсілдерге ұмтылатын жазушы қиялы, тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасы, бірлігі. «Тарихи дәуір шындығы тек тарихи шығармалар құрылымында ғана емес, бүгінгі күн тақырыбына жазылған туындылардың сюжеттік және композициялық желілерінде де кең көрініс тауып отыр. Соған орай, қазақ әдебиетінің жеткен биігі мен асқан



асуын анықтауда, пайымдап бағалауда тарихи өткен дәуір шындығын суреттеуге арналған шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін арнайы қарастырудың маңызы жоғары екендігінде сөз жоқ» (Кәрібаева, 1984: 3), – деген пікірге сүйенсек, көп нәрсеге көз жеткіземіз. Өз шығармасының көркемдік шешіміне қаламгерді жұмылдырған да – тарихи тұлға және оның тұсындағы тарихи-әлеуметтік жағдайларды туындатқан іс-әрекеттер жүйесі.

Танымал тұлғалардың танылу деңгейі барлығында бірдей емес. Соған сәйкес, тарихтағы орны да әртүрлі. Ол жағдай өміріндегі істеген ісіне, еңбегіне, талабына, болмысына қарай ерекшеленеді. Шыңғыс хан – әлемге танылған тұлға. Оның бірден-бір көрінісі көптеген елдерде жарыққа шыққан көркем туындылардан аңғарылады. Мәселен, «Моңғолдың құпия шежіресі» тек қана моңғолдарға тән деп тұжырым жасауға болмайды. Шыңғыс ханның өзі мен маңайы туралы жазылған шығарманың алғы сөзінде: «Моңғолдың құпия шежіресі» әлемдік әйгілі көне мұралардың қатарына жатады. Моңғол әдебиетінің «үш асқарының бірі» саналатын бұл тарихи құпия шежіре тек моңғол тайпаларының ғана емес, күллі көшпелі халықтардың да ортақ мұрасы десек, асыра айтқандық болмас еді» (Моңғолдың құпия шежіресі, 1979: 5), – деп айқын айтылған. Әрине, әлемнің белгілі бір бөлігін өзіне бағындыра білген тұлға туралы туындыларды бір елдің ғана аясында қарастырсақ, тарихқа да, көркем шығармаға да, авторға да жасалған қиянат болар еді. Олай болса, Шыңғыс хан жайлы жазылған прозалық, поэзиялық, драмалық туындылар әлемдік тарихтың ағынын аңдатқан шығармалар болса, олардың авторлары танымал зор, таланты мол, сол дәрежеге сай өнерпаздар болмақ.

Егер Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген уақыт ішінде қаламгердің көркем шығарманың мазмұны мен пішініндегі бұрынғыдай саяси, идеологиялық қатаң бақылаудан, түрлі шектеулерден, тарихты, өктем идеологияны, маркстік-лениндік әдіснаманың қалауы бойынша бұрмалап көрсету элементтерінен арылғанын ескерсек, біз қарастырған шығармалардың тәуелсіздікке дейінгі уақытта дүниеге келгенін қаперімізде ұстауымыз қажет. Яғни, қаламгер шындықты тікелей айтуға мүмкіндігі шектеулі болғандықтан,

ақиқатты тұспалдап, ишара, емеурінмен астарлап жеткізуге тырысты. Сондықтан Шыңғыс хан тұлғасына қатысы бар қазақ қаламгерлерінің шығармаларында авторлық ұстаным, дүниетанымнан туындайтын көркемдік шешімде, идеялық бағытында алуан түрлі бағыт бар екенін байқау қиын емес. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» және «Алтын Орда» трилогияларында Шыңғыс хан заманында кейінгі бертіндегі уақыт хронологиялық, панорамалық сипатпен берілген. Жанры жағынан тарихи роман-хроникаға жататын Есенберлин романдары тарихи оқиғалар ішінен ең өзекті де күрделі, күрмеуі қиын тұстарын өнер тіліне көшіру барысында тарихи сабақтастықты басты назарда ұстаған, соның нәтижесінде тарихи романдарында қалай болғанда да тарихи желіні бұзып алмас үшін, Шыңғыс хан бейнесіне үнемі оралып, бірде ол туралы аңыз-әңгімелерді, бірде ол айтқан жаса – қағида, ережелерді, бірде шегініс тәсілін кешенді түрде беріп отыруға тырысқан. Осы тұста тағы бір мәселеге пайыммен үңілген абзал: ол – кешегі уақыт пен кейінгі уақыт арасындағы түбегейлі өзгерістер сарыны, мәңгі-бақи салтанат құруға тиіс уақыт ұғымының бойындағы диалектикалық бірліктің шытынауы.

Неге Батый уақыты Шыңғыс хан уақытындағы ұстаным, саясаттан өзгешелеу? Неге Шыңғыс ханның XV ғасырдағы ұрпағы Әбілхайыр хан қарадан шыққан Саян батырға өлім жазасын кесуге тартыншақтайды? Демек, Есенберлин романдарында, тұтастай алғанда, кеңістік біреу болса да, уақыт ұғымының әсерімен халық болмысына өзгеріс ене бастаған, яғни сана категориясы бірінші кезекке шыққан. Сана дамуында эволюциялық сипат бар. Автордың әлсін-әлсін Шыңғыс хан бейнесіне түрлі тәсілмен оралып отыруы осы сана ұғымының, уақыт пен адам, қоғам мен халық байланыстарының ішкі иірімдеріне, диалектикасына үңілуден туған.

Осы орайда салыстырмалы түрде әлемге белгілі шығармалар жайында ой-пікірлерімізді ортаға салғанды жөн көрдік.

Бурятияның халық жазушысы Исай Калашников белгілі туындылардың бірі «Сұм заман» («Жестокий век») романын жазып шығу үшін, өзінің он жыл өмірін арнапты.

Романды оқырман қауым жылы қабылдап, аз уақыттың ішінде көпшіліктің сүйіп оқитын

шығармасына айналды. Қазақ тіліне аударған Нұрғазы Шәкеевтің аудармасынан «Жалын» журналында «Қуғыншылар» деп аталатын тарауы жарияланды. Тараудың басында-ақ Шыңғыс ханның ішкі жан-дүниесін, негізгі қалаған арманын жазушы ерекше шеберлікпен аша білген. Теб-тәңірден ханға қарны тоқ, көйлегі көк, жаны жайлауда жатқан көшпелі елге не қажет деген хабарды жеткізеді де: «Темужин енді төрт бала – төрт ұлдың әкесі... өз ұлысына осылардың бір де бірі мұрагер боп қала алмас па?» (Шәкеев, 2002: 109) – деп қиналғанын келтіреді. Яғни ханның мақсаты әлемді алу еді, соған жетуге жол ашуда, бірақ ой терең, арман алыс, өзінен кейін де болатын мұрагер керек. Ойын балалары Шағатай мен Үкітайдың «Асықтары – қора-қора қой, табын-табын жылқы, ал аяққа киетін мәсі – пәуеске боп кетеді» (Шәкеев, 2002: 109). Бұл – Шыңғыс ханның арманы. Арманшыл ханда қатыгездік те бар. Себебі мақсатқа жету үшін, бөгет болатын жағдайларды бұзып-жарып өту керек. Уән-ханның інісі Жағамбу көмек сұрап келгенде, Шыңғыс үзілді-кесілді бас тартады. Ренжіген оған былай деп жауап береді: «Көмек сұрап тұрған жақсылық жасаған ағаң емес, көмек сұрап тұрған сенсің. Айырма бар ма, жоқ па?» (Шәкеев, 2002: 114). Жазушы өте орынды көрсеткен. Өйткені оның кейіпкері – қарапайым көптің бірі емес, әлемге танылған тұлға. Ал ондай бейнені солқылдақ етіп суреттесе, образдық тұлғасына нұқсан келері хақ. Көркем шығармадағы хан – қарапайым адам емес, әрі қаһарлы, әрі қатты, әрі жүректі, сонымен қоса тілге шебер шешен адам. Автор оның сөзге шеберлігін талай тұстарда таныта білген. Соның бірін Жағамбуға берген жауабынан көруге болады: «Мейір төгіп қолда хандықты емес, қатынды ғана ұстауға болар, жігітім» (Шәкеев, 2002: 114). Өткір де ұтқыр айтылған жауап. Бұған қайырма қайтару қиын. Жазушы да осы мақсатты нысана етіп алған.

«Сұм замандағы» Шыңғысханның бойында кемшіліктер де баршылық. Өйткені ол да – адамның баласы, бір тұстарда дұрыс шешім қабылдаса, кей жерлерде шатасады, қателеседі. Яғни, жазушы өз кейіпкерін жасанды емес, табиғи етіп көрсету үшін, сыңаржақ етіп шығармай, тіршілік тынысымен сабақтастыра суреттеген. Егер оны кемшіліксіз кемеңгер етіп көрсетсе, ол реалистік емес, романтикалық кейіпкерге айналып кетеді. Сондықтан автор

төмендегідей детальды әдейі енгізген: «Хан ордасына сүйрелеп мыршапты әкелді. Үрей қалмаған бұл бейбақ: «Көрген жоқпын. Білген жоқпын» дегенді ғана қайта-қайта қайталап, қалш-қалш етеді. Ашу-ызадан не болғанын білмей кеткен хан: «Мынаның басын қағып тастандар», – деп бұйырды» (Шәкеев, 2002: 139). Жазықсыз жанды жазалау – үлкен қиянат. Дәл осы тұсты оқыған кезде кейіпкер ханды ақымақ екен деп ойлайсыз. Ақ-қараны ажыратып алмай асығыс шешім қабылдау – ел билеушінің тұлғасына жараспайтын іс. Ендеше жазушы мұндай қадамға неге барған? Оның белгілі себебі бар ма, әлде тарихи деректен алған ба екен? Айтылған сұрақтарға жауапты романды әрі қарай оқығанда байқаймыз: «Бірақ бұл іске аяқ астынан анасы араласа кетті. Аңырай жеткен ана:

– Өлтірме жігітті! – деді қатулы түрде. – Оның кінәсі жоқ. Нағыз кінәлінің кім екенін мен білем.

– Кім болды ол?

– Кім екенін мен сенің өзіңе ғана айта алам.

Хан жұрттың бәрін үйден шығуға бұйырды.

– Шіледуді зынданнан алып шығып, азат еткен мына мен болам» (Шәкеев, 2002: 139).

Қандай қатыгез, қандай қатты әрі мейірімсіз болса да, Шыңғыс хан – анасының алдында бала. Бір ауыз қарсы сөз жоқ, шешенің сөзін үнсіз тыңдап, сабасына түсіп, айтқанына мойынұсынады. Қара ғана емес, хан да анадан туады. Олай болса, өзге бір төбе болса, анасы – бір төбе. Ана сөзі – сондықтан Шыңғыс үшін заң. Бұл тұста ханның бір мәрте парасаттылығы, ата-ананы құрметтейтіндігі айқын көрініс береді. Әрине, жазушы өзге де тәсілдерді қолдану арқылы ананы құрметтеуді көрсетуіне болар еді. Бірақ қолданған әдіс ерекше. Өйткені ол ашу-ызаның ең жоғарғы шарықтау шегіне жетіп, кінәлінің көзін жоюға ел алдында серт етіп, шешім қабылдаған шақта, жазықты анасы болғанын білген кезде бірден райынан қайтады. Яғни, Шыңғыс біз ойлағандай қайтпас қатыгез емес екен, ашуын ақылға жеңдіріп тоқтата алатын, егер алдындағы адам ой салар сөз айтатын деңгейде болса, оны ақыл таразысына салып салмақтай алатын тұлға болып шығады. Бұл, әрине, жазушының шеберлігін айғақтайды.

Тарихта аты қалған тұлғалардың бейнесін жасау оңай емес. Өйткені шығарма тарихи



болғандықтан, негізгі өзек тарихи деректерден ауытқымау керек. Яғни, қиял қалай тартса, солай сілтеуге болмайды. Басты бағытты ұстана отырып, көркем дүние туғызу мол тәжірибені, жан-жақты ізденісті қажет етеді. Сондай жағдайда тапқырлық түрлі детальдар арқылы іске асып жатады. Жалпы, ел билеушілердің бейнесін жасағанда жиі кезігетін қолданыстар – олардың өздігінен шұғыл шешім қабылдауы. Шыңғыс хан бейнесі де осындай сипаттардан тысқары емес. Мәселен, шайқаста жеңіске жеткен әскерлерінің жеңімпаз рухын түсірмеген күйінде келесі жорыққа аттануы біздің бұл пікірімізді айғақтай түседі: «Асығу керек, хан-әке. Мен сенің ұлың ретінде былай ойлаймын, Ерис-қараға қазір аттану керек.

– Неге олай дедің, Темужин ұлым?

– Біз Тохо-бекті алып ұрдық. Бұл жайында хабар дала әлеміне әзір-ақ жайылады. Сөйтіп, жауларымыздың үрейін алып, зәре-құтын қашырмақ. Біздің ең мықты жауынгеріміз де осы – үрей. Өзің мені бір кездері солай үйретпеп пе едің, хан-әке...» (Шәкеев, 2002: 144). Осы бір шағын көріністе жазушы үш түрлі жайтты аңдатып тұр. Біріншісі – жоғарыда айтып өткеніміздей, қысылғанда қиыннан жол тауып, басшыға тән шұғыл шешім қабылдаушылық. Яғни, бірден жауға аттану керек. Екіншіден, соғыс тәсілін жетік меңгерген, сан соғысты басынан өткеріп әбден шыңдалған, қандай жағдайда нені құрал етіп қолдану керектігін аңғара білетін тәжірибелі қолбасшыны көреміз. Үшіншіден, жақсылыққа жақсылықпен жауап бере алатын, қиналғанда қол ұшын берген адамның жасаған көмегін бағалай білетін, ұстаз алдында өзінің әркез шәкірт екендігін естен шығармайтын, тәрбиешісін құрметтейтін, сыйлайтын сындарлы қамқоршыны байқаймыз. Шағын детальмен сан қырлы сипатты танытатын шеберлік – толысқан тәжірибелі жазушының ғана қолынан келетін құбылыс. Ғалым Ш. Елеуқенов былай дейді: «Тарихи роман өткен оқиғаларды тартымды етіп баяндап берумен шектелмеуі тиіс. Тарихи шығармада адам характерлері мен оқиғалар тығыз байланысып, сол арқылы халықтың, ұлттың жан дүниесі ашылып отырады» (Елеуқенов, 1977: 99). Олай болса, И. Калашниковтің бұл романы тек қана Шыңғыс ханның бейнесін сомдап шығумен шектелмейді, сол замандағы халықтардың әл-ауқаты мен тыныс-

тіршілігінен, таным-түсінігінен де мол хабар береді.

Шыңғыс хан туралы жазылған тағы бір толымды туынды – В. Янның «Шыңғыс хан» романы. Аталмыш романның бір ерекшелігі – онда Тимучиннің өмірге келуі, балалық шағы, қалайша Шыңғыс хан аталғандығы арнайы айтылмайды. Негізгі мақсат – ханның жорықтары, шайқасы, жаулап алуы. Сонымен қатар ұлы шабуылдың алдындағы Орта Азиядағы саяси-әлеуметтік жағдайлар, іргелес жатқан тайпалардың, халықтардың өзара қарым-қатынасы, ішкі-сыртқы байланыстары белгілі бір деңгейде суреттелген. Бірақ мұнан шығармада Шыңғыс хан бейнесі толық ашылмаған екен деген ой тумауы керек. Тарихи тұлғаның бейнесі барынша жан-жақты сипатталып, іс-әрекеттер арқылы әдемі көрініс тауып отырған.

Жазушы жеңілген елдің көзқарасын қолдану арқылы Шыңғыс ханның тұлғасын аша түскен. Ол ешқандай соғыста жеңілмейтін, шегіну дегенді білмейтін, алдына қойған мақсатына жетпей тоқтамайтын, қаһарлы, қайратты әрі қарсыласқанды аяусыз жазалайтын, талқандайтын, қатыгез бейне түрінде көрінеді. Хан қаһарынан қашып келіп, Жалаладдинді паналаған, жараланған адам елшінің алдында жатып оған өз ойын жеткізеді: «Сильные племена с их жадными ханами отобрали у нас зеленые пастбища, где теперь бродят чужие табуны жирных коней и стада быков и овец. А дел моего бедного, слабого кочевал остались только тернистые годы и скалистые ущелья. Там стада зачахли, лоредела, кони исхудали и шатаются от слабости. Во всем виноваты надменные ханы и их главный каган Чингисхан, Краснобородый, непобедимый, уводящий народ монголов в другие страны для грабежа вселенной» (Ян, 2003: 79). Енді осы үзіндіге назар салып көрелік: «сильные племена» деген тіркесті оқығанда-ақ біраз мәселенің бағытын аңғаруға болады. Олар неге әлді де, бұлар неге әлсіз? Барлығы да адам баласы емес пе? Әрине, жауап біреу. Ел басқарған ханы мықты, ұйымдастырушы, саясаткер, көптің басын біріктіріп бір іске жұмылдыруға шебер. Мәселе осында жатыр, яғни бұл – Шыңғыс ханның бір қыры. Тағы да байқап көрелік: «Чингисхан краснобородый» деп неліктен айтылып тұр? Әлемге әйгілі болған зор жорықты бастаушы, елді мекендерді

жаппай жаулап алушы, көптеген ұлыстарды өзіне бағындырып, Орта Азия жерінде үлкен әрі әлді мемлекетті құрушы – Шыңғыс хан. Яғни, жаулап алушы немесе соғысқұмар хан, сондықтан «краснобородый» деп жазушы шеберлігінің арқасында бір-ақ ауыз сөзге сыйып тұр. Сонымен қатар ол «непобедимый». Бір елді жеңіп, екіншісінен жеңіліп жатса, мұндай ат ала алмас еді, яғни жеңімпаз. Ал жеңімпаз болу кез келген ханның қолынан келе бермеген. Ол үшін туа біткен ерекше талант керек, ұтқыр да ұшқыр болуы қажет. Шыңғыстың бойында осы айтылған ерекшеліктер болғаннан кейін, жазушы оны «непобедимый» деп беріп отыр. Енді үзіндінің соңындағы сөздерге назар аударып көрейік: «Уводящий народ монголов в другие страны для грабежа вселенной». Бұл тұста да жазушы «вселенная» деген сөзді тегін қолданып отырған жоқ. Шыңғыс хан – әлемді жаулаушы. Ол өзінің маңайымен ғана шектеліп қалған жоқ. Бір шеті Қытай, екінші шеті Еуропаға дейінгі аймақты бағындырушы. Оның ойы да, мақсаты да және жеткен жері де – сол. Олай болса, автордың алған сөзі, өзінің лайықты орнын тапқан. Осыдан кейін барып автор Моңғол мемлекетін былайша суреттейді: «Теперь царство Чингисхана похоже на озеро, переполненное водой, которое едва сдерживаемое платиной» (Ян, 2003: 80). Неге бұлай? Өйткені оны құрушы – Шыңғыс хан. Мемлекеттің мықтылығы билеушіге байланысты. Ендеше Шыңғыс хан бейнесі осы көрініс арқылы тағы бір қырынан танылып тұр.

Шебер қаламгер өз кейіпкерінің бейнесін сомдау барысында бір немесе екі, тіпті болмаса үш түрлі тәсілді қолданумен шектелуі мүмкін десек, қателескен болар едік. Өйткені неғұрлым тәжірибесі мол адам солғұрлым жан-жақты болады. Шамалы ғана тәсілдің төңірегінен шыға алмайтын жазушының туындысы да айтарлықтай тартымды бола қоймайды. Ал В.Ян шеберлігінің бір қыры оның кейіпкер тұлғасын танытудағы мүмкіндігінің молдығында жатыр. Соның бір көрінісін мынадай суреттеуден байқауға болады: «Хранитель печати, уйгур Измаил-Ходжа, подал печать кагана. Это была нефритовая фигурка тигра, стоящего на золотом кружке, смазанном алой краской» (Ян, 2003: 132). Бұл үзіндідегі бізге қажеттісі – мөрдін суреттелуі. Алдымен назарға түсетін тіркес «нефритовая фигурка тигра» – асыл тастан жасалған жолбарыстың пішіні. Нефрит – асыл

тас, ертедегі Қытай елінде оны өте қасиетті деп санаған. Әртүрлі түсте кезігетін тастың қызыл түрі табиғаттың ауыр апаттарынан сақтайды деп саналған. Ол – аспан мен жердің, даналық пен мәңгіліктің тасы деп есептелінген. Яғни, мөрдін нефриттен жасалуының өзі көп нәрсені аңғартып тұр. Біріншіден, қасиетті тасты қасиетті адам ғана ұстайды.

Екіншіден, Шыңғыс хан адамзат тарапынан келетін қатерден қауіптенбейді. Өйткені өзгелер онан қорқады, табиғи апаттан ғана сақтанатын адам ретінде суреттеліп тұр, үшіншіден, ол аспан мен жерде құрметті, даналық бойында, аты мәңгілікке кетеді. Міне, жазушы бір ғана асыл тасты қолдану арқылы ханның қаншама қырларын ашуға жол сілтеп тұр.

Енді «тигр», яғни жолбарыс не мақсатпен алынған? Жолбарыстың жыртқыш аң екені баршаға мәлім. Ол өзінің көздеген нысанасына шапқанда, оны алмай тоқтамайды. Оны ызаландырса, майып қылады. Олай болса, мөрдін жолбарыс пішінді болуы ханның ішкі жан-дүниесі мен іс-әрекетін танытып тұр десек, артық айтқандық болмас. Мөрдін тұғыры – алтын шұқыр, Шыңғыстың тұрағы – Алтын Орда. Бірақ сол алтын шұқыр қан түстес қызыл түспен боялған. Мұның астарында қандай аңдатудың жатқандығы айтпаса да түсінікті. Сонымен, жазушы келтірген бір ғана сөйлемнің аясына Шыңғыс хан бейнесін сомдауға қатысты қаншама суреттерді сыйғызып тұрғандығын көріп, таң қаласыз.

Әлемдік әдебиетте танылған тамаша туындылардың келесісі – Жапонияның белгілі жазушысы Иноуэ Ясашидің «Көкжал» атты романы. Роман тұңғыш рет 1960 жылы жарық көріп, 1990 жылдардың басына дейінгі аралықта он сегіз рет қайталанып жарияланған. Бұл көрініс көпшілік тарапынан болған сұраныстың жай-күйін аңғартады. Өзге тілдерде де аударылып басылған туындыны қазақ тіліне тәржімалап, 1989 жылы Шыңжан халық баспасынан шығарған – Бадымжан.

Романның оқиғасы Шыңғыс ханның балалық шағын суреттеуден басталады. Болашақ ханның бейнесін жасау барысында оның келешектегі өмір жолын, баланың ойы, арманы, қиялы арқылы аңдатып отырған. Тұлғаға тән ерекшеліктері сол жас кезінде-ақ көрініс бере бастайды. Жазушы өз кейіпкерін тарихтағы алған бағасына сәйкестендіру



үшін бірден келмейді, өмірге тән өсу, даму жолдарын сатылай отырып, бірте-бірте көтеріледі. Жазушы былай дейді: «Жеті жастағы Тимучинді Добасоқыр жөніндегі әңгіме баурағаны болмаса, өзге әңгімелер оған әсер етпеді, түсініксіз сезілді» (Ясаши, 1992: 12).

Енді орынды сұрақ туындайды. Добасоқыр кім? Ол қандай әңгіме? Тағы да сәл шегініспен «Көкжалдағы» жазылған ертегіге назар аударалық: «Торғолжын Байын мен оның бәйбішесі Борогчын Ғоуа тату-тәтті өткен ерлі-зайыпты екен, бірін-бірі қатты аялағандықтан ба, қалай, екеуі жалғыз көзді балалы болып, оған Добасоқыр деп ат қойыпты. Оның маңдайына біткен жалғыз көзі үш көш алыстағы нәрселерді көрсететін керемет көз екен. Олар Добасоқырдан кейін Добұмерген деген бала сүйіпті. Көп өтпей екеуі аса жігерлі жігіт болып жетіліпті. Ағалы-інілі екеуі күндердің күнінде аң аулауға шығады. Добасоқыр кең байтақ далаға көз жіберіп: «Сонау шалғайдағы некелену жасына толған қыз екен, анау жер соның өтетін жолы, ертең сол араға келгенде, оны тартып алып, саған алып берейін», – дейді (Ясаши, 1992: 11). Дәл солай жасайды да. Мұндай ертегінің ел ішінде аңыз ретінде айтылып, ауыздан-ауызға көшіп келе жатқандығы рас. Бірақ халықта не көп, аңыз көп. Ал жазушы неліктен осы ертегіні таңдап алды? Мәселе осында жатыр. Алдымен, айтылатын көрініс – Добасоқырдың жалғыз көзді болуы және оның үш көш алыстағы нәрсені көруі. Бұл – біріншіден, кәдімгі табиғи көз емес, ойдың көзі. Екіншіден, ол алдын ала болашақты аңдауға, барлауға өте бейім. Және ол әрқашан нәтижелі, табысты, шатасу деген болмайды. Міне, бұл жас Темужіннің есінде неге сақталып қалды, неге оған сонша қатты ұнады? Өйткені оның келешегі осы ертегідегі аңыз тәрізді болайын деп тұр. Ендеше аталмыш эпизод жазушы шеберлігінің бір қырын байқатып тұр. Яғни оқырманды болашақ Шыңғыс ханның іс-әрекетіне дайындау немесе өз Шыңғыс ханының қандай болатындығынан хабардар ету.

Темужіннің талапкер, қатал, табанды болып ержетуін автор өзінің қиялымен ғана өсірмейді, өмірдің шынайы соқпағы арқылы, түрлі іс-әрекеттер арқылы нанымды суреттейді, бірден келмейді, бірте-бірте табиғи тұрғыда әкеледі. Мәселен, бала алғашқы соққыны әкесінің көзі кеткеннен кейін, өздерін

жұртқа жалғыз тастап көшіп кеткен ағайын-туыстарынан алады. «Болар бала басынан» демекші, Темужін көптің бірі емес, ол оған жасымайды, қайта ширыға түседі» (Ясаши, 1992: 23). Бұл – оның көркем шығармадағы билікке ұмтылу жолына қатты әсер еткен көп эпизодтың бірі ғана. Жолына көлденең тұрушыларды аяусыз жазалау әрекеті де Шыңғыс ханда бала кезінде қалыптасады. Оның шешесі бөлек бауырын өз дегеніне көнбеген, көпшілігінде қарсы шыққаны үшін атып өлтіргені – соның айғағы. Яғни өз туғанын атып өлтірген адам, өзгені аясын ба? Бұл көрініс те – билікке ұмтылудың бір жолы (Ясаши, 1992: 27). Енді ержетіп, оң мен солын аңдай бастаған Темужін елдің бәрін қорқытып бағындыра беруге болмайтындығын түсінеді. Өзінен мықтыларды айламен, тәсілмен, сеніміне кіру арқылы жанашыр жан жасауға болатындығын аңғара бастайды. Мұны біз Темужіннің Тұғырыл ханмен кездесуінен байқаймыз. Пікіріміз дәлелді болу үшін, үзіндіні ұсынуды жөн көрдік: «Темужін:

– Әкем Ясукай сізді досым деуші еді. Сондықтан сіз маған әкем есептісіз. Қайын атам тойымызға қара бұлғын ішік тартқан болатын, әкем бұл дүниеде жоқ болғандықтан, соны әкеміздей өзіңізге жабайық деп отырмыз, – деді. Ол айтар сөзін айтып болғаннан кейін қара бұлғын ішікті Тұғырыл ханға жапты, Тұғырыл хан қатты қуанды» (Ясаши, 1992: 50). Бұл әрекет көркем шығармадағы Шыңғыс ханның көздеген нысанасына жетуге жасаған алғашқы амалдарының бірі еді. Яғни, бұған дейін қатыгездігімен көзге түскен басты бейненің енді екінші, тағы бір саясаткер қыры ашылады. Мұндай көріністің кейіпкерді тұлғаландыра түсері – ақиқат.

Романның мазмұнындағы ерекше көзге түскен оқиға – Темужіннің Шыңғыс хан атануы. Жазушының осы мәселеге айрықша мән бере тоқталуы тарихи тұлғаның өмір жолындағы ең керемет жетістіктерінің бірі екендігін аңғартады. Немесе болашақтағы ірі жетістіктеріне жол ашқан үлкен оқиға осы болғандығын мегзейді. «Салтты басқарғандар: – Шыңғыс хан, Шыңғыс хан! – деп ел естіп көрмеген осы бір атауды қайталай айта берді. Темужінге қойылған бұл құрметті есім Ұлы иеміз деген мағына білдіретін еді. Осыдан тұтастай моңғол үстіртіндегі ауыл-аймақтың бәрі Моңғол деген есімге бірігіп кетті» (Ясаши,

1992: 111). Жазушы осы тұста үлкен екі тарихи оқиғаны тұтастандырып көрсете білген. Бірі Темужіннің хан сайланып Шыңғыс хан атауын алуы болса, екіншісі – көптеген ағайындас, іргелес тайпалардың бірігіп Моңғол есімін алуы. Осындай байланыстың әсері өмірге Шыңғыс хан тәрізді тарихи тұлғаны әкелді деп тұжырым жасайды. Суреткердің қолданған бұл тәсілі кейіпкерін бірден зәулімге көтеріп, асқақтата түскен.

Сонымен, біз Бурятияның халық жазушысы И. Калашниковтің, белгілі прозаик В. Янның, Жапонияның танымал қаламгері И. Ясашидің шығармаларына тоқтала келіп, белгілі бір деңгейде әлемнің классикалық әдебиеттеріндегі тарихи тұлға – Шыңғыс хан бейнесінің жасалу жолдарына қысқаша тоқталып өттік. Мұндағы мақсат Шыңғыс хан тұлғасының сомдалуын жан-жақты ашып беру емес, қандай тұрғыда, қалайша бейнеленгендігін, кейбір пайдаланылған тәсілдердің кейіпкер характерін ашудағы рөлін аңдату ғана болды.

Тарихи немесе тарихи сипаты басым шығармалардан зерттеушінің іздейтіні: өмір шындығының тарихи шындықпен үйлесе бейнеленуі; тарихилықтың көркемдік шындыққа негіз болуының басты ерекшеліктері; реалистік сипат пен көркемдік қиялдың арақатынасы; тарихи тұлға, оқиға, құбылыстардың көркемдік шешім арқылы жинақтала даралануы; кейіпкер тұлғасын сомдаудағы қаламгердің көркемдік ізденістер жүйесі. Бұл айтылғандар жалпы көркем шығармаға тән қасиеттер десек те, тарихи шығарма, тарихилық ұғымдарына баса екпін түсіріп отырмыз. Тек, түр, жанр тұрғысынан алғанда, көркемдік қиялдың тарихи немесе тарихи сипаттағы туындыларда ықшамдау болатыны мәлім.

Сондықтан біз қарастырған шығармаларда әр қаламгердің көне аңыз, әпсана, әңгімелерге көбірек көңіл бөлгені байқалады. Яғни, «тарихи шындық пен көркемдік шындық арасындағы күрделі метаморфоза да тарихилық негізде, тарихи кезеңдер аясында ұғынықтырақ, қызғылықты көрінеді. Ежелгі мұраларда, тарихи тұлғалар мен тарихи құбылыстарда ойдан қосу, әсірелеу аз байқалады. Байқалмайды деген де шындыққа үйлеседі. Тарихи адамдар, тарихи оқиғалар

бәз күйінде сипатталады. Тарихи шындық қана емес, поэтикалық басқа да ең бір көркемдік таным сарабынан өткен нышандарының өзі де тіршілік, тұрмыс көріністерінен қаз-қалпында көшіріліп алынған. Кейінгі кезең мұраларында көркемдік шындық рухы үстем түсе бастаған. Көркемдік шындық, көркемдік шарттылық көрініс берген тұстарда эпикалық тыныс қиялы, қиял-ғажайып ертегілері сынды көркемдік кеңістіктер туындады», – деген пікірдің біз талдаған шығармаларға да тән екенін көреміз (Егеубай, 2001: 184).

Қандай жанрда жазылған шығарма болса да, оның құндылығын байқататын нәрсе – көркемдік-эстетикалық өре-деңгейі, сол ұғымға арқау болатын ұлттық болмыстың шынайылық сипаттары. Яғни, эстет-ғалым Г. Гачевше айтсақ: «Подобно тому как человек есть триоичное единство – тело, душа, дух, – так и каждая национальная целостность есть троичное единство: национальная природа – космос, исихея – характер народа и логос – склад мышления» (Гачев, 1997: 170).

Әлем халықтарының қай-қайсысын алып қарасақ та, өздеріне тән тарихының болатындығы белгілі. Солардың барлығына тән ортақ қасиет бар. Ол – көрші орналасқан елдермен қарым-қатынасы, байланысы, соның нәтижесінде болатын түрлі алмасулар үдерісі. Бұл – жекелеген мемлекеттерге тән құбылыс. Сонымен қатар дүниежүзілік маңызы бар, әлемнің айтулы бөлігін қамтыған ірі тарихи оқиғалардың да болатындығы баршаға мәлім. Кейінгі ұрпақ оның қыры мен сырын тек қана тарихи еңбектерден емес, сондай-ақ көркем туындылардан да танып біледі. Дегенмен тарих пен көркем шығарма арасында айтарлықтай айырмашылықтар да болады. Өйткені тарих нақты дерекке негізделсе, көркем туынды қаламгер қиялына сүйенеді. Сондықтан көркем әдебиетте тарихи дәлдік сақтала бермейді. Бірақ мейлі прозалық, мейлі поэзиялық, мейлі драматургиялық туындылар болсын, оқырман қауымның ойын өрістетуге, қисынын ұштауға, тарихпен салыстыра отырып, өз санасында тыңғылықты тұжырым жасауға үлкен септігін тигізеді анық. Ендеше, тарихи шығармаларға талдау жасау, олардың оқиғасын тарихпен салыстыру, үндестіктері мен өзгешеліктерін айқындау әдебиеттанушылар үшін басты міндеттердің бірі болмақ.



МӘДЕНИ МҰРА

Әдебиеттер

1. Кәрібаева Б. Талап деңгейі: әдеби-сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1984. – 160 б.
2. Моңғолдың құпия шежіресі. / Моңғолшадан аударған: Сұлтанияұлы М. – Өлгий, 1979. – 150 б.
3. Шәкеев Н. Құғыншылар («Сұм заманнан» аударма). // «Жалын» журналы, 2002. – №4. – 152 б.
4. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 996 б.
5. Ян В. Чингисхан: роман. – Москва: Изд. АСТ., 2003. – 362 с.
6. Ясаши И. Көкжал. / ауд. Бадымжан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 224 б.
7. Егеубай А. Құлабыз. – Алматы: Жазушы, 2001. – 216 б.
8. Гачев Г. Россия и Украина – диалог культур. // Дружба народов, 1997. – № 8. – 170 с.

References

1. Káribaeva B. Talap deńgeii: ádebi-syn maqalalar. – Almaty: Jazýshy, 1984. – 160 b.
2. Mongoldyn qupia shejiresi. / Mongolshadan aýdarǵan: Sultaniauly M. – Ólgi, 1979. – 150 b.
3. Shákeev N. Qýǵynshylar («Sum zamannan» aýdarma). // «Jalyn» jýrnaly, 2002. – №4. – 152 b.
4. Eleýkenov Sh. Zamandas parasaty. – Almaty: Jazýshy, 1977. – 996 b.
5. Ian V. Chingishan: roman. – Moskva: Izd. AST., 2003. – 362 s.
6. Iasashi I. Kókjal. / aýd. Badymjan. – Almaty: Qazaqstan, 1992. – 224 b.
7. Egeýbai A. Qulabyz. – Almaty: Jazýshy, 2001. – 216 b.
8. Gachev G. Rossia i Ýkraina – dialog kúltýr. // Drýjba narodov, 1997. – № 8. – 170 s.

Жакан А.К.

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова
г. Караганда, Казахстан
e-mail.ru: alim.zh@mail.ru

ОБРАЗ ЧИНГИСХАНА В МИРОВЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

Чингисхан – историческая личность, которая во втором тысячелетии повернула всю Евразию под свою власть в новое русло. В статье автор анализирует литературно-художественный образ Чингисхана в мировых произведениях. Основываясь на произведениях народного писателя Бурятии И.Калашникова, известного прозаика В.Яна, известного писателя Японии И.Ясаши, он заострил свое внимание на специфике воплощения-образа кагана. Историческое произведение – это не сама история, а художественно оформленная форма. В нем и историческая личность, и

эпоха проявляются в совершенно иной форме. Автор статьи анализирует художественные произведения о Чингисхане, акцентируя внимание на всестороннее раскрытие этой выдающейся исторической личности. Вместе с тем, он анализирует интересные факты из жизни Чингисхана.

Ключевые слова: мировая литература, Чингисхан, историческая личность, «Монгольская тайная летопись», роман И. Калашникова «Жестокий век», роман В. Яна «Чингисхан», роман И. Ясаши «Кокжал».

Jakan A.K.

Karaganda Buketov University
Karaganda, Kazakhstan
e-mail.ru: *alim.zh@mail.ru*

THE IMAGE OF GENGHIS KHAN IN THE WORLD WORKS

Genghis Khan is a historical figure who, in the second millennium, turned the whole of Eurasia under his rule into a new direction. In the article the author analyzes the literary and artistic image of Genghis Khan in world works. Having settled on the works of the people's writer of Buryatia I. Kalashnikov, the famous prose writer V. Yan, the famous writer of Japan I. Yasashi, taking into account these works, he dwelled on the specifics of the embodiment of the image of the kagan. A historical work is not history itself, but an artistic form. In it, both the historical personality and

the era are manifested in a completely different form. The author of the article analyzes from this point of view the above-mentioned works of art about Genghis Khan, written at each stage. He seeks to comprehensively reveal the personality of Genghis Khan. He also draws his own conclusions, analyzing interesting facts about the life and personality of Genghis Khan.

Keywords: *world literature, Genghis Khan, historical personality, «Mongolian Secret Chronicle», I. Kalashnikov's novel «Cruel Age», V. Yan's novel «Genghis Khan», roman I. Yasashi «Kokzhal».*

Айтуғанова С.Ш.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

e-mail: s-aituganova@mail.ru

ДЕТАЛЬДЫҢ КӨРКЕМ ТУЫНДЫ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ

Мақалада шығармадағы көркемдік құралдардың бірі – детальдың қолданылу ерекшеліктері талданады. Бір топ жазушылардың детальды өз шығармасының сыршылдығын, әсерлілігін арттыруда қолдану шеберлігі қарастырылады. Деталь – бүтін дүниеге меңзеп тұрар түймедей бөлшек. Есесіне деталь – көркемдік кілті, шеберлік шарты. Детальды игерген жазушы шын жазушы, шебер жазушы. Оның баяндаудың шырайын кіргізуден бастап, характер жасауға дейін атқармайтын қызметі жоқ. Деталь – өнердің ең кішкентай, миниатюралық үлгісі. Әлем әдебиетінің тарихында бұрыннан бар, орныққан тәсіл болғанымен, әрбір жазушыдан айрықша қабілетті, дарынына байланысты суреткерлік шеберлікті талап етеді. Деталь, шындығында көркем шығарма кемелдігінің белгісі. Детальдың негізгі қызметі – ұсақ бөлшектер арқылы тұтас құбылысты бере білу. Ол суреттеп отырған зат туралы тұтас түсінік береді. Детальдың ең басты құндылығы – оның дәлдігінде жатыр. Жазушы әрқашан шығарманың шырайын ашатын, оқиғаның өзегін көрсете алатын ең қажетті, ең керекті жалғыз сөзді жаңылмай таба білуі керек. Осы мақсатта мақалада көркем шығармалардан детальға нақты мысалдар келтіріле отырып, талдаулар жасалып, тұжырымдар шығарылады.

Түйін сөздер: деталь, көркем туынды, поэтикалық деталь, суреткер шеберлігі, психологизм, лиризм.

Көркем шығармада кеңінен қолданылатын, үлкен шеберлікті қажет ететін көркемдік құралдардың бірі – деталь. З. Қабдолов берген анықтамасында детальді «бүтіннің кішкене бөлшектерінің бірі, егжей-тегжейі, жеке нәрсесі» деп түсіндіреді (Қабдолов, 1992: 86). Әрине, бұл анықтама, көркем шығармалардағы детальдың сырын ашып, сипатын таныта алмайды. Ғалым Т. Рақымжанов детальдың өрісін кеңейтіп, жалпы көркем шығармада, роман сияқты эпикалық тынысты шығармалардың өзінде орнының ерекше екенін атап өтеді: «Көркем

детальға тән бояудың, үннің, қимыл-қозғалыстың, көркемдеуші құралдардың қысқалығы, сараңдығы оның жұтаңдығы мен кедейлігін танытпайды, керісінше затты, сөзді нақты суретке айналдыра алатын мол мүмкіншілігін аңғартады. Сондықтан деталь айшықты, көрнекі бірер штрихпен қоғамдық құбылыстарды, өмірлік шындықтарды, адамның жан дүниесін көз алдымызға елестете алатын құдіретті күшке ие» деген терең тұжырым жасайды (Рақымжанов, 2002: 34).

Мәселен, сюжеті өзгеше Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесіне назар аударайық.

Автор шығарманың басында көрінеді де, әрі қарай сюжет әңгімелеушінің айтуы арқылы өрбиді. Сюжеттің дамуына жол жүріп келе жатқан екі жолаушының Шұғаға қойылған белгіні көруі себеп болады. «Шұғаның белгісі» повесіндегі обашық, яғни «Шұғаның белгісі» атанған бұл жердің өзі деталь болып тұр. Себебі үлкен әңгіменің кішкентай бөлшегі осы жер.

«– Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... Өй, шіркін, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау, – деді.

Жолдасымның бұл сөзінен мен Шұғаға ынтықтым. Анығын сұрап білгім келді» (Майлин, 2003: 6). Бұл сөздер оқырманды да ынтықтыра түседі.

Шығармада жазушы өз ойын нақты жеткізу үшін детальдарды орынды пайдалана білген. Мысалы, шығармадағы обашық, хат сияқты кішкене детальдар үлкен мағынаны жеткізіп тұр. Обашық – Шұғаға қойылған белгі. Шығарманың негізі де осында. Ал «Отаудың сықырлауығынан Шұғаның бізге сығалап қарап тұрғандығы білінді» деген сөйлем арқылы біраз ойдан хабар береді. Шұғаның да Әбдірахманға деген сезімін жай баяндай отырып суреттесе, ол әсерлі шықпас еді. Ал осы бір ғана сөйлем Шұғаның оған деген нәзік сезімін білдіреді, шығарманың да сыршылдығын үдетіп тұр. «Қағаз бетіндегі қарапайым сөздерді сырлы суретке айналдырар, сол арқылы суреттеліп отырған құбылысқа эмоциялық жылылық, эстетикалық күш дарытар деталь дегеніңіз, міне, осындай болады», – дейді З. Қабдолов (Қабдолов, 1992).

Шығармада хат, ертегі, түс сияқты заттарды, құбылыстарды деталь ретінде пайдаланып, сол арқылы үлкен ой түйу туындының сыршылдығын да арттыра түседі. Бұлардың бәрі де адамның өзіне ғана тән, соның ойынан, қиялынан, арман-тілегінен хабар беретін, ішкі жан дүниесін ашатын нәрселер. Яғни, оларда кейіпкердің сезіміне, тебіренісіне қатысты құпия сырлары, ойлары беріледі. Хатта екі адам арасындағы ғана, басқа ешкімге жария етіле бермейтін құпиялар айтылса, ертегіде адамның «осындай болса ғой» деген арманынан, қиялынан туатын ойлар берілетіні белгілі. Ал түс – ол адам санасындағы өзін ойлантап жүрген мәселелердің ұйықтап жатқанда көруі арқылы берілуі. Олар қандай

мазмұнда болады, не туралы айтылады – ол жазушының еркіне байланысты. Оны әр қаламгер өзінше кейіпкерінің ішкі көңіл-күйін көрсетіп, жан дүниесін ашып, оқырманға шынайы нақты жеткізу мақсатында шығарманың мазмұнына қатысты қолданады. Қарап отырсақ, үшеуі де жеке адамның өзіне ғана мәлім, ешкімге белгісіз құпия сырлары. Яғни, олар кейіпкердің ішкі әлеміне енудің бірден-бір жолы. Осындай құбылыстарды шығармасында пайдалану арқылы жазушылар оның сыршылдық сипатын арттыра түскен.

Мысалы, «Шұғаның белгісінде» хат үлкен мәнге ие болған. Хатта лирикалық ойлар толық әрі еркін бейнеленетінін ескерсек, жазушының өз шығармасында хатты жайдан-жай қолданбағанын байқаймыз. Шығарманың басынан бозбалалардың Шұғаға жазған хаты, оған Шұғаның жауап жазбай жыртып тастайтындығы туралы айтылады. Жазылған хатта оның иесінің сезім сырлары берілсе, Шұғаның оны жыртып тастауы, оған деген көңілінің жоқтығынан, хатқа жазарлықтай құпиясының болмағанынан хабардар етеді. Әбдірахман да өз сезімін алғаш хат арқылы білдіреді. Ал Шұға оған бірден сезімін білдірмесе де, жауап жазады. Мұнан соң олардың бір-біріне деген ыстық сезімдері, махаббаты осы хаттар арқылы жеткізіледі. Хаттардан біз олардың ішкі құпия сырларынан, бір-біріне деген ынтықтығынан хабардар боламыз. Ол екеуі бірінсіз бірі өмір сүре алмайды.

Б. Майлин шынайы махаббат құрбанын өзіне дейінгі әдеби дәстүрмен бейнелейді. Ғашықтық жолында дертке ұшыраған Шұға салт-сана құрбаны болды. Ол шешуші күреске бел бұмайды. Бұған ата-ана мен тума-туысты сыйлау, жасы үлкеннің алдында иба сақтау сияқты әдеттер басты себеп болды. Өзіне көрсетілген қысымды сезіп тұрса да, ашу-ызамен наразылығын сыртқа шығармайды. Әдеп пен әдеттен туған әрекетіне қарап, қайратсыз деуге болады.

Шығармадағы хаттардың бәрі қара сөзбен емес, өлеңмен жазылады. Хаттардың өлең түрінде жазылуының өзі шығарманың лирикалық сипатын одан әрі күшейте түседі. Ол өлетінін, Әбдірахманды енді көрмейтінін сезгендей, хат арқылы соңғы сөзін қалдырады. Мысалы, шығарма соңында өлер алдында Шұғаның жазған хатынан үзінді алып қарайық:



МӘДЕНИ МҰРА

*«Хаты деп ақтық жазған ғашық жардың,
Есіңе ал, дұғаңа мен ынтызармын.
Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,
Астында ақ туының пайғамбардың!...»*

(Майлин, 2003: 27) – дейді.

Ол – заман теперішін мойындағанмен, рухы күшті қазақ қызы. Бұл фәниде жетпеген серттің бақида орындарына сенгенінің өзі адал махаббатты жоғары қоятындығымен қымбат. Өз дәуіріндегі салт-санамен тұмшаланған Шұғаның қолынан келер әрекеті хат жазу болды. Жазушы көркем тартыстың негізі етіп хатпен тіл қатысуды алып отыр. Сүйетіндігін хатпен білдіретін ғашықтар әрекеті ата-бабалар дәстүрін жалғастырумен қатар, үлкенді сыйлап, ұятты сезінгендігінің белгісі. Қыз ибалылығы сол – қарсылығын да бұрқыраған ашумен емес, перзенттік, қарындастық наз есебінде хатпен білдіреді. Профессор Н. Ғабдуллин Ғайша, Қамар, Шұға сияқты тұлғаларды жасық емес, асық махаббат иелері деп таниды. Оларға біреудің үстемдігі жүргенмен, жүректеріндегі арман нұры өшпейтіндігін көрегендікпен сезінеді: «Қаһарманның характері оның әрекеттері арқылы ашылады десек, бұл әрекеттердің сыр-сипаты оның өз ұғымының, сезінуінің дәрежесіне шақ болады. Ал, қаһарманның түсінігі мен сезінуі туып-өскен жұртының өмір-күйлерінен, әлеуметтік ахуалдарынан туады» – дейді (Ғабдуллин, 1981: 44).

Шынайы өмірдегі уақыт пен кеңістік тұрғысынан Шұға сияқты талай қыздардың әрекеті өліммен аяқталған. Ғалым Н. Ғабдуллин ғашықтық азабынан өлетін Шұғаның жайын әлеуметтік ахуалдан іздесе, біз ғашықтар хатын күрестің өзіндік түрі деп есептейміз. Б. Майлин шығармасындағы өлеңмен хат жазған жастар сүйіспеншілігіне ар-ұят, жігер-қайрат сияқты ұғымдарды сыйдырған:

*«...Сіз бір айсыз нұрландырған аспанды,
Буландырған, уландырған жас жанды.
Біз бір ғаріп паналаған саяңда,*

Жас жүректе мықты жара басталды»
(Майлин, 2003: 18), – деп жазады Әбдірахман Шұғаға хатын. Өлеңмен жазылған ғашықтық хаттары – қазақ серенадасы тәрізді. Суреткер ұлттық кейіпкер келбетін ғашықтар хаты – этнографиялық атрибутымен ала отырып, оның ұлттық танымы, қазақи болмысымен жасаған. Ал бұл ерекшелік қазақта әдемі өлең, хатқа түскен қара өлең ретінде көрініс табады.

Осылайша жазылған терең сезімдер екеуінің жүрегі мен хат бетінде ғана қалады. Екеуі қосылса, бұл хаттардың мұндай лирикалық мәні болмас еді. Қосылмаған екі жастың тәтті сезіміне куә болған оқырманның жүрегінде бір өкініш пайда болады.

Шығарманың қайғылы финалы, яғни Шұғаның өлімі туралы повестің басында белгілі болады. Оған қойылған белгіні көрген сәтте-ақ Шұғаның бұл өмірден өткенінен хабардар болып, «бұл қалай болды екен» деген ой алға жетектейді. Мүмкін шығарманың шынайы да әсерлі шығуы үшін жүрегінде осындай тәтті де қайғылы естеліктердің ащысы мен тұщысын көтеріп жүруге мәжбүр біреуінің тірі қалуы керек болған шығар. Қалай болғанда да бұл қаламгердің ғана шеберлігіне тән нәрсе, соның таңдауы.

Осындай деталь үлгілерін Ғ. Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесінен көреміз. Жазушы жаңа үкімет құрамыз деп, түрмеге түскен большевиктерді арыстандарға теңейді.

«Тас еденде шынжырлы арыстандар, ашулы арыстандар жатыр. Ұсынған қолың әрең жетер жапсарда темір торлы жалғыз терезе бар. Сасық қора, суық қора, лас қора, қорлық қорасы. Сыртқы тіршілік дүниесін көреміз деп ешкім үміт етпейтін сияқты. Терезеге ешкім көзін де салмайды. Бірақ тұтқындағы арыстан қылжиып, езіліп жата алмайды. Андасанда өзара керісіп алады. Сақтық жетпеген, қырағылық жетпеген. Қапы соққан...» (Мүсірепов, 1966: 218).

Шығармада шам мен домбыра деталь ретінде ұтымды қолданылған. Қарапайым ғана күнделікті өмірдегі заттар үлкен мәнге ие болып тұр. Мысалы шам – үміт сәулесіндей. Шығармада Еркебұланнның түрмеге түсері алдында шам «сығырайған шам», «сөнгелі тұрған шам», «сөніп бара жатқан шам» деп оның жарығының біртіндеп әлсіреп бара жатуы арқылы кейіпкерге төніп келе жатқан қауіп-қатерді де жақындата түседі. Ал шығарманың соңындағы: «Кешігіңкіреп жанған қала шамы үй ішіне мол жарығын түсірді. Ақын домбырасына жаңа шек тағып, қайта тартып кетті» (Мүсірепов, 1966: 238). деген сөйлемдерден кештетіп болса да жеткен жаңа өмірді, яғни асыға күткен тыныш заманның келетінін сездіреді.

Сол сияқты шығармада домбыра да ерекше қызмет атқарады. Повестің басынан

қолына домбыра ұстаған ақынды көреміз. Домбыра – сол дәуір де, шегі – Еркебұлан­ның өмірі секілді. Осы тұста жырық құлақтың айтуы арқылы берілген ақын Біржанның оқиғасын да жазушы орынды пайдалана білген. Поштабайдан таяқ жеп, ішқұса боп өлген «Біржанның домбырасының шегі «Үзілдім-ау» деп ыңырысып үзілді» дейді жазушы. Осы бір ғана үзінді ұтымды деталь ретінде үлкен қызмет атқарып тұр. Шығарманың соңы: «Біржанның шырқау әнші екенін жақсы білетін ақын сол шырқауға жеткізсем деп домбыраның құлағын әлсін-әлі бұрай бергені есіне де келмепті. Астыңғы шек үзіліп кетті. «Үзілдім-ау» деген Біржан домбырасының үні құлағына келді.

Кешігіңкіреп жанған қала шамы үй ішіне мол жарығын түсірді. Ақын домбырасына жаңа шек салып, қайта тартып кетті», – деп аяқталады (Мүсірепов, 1966: 238).

Біржан оқиғасымен таныс оқырманға Еркебұлан­ның домбырасының шегінің үзіліп кетуі ерекше әсер етеді. Кейіпкер тағдырына алаңдағандай бір сезім пайда болады. Бірақ сол мезетте жарқ етіп жанып, үй ішіне жарығын түсірген шам жақсылықтың нышанындай еді. Еркебұлан да жаңа шек салып, домбырасын әрі қарай тартып кетеді. Жаңа шек – оның жаңа өмірі, кешегі өмірі үзіліп кеткен шекпен бірге артта қалды, енді жаңа өмір басталды дегенді сездіретіндей. Осындай детальдарды ұтымды пайдалануы, тіпті кей тұстарда оның символдық дәрежеге дейін көтерілуі шығарманың лирикалық сипатын айқындап, дәлелдей түседі. Автор өз ойын жеткізуде кішкене детальдарды орынды қолдана отырып үлкен мағына білдірген.

Жазушы С. Мұратбековтің «Жабайы алма» повесінде автор өз ойын әсерлі жеткізуде «жабайы алманы» ұтымды деталь ретінде қолдана білген.

«Тау бөктері тұтасқан жабайы алма болатын. Соғыс жылдары біз, жас балалар, қалың бөргезге қол-аяғымызды қызыл ала жоса жырғызып, ұзақты күнге алмадан алма таңдап, сол бөктерде тентіреп жүруші едік. Қышқылтым ақ алма тістегеніңде мұз шайнағандай қаршылдайтын. Сәлден кейін тісті қамап қалатын да зар қақтырып бастырмай тастайтын. Сонда да жейтінбіз. Тапшылықта қабысқан қарынды алмамен болса да істелеп жұбату керек. Ішіміз көгеріп, ауырсына ыңқылдап жататын кезіміз де көп еді. Қоңыр

самал соғатын, итмұрын, қарақат, бөргездердің неше алуан иісі бәрінен де ерекше еді. Қай жағыңа қарасаң да бұтақтары сынып кетердей боп иіліп, көзді арбаған ақ алма сықасып тұратын. Тістеріміз жарқырап, қашыр-қашыр шайнайтынбыз» (Мұратбеков, 1981: 13).

Шығарма негізінен соғыс жылдарындағы тыл өмірін суреттеуге арналған. Шығарма соғыс кезінде майданға аттанған ер-азаматты жоқтатпай, қиындықтарға мойымаған ананың қазасымен аяқталады. Оқиға басты кейіпкер Қанаттың елестетуі, еске түсіруі арқылы өрбиді. Кейіпкердің көмейге кептелген көз жасы, көкірегіндегі шер-мұңы осы шегіністерден белгілі болып отырады.

Б. Майтанов: «Шығармадағы сыр – қазірде ересек тартқан бір толқын ұрпақтың қиракезiк мезгiл сынына шыдаған ардақты жандарға махаббаты, жабырқау өткен балалық шағына емес, балалық аңғырттығына өкiнiшi, үлкен алдындағы борышын өтеуге құлшынған адал ниетi, өрiмдей ұлдарын көктей солдырып, талай шаштарды ағартқан, сәбидi алданышынан айырған соғыс лаңына наразылығы» (Майтанов, 2009: 426). Мұны кейіпкердің өз сөздерінен де аңғаруға болады:

«Бұл балалық дегенді қойсаңшы. Сол бір оқиға есіме түссе, күні бүгінге дейін кірерге жер таппай қысыламын. Сонымыз не біздің? Неге біз сондай болдық? Жалғыз үй шал-кемпірге не үшін қиянат жасадық сонда? Жазығы не еді олардың? Неге?.. Неге?.. Бәлкім, балғын балалығымызға жара салған соғыс кінәлі шығар, күтімсіз өскен жабайы алмадай ащы болуымыз да содан шығар, жабайы алманың тісті қамап, сырқырататыны тәрізді жанға батар қылықтар істеуіміз де содан шығар? Кім білсін» (Мұратбеков, 1981: 60).

Жазушы осы тұста риторикалық сұрауларды орынды пайдалана білген. Балалардың істеген қылықтарына оқырман­ның да ызасы келіп, көкейінде «Неліктен бұлай істеді екен?» деген сұрақтар пайда болады. Жазушы сол сұрақтарды кейіпкердің өзіне қойғызып, жауап беруге, олардың әрекеттерін ақтап алуға тырысады. Бәріне сол кезең, соғыс кінәлідей. Әкенің қамқорлығын, тәрбиесін көрмеген балалардың қылығын, тағдырын жабайы алманың ащы дәмімен салыстыра беруі өте сәтті шыққан.

Жазушы көбіне адам сезімін білдіретін дәм, иіс, ән мен күй сияқты детальдарды



ұтымды қолданып отыратынын байқаймыз. «Жусан иісіндегі» жусанның иісі кейіпкердің тәтті сағынышын дәл жеткізуде ерекше қызмет атқарады. Оны автор ашып айтпайды, әр кезеңде Аянның сезіміне қатысты елеусіз түрде айта салғандай болады, бірақ соның өзі шығарманың сыршылдығын тереңдетуде айтарлықтай рөл атқарып тұр.

Аян үнемі хат жазғанымен, хаттың мазмұны берілмейді. Бірақ Аянның жазуды үйренуге құштарлығының, хат жазуға дайындығының өзі үлкен тебіреніс туғызады. Бұл тұс шығармада былайша беріледі: «Күнде сабақтан кейін үйіне келісімен төр алдына етпетінен түсіп, сиялы қарындашты тілімен жалап қойып, бет-аузын сия-сия ғып ағасына хатты үсті-үстіне жазатын да жататын. Күніне екі-үш хаттан жазады. Кейде әжесінің айтқанын жазса, кейде өз бетінше жаза беретін». Хатта не туралы жазылғаны айтылмаса да, «Аса жаннан артық көретін аға...» деп басталатын хаттың өзі ондағы сағыныш сезімінің қаншалықты терең екендігін көрсетеді. Осының өзі шығарма кейіпкерінің жан дүниесін тереңірек түсінуге ықпал етіп тұр.

С. Мұратбековтің шығармаларындағы хаттар көбіне қаралы хаттар болып келеді. «Жабайы алма», «Жусан иісі» шығармаларындағы хаттар көп жағдайда жамандықтың хабаршысы, жамандықтың символындай болып сезіледі. Хат келіпті дегенде, тағы кімнен екен деп ауыл адамдарын түгелдей қорқыныш билейді.

Көркем шығармада деталь ретінде қолданылған ертегілер де осындай қызмет атқарады. Мысалы, «Жусан иісіндегі» жазушының ерекшелігі хат, түс сияқты ертегінің де мазмұнын жазып жатпайды. Көп жазушылар шығарманың сюжетін дамыту үшін немесе кейіпкердің бейнесін ашу үшін дайын ертегілік сюжеттерді де қолданатыны белгілі. Ал С. Мұратбеков бір ауыз сөз арқылы ғана сол хаттың да, түстің де мазмұнын ұқтырып, кейіпкер бейнесін тереңірек аша түсу осы тұста да орын алған. «Ғажап ертегілер еді... Дүниедегі жақсылық атаулының бәр-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір адамға тән не бір асыл қасиеттің барлығы сол Аянның ертегілерінде болушы еді. Аян батырлық туралы ертегіні айтқанда, біз – алым-жұлым киінген қараборбай балалар бір сәтке жадау

қалпымызды ұмытып, шетімізден: көк семсерді жарқ-жұрқ еткізіп, ат ойнақтатып жауға қарсы арыстанша шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді. Өмірімізде қосауыз мылтықтан өзге ештеңені көрмесек те жарқ-жұрқ еткен көк семсер тұрғанда зеңбірек, пулемет дегендер айтар сөзге, көңілге олқы түсіп, ойыншық сияқты боп қалатын. Өйткені Аянның ертегілеріндегі батырлар сілтеген көк семсерге қызығып, иланатынымыз сонша, оны қару біткеннің құдайы көретінбіз». Аз ғана орын алса да, ертегі шығарманың лирикалық сипатын арттырып, Аянның көңіл-күйінен, сағынышынан, қиялынан хабар беріп отырады.

Мұнда ертегі тек кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашып қана қоймай, оның жалпы болмысын, бойындағы ерекшеліктері мен қасиеттерін де ашуға қызмет етіп тұр. Бұдан осындай ертегілердің күніне біреуін ойдан шығарып айтып беретін Аянның алғырлығы, қиялының жүйріктігі туралы да білуге болады.

Бала қиялы арқылы берілетін түсті Т. Нұрмағамбетовтің «Дарияның арғы беті» повесінен де кездестіреміз. Бұл шығармада да Сарығыз әкесінің соғыстан аман-есен оралып, жарқын өмір кешетініне сенімді. Әкесі хабарсыз кетіп, оның өлгеніне шұба келтірмеген үлкендердің бірде-бір сөзіне сенбей, өзінің арман-қиялымен өмір сүрген қыз әкесін түсінде көреді. Түсінде әкесінің жүзінің дұрыс көрінбегені терезенің сүртілмегенінен деп ойлаған Сарығыз таң ата салысымен терезені жарқыратып жуып қояды. Кейіпкердің психологиясын осындай сыршылдықпен ашып көрсету оқырманның сезімін селт еткізбей қоймайды.

Өз шығармаларында қаламгер біз айтып отырған тек түс, хат, ертегі ғана емес, одан кейінгі ой-толғаныстарды да, кейіпкерлердің жан дүниелерінде өтіп жатқан сан алуан сезімдерді, ой қайшылықтарын ішкі ашу-кек, опыну мен ақталу, өзекті өртеген өкініш пен налу, күйзелу мен күйрету, т.б. толып жатқан ойлау процесінен туындап жатқан сыртқы психологиялық сәттерді... – бәрін де не көзден, не көңілден таса етпей егжей-тегжей баяндайды. Және ол баяндаулар үстірт, сырттай бақылаудан туған оқиға тізу емес, әрбір қалт еткен қыбыр-қимыл арқылы ой айту, образ ойнату, өмірдің өміршең өнегесін көксеу, адам тағдырының мәңгілік құндылықтарын меңзеу бар.

Көркем шығарма адам өміріндегі алуан түрлі мәселелерді өзіндік тұрғыда қарастырады. Адам мен әлемнің арасындағы байланыстың күрделене түсуі лирикалық прозада тұлға мен қоғамның, суретші мен өнердің, адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы ретінде көрінеді.

Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Тұнық су», «Түкпірдегі ауыл», «Дарияның арғы беті», «Ата қоныс», т.б. шығармаларының бәрінде дерлік ауыл өмірі, ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігі, сезімі, толғанысы, яғни ұлттық болмыс бейнеленеді. Бұлардың әрқайсысында табиғат, ауыл, ондағы адамдар, олардың психологиясы көбіне кейіпкер қабылдауымен беріліп, кестеленеді. «Түкпірдегі ауылда» ауыл адамдары мен ауылдың тұрмыс-тіршілігі бірін-бірі толықтырып тұрады. Қай шығармасын алсақ та, жазушы кейіпкерінің мінезін ашуда кейбір оқиғалар мен детальдарды сәтті қолданады. «Дарияның арғы беті» повесінде автор өмір жайлы ой тастап, оның қыртыс-қатпарларын сөз етеді. Мұнда да жазушының кейіпкерлері туған жерімен бірге көктеген, өмірін соған бағыштаған адамдар. Шығармада соғыстан кейінгі ауыл өмірі суреттеледі. Әсіресе Сарығыз бейнесі арқылы туған жер, өскен ортаға деген қимас сезім мен ыстық ықылас әдемі берілген. «Ата қоныстағы» атамекенін аңсау, уақыт өте келе өткенін сағынып, өкініш өзегін өртеген кейіпкер сезімі Мұқа шал арқылы, оның іс-әрекеттері арқылы шебер бейнеленген.

Ал балалық шағы соғыс жылдарының ауыр күндеріне тап келген Сайын Мұратбеков те алыста қалған балалық шағының жүрек сыздатар мұңды елесін, сол кездегі ауыл өмірін, өзінің туған жеріне деген сағынышын жадында қайта жаңғыртып, шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі етіп алады.

Қаламгердің Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығармалары мол. Солардың ішінде «Күзгі бұралаң жол» және «Жеңеше» атты әңгімелері қарама-қайшы сәттеріне қарамастан түпкі мәндегі түбірлестігімен, ауыр заман зардаптарын айыптау сарынының ортақтығымен өзара ұқсас. Бұларда соғыс уақытындағы ауыл өмірі мен адамдары суреттеледі. Олардың басынан өткізген қиын күндерін шынайы суреттеуде түрлі әдіс-амалдарды пайдаланады.

С. Мұратбеков шығарма шынайылығын арттыру үшін бар шеберлігін жұмсайды. Шығармадағы лирикалық «мен» арқылы оқиға өрбуі әңгімеге лиризм дарытса, диалог, нәзік штрих пен деталь психологизмді тереңдетеді. Бұл арқылы қаламгер бүгіндік те, мәңгілік те мәселелерді әдебиетіміздің көркемдік көгіне көтере алды. «Басында Үшқараның» атты көлемді әңгімесі бұл пікіріміздің толық айғағы бола алады. Бұл әңгіме шын мәнінде стилімен де, образдық жүйесімен де қазақ прозасы үшін жаңалық болып табылады.

Ал Т. Нұрмағамбетовтің «Ата қонысында» туған жер суреті кейіпкер көзімен былайша суреттеледі: «Енді ойлап қараса сол жолы ескі жұртта есік-терезесі ғана қалмапты. Есік-терезе деген не, тәйірі... Жоқ. Қалған дүниеде есеп жоқ екен... Не қалдырғанын өзі де сезбепті. Сезсе, бұл шал жоғын іздеп содан бері бұл жаққа мың сан рет соқпас еді... Мұқа шал қоныста не қалдырғанын кешелі-бүгін ғана білді.

Шалдың көңілі толқып кетті. Қия жолдан әрі қарай Талтоғанға, Шынаркүл отырған қойнауға көз салып еді, бұлдырап көрінбеді. Әлде, олардың көрінгісі келмеді ме екен? Баяғыда көрінуші еді ғой. Дәл осы төбенің үстінен Талтоғанды, қарайған әрбір үйді, бұраңдап аққан өзенді, өз үйінің көк жасыл бауын, бәрі-бәрін көруші еді ғой» (Нұрмағамбетов, 1989: 297).

Екі қаламгер де өз шығармалары арқылы оқырманды қолынан жетектеп, өзінің туған жерімен, балалық шағы өткен ауылымен таныстыратын іспеттес.

Екі жазушының шығармаларын оқи отырып, олардағы стильдік жағынан үндестікті байқауға болады. Бір ғана мысал келтіретін болсақ, «Жусан иісі» мен «Ата қоныс» шығармаларындағы Бура мен Аянның болмыстарын айтуға болады. Олар тіршіліктің күйініш-сүйініші, сағыныш, мұң жанын қанша қинағанмен, қайсарлық көрсетіп, бар қиындыққа төзе алатын, шынайы іс-әрекеттерімен өзгелерден дараланып тұратын кейіпкерлер. Қаламгерлер олардың келбеті мен жан дүниесін ашып көрсетуде негізгі оқиғалармен бірге әрбір майда детальдарды да көмекші құрал ретінде ұтымды пайдаланады. Екеуінде де белгілі бір деталь символ қызметін атқарады. Мәселен, С. Мұратбеков шығармасындағы жусан да, Т. Нұрмағамбетов шығармасындағы өрік те сағыныш сезімін



білдіретін деталь іспеттес. Алғашқысында кейіпкерлердің әрбір сағыныш сезімі жусанмен қатар суреттеледі, әкесін, ағасын, туған жерін еске түсіргенде олардың мұрнына жусан иісі келеді. Шығарманың соңында да лирикалық кейіпкер жусанды иіскеп тұрып Аянды есіне алады. Ал екінші жазушыда өрік кейіпкердің бүкіл өткен өміріне, көшіп кеткен атамекеніне деген сағынышының символы. Жазушының мұны оқырманға әсерлі етіп суреттегені сонша, Торғын өріктерді езіп кеткенде жан жүрегің езілгендей болады. Өткенінің, туған жерінің белгісіндей болған өріктің езілуі арқылы Мұқа шалдың өткенінің де қайтып келмейтінін, өміріне деген өкінішін білдіреді. Жас әйелі оның сезімімен, сағынышымен санаспайды.

Яғни, екі жазушы да туған жердің, қазақ ауылының қасиетін кейіпкерлері арқылы шебер жеткізе білген. Олардың сезімі, жан дүниесіндегі өзгеріс, өкініші нәзік лиризм арқылы ұтымды суреттеледі. Сол арқылы туған жерге, қазақ ауылына деген ыстық ықыласын білдіреді. Бұл қаламгерлердің стиліндегі ортақ сипатты анықтайды. Оларда дүниені көру, бағалау, сезіну жағынан рухани ортақтық бар сияқты.

Жазушы шығарманың өн бойында баяндаудың ерекше түрлерін қолданып, негізгі сюжеттік мағына мен кейіпкерлерін көрсету үшін, олардың сезімдерін, сырларын оқушыға шынайы да әсерлі етіп жеткізу үшін әртүрлі әдіс-амалдарды пайдаланады. Бірақ баяндаудың қандай үлгісін қолданса да, авторлық ұстанымы да айқын көрініп тұрады.

Кейіпкер бейнесін сомдауда портрет, диалог, монолог, пейзаж сияқты көркемдік құралдар қандай рөл атқарса, көркем детальдардың да атқарар қызметі сондай. Аз ғана сөзге мол мағына сыйғызу детальға тән қасиет. Қаламгер кейіпкер образын ашу барысында осындай детальдарды ұтымды пайдаланады. Кез келген жазушы шығарманың өн бойында баяндаудың ерекше түрлерін қолданып, негізгі сюжеттік мағына мен кейіпкерлерін көрсету үшін әртүрлі әдіс-амалдарды пайдаланады.

Мысал ретінде Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Ата қоныс» әңгімесіне кеңірек талдау жасап көрейік. Бұл әңгіме де жазушының өзге шығармалары сияқты адам бойындағы адамгершілік қасиеттерін айтуға арналған:

«— Сөйтіп, бір ауылды күзетіп Алыпсоғым екеуміз қалдық. Алыпсоғымды әлгінде көрдің ғой. Ит емес ол. Мені тастап қаңғырып кетсе не дер едім? Не деуші ем? Аңырап қала берер едім де... Бақытсыз басым не көрмей жүр. Көнер едім бәріне... Жоқ. Ол тастап кетпес. Мен өлген күні қырқаның басына шығып алып ұлып отыратын шығар. Көрерсіңдер, ол сөйтеді. Көңілім сезеді...»

«— Қайыпбегімнен айрылып, қабырғам қайысқан шақта, неге екені білмеймін, өздеріңді қайта іздедім. Іштей Дәнекерді ойладым. Сені ойладым. Бұл Мұқа неге келмей жатыр деп алаңдаумен болдым. Япырмай, есітпеді ме екен? Неге есітпейді? Бұл жұрттың бәрі менің қайғымды әңгіме етпейтін, көрдік-білдік демейтін қаскөй, қатыгез болып кеткен бе, аңыраған даусым арылдап соққан желмен ілесіп жетпеді ме? Сәуірдің ақ жауыны боп менің көз жасым терезенің әйнегін қақпады ма? Жеткен да шығар-ау...» (Нұрмағамбетов, 1989: 8).

Өзінің құсасын айтып, іштегі мұң-шерін тарқатқан Шынаргүлдің назы өте әсерлі берілген. «Сонда қалайша селт етпедің сен? Неге келе салмадың, Мұқа? Неге? Бір күндік жер ғой. Құдайым-ау, тіпті, балаңның машинасымен сүт пісірім ғана уақыт емес пе? Мен бейбақты бір жұбатып кетсең ғой. Жарайды, менің қайғымды да былай қоялық. Жұмырбасты пенде өлді, кетті. Осы біз бір-бірімізді қалайша ұмытып кеттік? Баяғы елжіреген жүрегіміз қайда? Мұқа-ау, біз осыларды қайда көміп кеттік? Қалай ғана жоғалтып алдық?» (Нұрмағамбетов, 1989: 11).

Осылай бірде аңырап, бірде Мұқаның келгеніне қуанған Шынаргүл оған кетерінде бес-алты өрікті орамалға орап береді.

Сары өріктер кейіпкер характерлерін ашып, болмысын таныту үшін орнымен қолданылған ұтымды деталь. Осы деталь сурет көп жайды аңғартады. Екеуі де өмірдің ең қызық, қиындығы өткен Талтоғанды аңсайды. Сары өрікті көркемдік тәсіл ретінде қолданған автор оны кейіпкерлер бейнесін толық ашуда да ұтымды қолданады. Жазушының шеберлігі кейіпкерлерінің бар жан дүниесін, сезім, сырын осы бес-алты өрік арқылы жеткізуінен көрінеді. Кейіпкерлердің осы сәттегі немесе бұған дейінгі күйін жай ғана қара сөзбен сипаттап берсе, шығарма мұндай әсерлі болмас еді. Қаламгердің шынайы суреттегені

соншалық, кейіпкерлерімен бірге оқушы да сол өріктерді аялап, мәпелеп отырады, ал оны жаншып кеткенде, оның да ішкі-бауыры езіліп кеткендей күй кешеді. Сонымен қатар сары өрікті көркемдік тәсіл ретінде қолданған автор оны кейіпкерлер бейнесін толық ашуда да ұтымды қолданады. Сол арқылы Мұқа шал мен Шынарғүлдің ішкі дүниесіне бойлай түсіп, жанын терең түсінесің. Әсіресе, қысқа ғана үзіндіден Торғынның бар болмысын таңуға болады. Ол үшін оның кәдімгі өріктерден еш айырмасы жоқ. Сондықтан да ол шашылған өріктерді жаншып өте шығады. Сол арқылы жазушы Торғынның жарының жан дүниесіне үңіліп, түсінгісі келмейтінін, оның өткенімен есептеспейтін ақылсыздығын көрсетеді.

Жазушы өз ұстанымын, айтар ойын шынайы да әсерлі жеткізу үшін осындай сәттерді молынан қолданады. Осы орайда Л. Гинзбургтің: «Поэтикалық деталь – шығарманың идеясын тек логикалық жағынан ғана емес, ассоциация арқылы, яғни бейнелілікті айқындайтын көркем құрал», – деген пікірімен келісуге болады (Гинзбург, 1979: 216).

Қаламгер өз шығармаларында осындай шеберлікті таныта алған. Жазушы шығармаларында күнделікті өмірдегі адам баласының бірін толғанып, енді бірін тіпті ойландырмайтын көкейкесті мәселелер терең философиялық ой-толғаулармен сыр шертеді. Кез келген шығармасына арқау болған тақырып адамгершілік, ізгілік тұрғысынан қарастырылап, түйіндер жасалады. Кейіпкерлерінің бейнесін тереңірек ашып көрсетуде көркемдік тәсілдердің небір ұтымды түрлерін орынды пайдалана біледі. Сол арқылы жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық сияқты қарама-қарсы қасиеттерді салыстыра отырып суреттеп, оқырманның жанына жақынын ұсынады. Оның шығармаларында әртүрлі лирикалық-эмоционалды баяндау формалары арқылы идеялық пайым, стильдік өрнектерді шынайы түрде тартыс, характер арналарымен байланыстыра, сабақтастыра отырып, шығарманың өміршеңдігіндегі тіршілік тынысын жан-жақты бағамдау орын алған. Әдеби туындыны жазуда жазушының жеке авторлық нысанасы болады да, оқиғаны соған қатысты өрбітіп, негізгі желі соған байланысты

тартылады. Ал шығармаға өзек болған шындық көркем ойлауға сай бейнеленеді. Онда автордың ұғым-түсінігі, ой-толғанысы анық жасырынып тұрады. Өйткені ол автордың ой елегінен екшеліп өтіп, таразыланып барып көркем шындыққа айналады.

Байқап отырсақ, жазушының өзіндік үйреншікті тақырыбы, қызғылықты характерлер тобы, стильдік мәнері бар екенін көреміз. Әңгімеге тән қысқалық, композициялық жинақылық, жеке детальдарға мән беру, т.б. – автор прозасының басты сипаттары болып табылады. Қаламгер шеберлігінің қайнар бұлағы – халық өмірін, ауыл тұрмысын жетік біліп, әр кейіпкердің болмысын, мінез-құлқын, сөйлеу мәнерін даралап ала білуінде.

Т. Нұрмағамбетов шығармаларының көбіне тән ерекшелік – кейіпкердің жан әлемін бейнелеудегі нәзік сыршылдық, көңіл-күйдің толқымалы құбылыстарын сезімталдықпен аша білу, шығармада парасат нышанының адамгершілік сипаттарымен үйлесімді дамуы болып табылады.

Осы мақсатқа жетуде жазушы детальдарды да шебер пайдаланған. Жай сөзбен ғана сипаттап берсе, шығарма мұндай тартымды болмас еді. Детальды орынды, шебер пайдаланғаны сонша, шығарманы оқып отырғанда кейіпкермен тұтасып кеткендей сезімде боласың.

Әрине, көркем шығарма бір-біріне сіресе тұтасып тұрған ылғи ғана детальдан құралады десек, ағат айтқан болар едік. Әр детальды қабылдау үшін оқырманға, белгілі дәрежеде дайындық керек. Бұл ретте, деталь, кейде авторлық баяндаудың суретке айналған түйіні секілденіп те кетеді. Қалай болғанда да, әйтеуір, деталь – затты шындықтың бір қыры арқылы бар сырын тұтас, түгел және бірден, шапшаң танытатын нақты штрих (Қабдолов, 1992: 88).

Жазушы әдебиетті өзінің үйреншікті тақырыбымен, қызғылықты характерлер тобымен, стильдік мәнерімен байытты. Әңгімеге тән қысқалық, композициялық жинақылық, жеке детальдарға мән беру, т.б. – автор шығармасының басты сипаттары болып табылады. Қаламгер шеберлігінің негізі – халық өмірін, ауыл тұрмысын жетік біліп, әр кейіпкердің болмысын, мінез-құлқын, сөйлеу мәнерін даралап ала білуінде.



Әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 360 б.
2. Рақымжанов Т. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері // Дер шағындағы дарын. – Алматы, 2002. – 231 б.
3. Майлин Б. Шұғаның белгісі. Әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 264 б.
4. Ғабдуллин Н. Уақыт сыры. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 232 б.
5. Мүсірепов Ғ. Кездеспей кеткен бір бейне. – Алматы: Жазушы, 1966. – 46-б.
6. Мұратбеков С. Таңдамалы: Повесть және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 480 б.
7. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 544 б.
8. Нұрмағамбетов Т. Қарлығаштың ұясы. – Алматы: Жазушы, 1975. – 248 б.
9. Нұрмағамбетов Т. Туған ауыл түтіні. – Алматы: Жазушы, 1989. – 381 б.
10. Гинзбург Л.Я. О литературном герое. – Ленинград: Советский писатель, 1979. – С. 222.

References

1. Qabdolov Z. Söz öneri. – Almaty: Qazaq universiteti, 1992. – 360 b.
2. Raqymjanov T. Ädebiettanudyñ özekti mäseleleri // Der shağyndağy daryn. – Almaty, 2002. – 231 b.
3. Mailin B. Şuğanyñ belgisi. Äñgimeler. – Almaty: Atamūra, 2003. – 264 b.
4. Ğabdullin N. Uaqyt syry. Maqalalar, zertteuler. – Almaty: Jazuşy, 1981. – 232 b.
5. Müsirepov Ğ. Kezdespei ketken bir beine. – Almaty: Jazuşy, 1966. – 46-b.
6. Mūratbekov S. Tañdamaly: Poves jäne äñgimeler. – Almaty: Jazuşy, 1981. – 480 b.
7. Maitanov B. Mūhtar Äuezov jäne ũlttyq ädebi ũrdister. – Almaty: Jibek joly, 2009. – 544 b.
8. Nūrmağambetov T. Qarlyğaştyñ ũiasy. – Almaty: Jazuşy, 1975. – 248 b.
9. Nūrmağambetov T. Tuğan auyl tūtını. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 381 b.
10. Ginzburg L.İa. O literaturnom geroe. – Leningrad: Sovetski pisatel, 1979. – S. 222.

Айтуганова С.Ш.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: s-aituganova@mail.ru

МЕСТО ДЕТАЛИ В СТРУКТУРЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ

В статье анализируются особенности использования детали, как одного из художественных приемов в прозе. Особенности некоторых писателей заключаются в использовании деталей для усиления лиричности и чувственности произведения. Для этого на основе конкретных примеров делаются анализы и выводы. Деталь – это целая частица. Зато деталь – художественный ключ, условие мастерства. Писатель, овладевший детализацией, является истинным писателем. У него нет функций, которые он не выполняет, начиная от ввода в повествование и заканчивая созданием персонажа. Деталь – самый маленький, миниатюрный образец искусства. Несмотря на то, что в истории мировой литературы уже существовал устоявшийся подход, он требует от каждого писателя

исключительных способностей, таланта, мастерства живописи. Деталь, по сути, является признаком совершенства художественного произведения. Основная функция детали – умение передавать целое явление через мелкие частицы. Он дает целостное представление о изображаемом предмете. Главная ценность детали заключается в ее точности. Писатель всегда должен уметь безошибочно найти самое нужное, единственное слово, способное раскрыть суть произведения, показать ядро истории. С этой целью в статье анализируются и выводятся выводы, приводя конкретные примеры деталей из художественных произведений.

Ключевые слова: деталь, художественное произведение, поэтическая деталь, мастерство художника, психологизм, лиризм.

Aituganova S.Sh.

L.N. Gumilyov Eurasian National University

Nur-Sultan, Kazakhstan

e-mail: s-aituganova@mail.ru

THE PLACE OF THE DETAILS IN THE STRUCTURE OF THE ARTWORK

The article analyzes the features of using a detail as one of the artistic techniques in prose. The features of some writers are the use of details to enhance the lyricism and sensuality of the work. To do this, based on specific examples, analyzes and conclusions are made. A detail is a whole particle. But the detail is the artistic key, the condition of mastery. A writer who has mastered detail is a true writer. It has no functions that it does not perform, ranging from input to the narrative to character creation. A detail is the smallest, miniature piece of art. Despite the fact that a well-established approach already existed in the history of world literature, it requires exceptional

abilities, talent, and skill in painting from each writer. Detail, in fact, is a sign of the perfection of a work of art. The main function of a detail is the ability to convey the whole phenomenon through small particles. It gives a holistic view of the depicted subject. The main value of a part lies in its accuracy. The writer must always be able to accurately find the most necessary, the only word that can reveal the essence of the work, show the core of the story. To this end, the article analyzes and draws conclusions, giving specific examples of details from works of art.

Keywords: *detail, work of art, poetic detail, artist's skill, psychologism, lyricism.*



Құрманязов И.С.¹, Жасекенов М.Қ.², Тілеуқабыл Ж. Ж.³

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
«Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы
Қызылорда қ., Қазақстан
e-mail: egypet.993@mail.ru

²Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі
Арал қ., Қызылорда облысы, Қазақстан

³Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі
Әйтеке би кенті, Қызылорда облысы, Қазақстан

АРАЛ ЖӘНЕ ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫНАН

Мақалада Қазақстан аумағындағы тарихи-өлкетану музейінің қалыптасу тарихы, Қызылорда облысы Арал және Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейлерінің қысқаша құрылу тарихы мен орналасуы және қорында сақталған неолит-қола-ерте темір дәуірі кезеңінің заттай деректері жайлы қысқаша ақпарат беріледі. Музейлердің құрылған кезінен бастап қазіргі уақытқа дейін Арал маңы аумағында көптеген археологиялық барлау экспедициялары жұмыс жасап, көптеген ескерткіштер ашылып, тізімге алынған. Сонымен қатар, қызықты деректерді кездейсоқ табылған материалдардан да байқаймыз. Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі жанындағы «Балықшылар музейінің» теңіз тарихына қатысты жаңартылған залдарында теңізді зерттеген ғалымдар, олардың еңбектері берілген. Арал маңы Жалғыз-ағым және Тоқабай елді мекендерінен кездейсоқ табылған қыш ыдыстар мен қола қазан жайлы құнды деректер аналогиясы қарастырылатын болады. Музей қорында жинақталған қола және ерте темір дәуірі материалдары бойынша Арал теңізі жағалауындағы ежелгі халықтардың қоныстану тарихы жайында деректер алуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Арал маңы, өлкетану, музей, археология, этнография.

Кіріспе

Музей – қоғамдық «есте сақтау жүйесі» институттары ретінде әлеуметтік-мәдени мекемелер арасында ерекше орын алып отыр. Тұлғаның дамуына әсер ететін ерекше білім беру мүмкіндіктері және өзін-өзі дамыту, патриотизмді және ұлттық сана-сезім мен тәрбие, құндылық-эмоциялық қарым-

қатынас, тарихи-мәдени мұраны дәріптейтін мекеме.

Музей – жалпы адамзат баласының өмірінде заттық және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен маңызы бар мекеме. Оның ішіндегі ұлттық, мәдени, азаматтық, әскери, еңбек жетістіктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ерекшеліктерін оқып үйренуге көмегі үлкен.

Музей алғашқыда аса бағалы бұйымдар мен заттар және мәдени жәдігерлерді сақтайтын қазыналық қор ретінде қалыптасқан. Даму барысында әдістемелік қызметі жетілген функционалдық институттарға дейін дамып жетілді (Шмит, 1929: 25-28).

Музей адамзаттың жеткен жетістіктерін және табиғат қоршаған ортаның әр кезең жайлы құнды материалдық деректерді әрдайым көрсетіп отырады. Жас ұрпақтың қалыптасуында бала-бақша, мектеп қабырғасында тұлғаның қалыптасуында бала жергілікті өзі тұрып жатқан өлкенің тарихын, археологиясын, салт-дәстүрлерін, этнографиясын түсіну үшін бірден бір ақпарат бере алатын мекеме музей болып есептеледі.

Тарихи-өлкетану музейінің қалыптасу тарихы

Қазақ жерлері Ресей империясының қол астына кіргеннен кейін аймақтарда бірнеше археологиялық әскери экспедициялар келіп жұмыс жасап, пайдалы қазбалар және археологиялық ескерткіштер, құнды деректерді жинақтап, оларды әкетіп отырды. Осы жиналған жәдігерлер Ресей империясының ірі қалалары орталықтарында көрме залдарына қойылып, қорларына өтіп кетті. Қазан төңкерісінен кейін кеңес үкіметі билікке келген соң музейлерге қатысты бірқатар деректер, заң жинамалары жарық көріп, бірнеше жерде шағын музейлер ашыла бастады (Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі, 2009). Музейді ашудағы ол кездегі кеңестік биліктің жалпы мақсаты халықты патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеу болды. Осымен қатар өлкетану қозғалысы өз жұмысын бастады, бұған түрткі болған аймақтық әкімшілік басқару барысында өлкетанулық музейлер қалыптасты. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары өлкетану музейлері өлке тарихы, табиғаты және сауатсыздық жою барысында жүргізілген күрестердің алғашқы қатарында болды. Осыған байланысты тарихи-өлкетану музейі термині 1924 жылы II Бүкілодақтық өлкетанушылардың конференциясы кезінде қабылданып қолданысқа енгізілді (Шмит, 1929; Cameron, 1968: 34-37).

Музейлердің қалыптасуында саясаттың коммунистік идеологиясының ықпалы да бар болды, тарихи-өлкетану музейі жұмысы ішкі

саясатпен бірге қатар жұмыс жасады. Бүкіл КСРО аумағында өлкетану музейлері 1930 жылдары өз жұмыстарын бірте-бірте тоқтатап, облыс орталықтарындағы музейлер ғана жұмыс жасады. Ұлы Отан соғысы басталысымен музейлер уақытша жабылды, 1950 жылдары елдегі саяси ахуалдың өзгеруімен қатар бірқатар өлкетану музейлері жұмыс жасай бастады. Бұл уақыттағы өлкетану музейінің мақсаты өлкенің табиғаты, тарихы, көбінесе социалистік құрылыстың тарихы, тыңайған жерлерді игеруге байланысты ашыла бастады (Ревякин, Розен, 198).

1980 жылдары КСРО-дағы саяси-қоғамдық құрылыс, сананың өзгеруіне байланысты бірқатар өлкетану музейлері қайта ашылып, жұмыс жасай бастады. Ел тарихы, мәдениетіне байланысты қорда сақталған құнды жәдігерлерді экспозицияға қойылып, тарихи-өлкетану музейлері қайта жандана бастады (Основы музееведения, 2005).

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің тарихи-өлкетану музейлері үлкен облыс орталықтарына біріктіріліп, филиалы ретінде қалыптасып жұмыс жасап келеді. Музей саласында мықты мамандар даярланып, көптеген археологиялық ескерткіштер, музей қорықтары ашылып, музей ісі дамып келеді (Мұхажанова, 2011: 121).

Қазіргі таңдағы дамыған замандағы музейлердің дамуы тарихи-өлкетану музейі филиалдарының жұмысы күшейе түсіп, негізгі қызметтері бекітілді.

Солардың ішіндегі тарихи-өлкетану музейінің бірінші қызметі – құжаттама, аймақтың тарихына қатысты құнды құжаттарды сақтау. Құжаттар ішіндегі экономикалық, мәдени және тарихи құжаттарды сақтау.

Екінші қызметі – ғылыми-зерттеу орталығы. Музей қызметкерлері қорда жиналған жәдігерлерге теориялық зерттеулер жүргізу; археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге тарихи-өлкетану музейі бастамашы болып экспедициялар жасақтауы керек.

Үшінші қызметі – тарихи-өлкетану музейі орналасқан жеріне қарап аймақтың мәдени жарқын бейнесі, яғни, келген туристерге анықтама ретінде қызмет атқарады.

Төртінші қызметі – мектеп оқушыларына тәлім-тәрбие беретін орталық. Аймақтан шыққан көрнекті ғалымдардың еңбектерін, ерліктерін өскелең ұрпаққа сіңіреді.

Атақты археолог, өнертанушы, музейтанушы Ф.И. Шмит өз еңбектерінде тарихи-өлкетану музейінің қызметі жайлы пікірінде әрдайым тарихи процестермен бірге қоғамның назарында болады деп тұжырымдаған. Сондықтан тарихи-өлкетану музейі тек өлкенің тарихы емес, өлке жайлы ақпараттар кешені мәліметтер базасы және жан-жақты білікті мамандармен қамтылуы керек (Шмит,1929).

Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі

Қазақстан аумағында шағын немесе үлкен қорық-музейлер қызметі жақсы қалыптасып, қарқынды даму үстінде. Солардың бірегейі, көнесі Қызылорда облысы аумағында орын тепкен Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі болып есептеледі.

Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі 1930 жылы шағын бөлме ретінде ашылып, 1947 жылы белгісіз себептермен жабылып, қорындағы экспонаттары Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырылған болатын.

Музейдің қайта ашылу тарихы сонау 1970 жылдан бастау алып отыр, көптеген өлке тарихына қатысты құнды заттар бірте-бірте қайта жиналып, көп жылғы еңбектің нәтижесінде аудандық тарихи-өлкетану музейі 1988 жылы маусым айының 21 күні ашылды. Кейін Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1988 жылғы 5 тамыздағы қаулысымен дербес мемлекеттік музей болып бекітілді.

2019 жылдың ақпан айынан бастап, облыс әкімінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы «Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі» мекемесінің «Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі» филиалы болып қайта құрылды (Сур. 1-2).

Қазіргі таңда Арал қаласының орталығында орналасқан музейде көп жылғы ізденістің нәтижесінде алғашқы жылдары 3000 (үш мыңға) жуық жәдігерлер жиналса, кейіннен жыл сайын 200-300-дей жәдігерлер қорға жиналған. Арал теңізінің кешегісі мен бүгіні жайында, табиғаты, жан-жануарлар дүниесі, тасқа айналып кеткен балықтардың түрлері көрмеге қойылды. Әсіресе, ерекше көңіл бөлінген «Арал тағдыры – адам тағдыры» мәселесіне қатысты Арал теңізінің бірнеше карталары қойылған.



Сур. 1. Арал аудандық тарихи-өлкетану музейінің филиалы

Fig. 1. Branch of the Aral Regional Museum of local lore

Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі бірнеше көрме залдардан тұрады, солардың ішіндегі ауданның тарихына қатысты: археология және этнография, өлке тарихы, мәдениет және өнер залы, галерея залы, тәуелсіздік залдарымен қамтылған.

Археология және этнография залының тас дәуіріне арналған сөресінде аймақта археологиялық-геологиялық барлау жұмыстары барысында ашылған кейінгі тас ғасырының Орталық Азияның Әмудария және Сырдария өзендерін жайлаған Кельтимаңар мәдениетінің ескерткіштері, Сексеуіл және Жалғыз-ағым қоныстарынан алынған тас құралдар және қыш ыдыстары қойылған. Сексеуіл қонысы туралы А.Л. Яншиннің, А.А. Формозов, С.П. Толстов, М.А. Итина, А.В. Виноградов, т.б. ғалымдардың еңбектерінде кездестіруге болады (Формозов, 1949: 49-58; Яншин, 1953; Виноградов, 1959, 75-85;).

Қыш ыдыстар – археологиялық зерттеуде маңызды ақпарат беретін материалдың бірі. Ескерткіштің мәдени байланыстары, кезеңделу ерекшеліктері секілді бағыттарда маңызды тұжырымдар жасауға негіз бола алады. Арал өңірінің қола дәуірі ескерткішінен табылған қыш ыдыстарды талдау, оларды қола дәуірі тайпаларының өнері дүниетанымымен байланыстыру отандық археологиядағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жалғыз-ағым қонысынан табылған артефактілер мен қыш ыдыстар кешені музей қызметкерлері және Қорқыт Ата Қызылорда университетінің «Археология және этнография» ғылыми орталығы археолог ғалымдарымен жұмыс жасалып, ғылыми есептер мен мақалалар жазылуда.

Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған қыш ыдыстар сынықтары коллекциясы Қазақстандағы қола дәуірінің коллекцияларымен бірге ғылыми каталогтау, археология, тарих, антропология, этнология, гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің дереккөздерін толықтырып, тың ізденістерге негіз болуға септігін тигізетін материалдар ретінде Қазақстан аймағынан табылған басқа қола дәуір ескерткіштерімен бірге халықтың рухани игілігіне айналса дейміз.

Қызықты жәдігерлер қатарында Археология және этнография залының ең жарқын жәдігерлер арасында қоладан құйылған ғұн-сармат тайпаларының қола қазаны, бұл жәдігерді Арал ауданы, Тоқабай елді мекенінен 1992 жылы Әбжами Түлкібаев деген тракторшы өткізген.

Бір қызығы, бұндай қазандардың бұл аймақтан табылуы өте сирек. Арал маңы ғұн-сармат тайпаларының бір бөлігі көші-қон жолы немесе керуен жолдарының бойынан табылып отыр (Сур. 3). Жалпы бұндай қазандар Қызылорда облысы Қармақшы ауданы, Сырдарияның төменгі ағысы Жетіасар шатқалында ерте ортағасырлар кезеңімен мерзімделетін Жетіасар мәдениетінің ескерткіштерінен табылып отыр. 1946-1991 жылдары бұл ескерткіштерде Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы тарапынан кешенді қазба жұмыстары жүргізілген болатын. Қазба жұмыстары кезінде Жетіасар мәдениетінің ең үлкені Алтын асар қалашығының жоғарғы мәдени қабатынан және обаларынан табылып отыр (Толстов, 1962; Левина, 1996: 15-20; Ил 23, Рис.65).

Бұл қола қазандардың қызметі жайлы, жасалу технологиясы ғұн-сармат тайпаларының қай тобына тиесі екендігі жайында көптеген ғылыми еңбектер бар. Солардың ішіндегі Н.А. Боковенко және И.П. Засецкаяның «Происхождение котлов гуннского типа Восточной Европы в свете проблемы хунно-гуннских связи» ғылыми мақаласында ғылыми талдаулар жүргізген (Боковенко, Засецкая, 1993: 73-88).

Бұл қола қазан жайлы дерек 2002-2005 және 2008-2010 жылдары Арал теңізінің кепкен табанында Ресей Ғылым Академиясы Сібір бөлімшесі В.С. Соболев атындағы геология және минерология институтының ғылыми қызметкерлері және шетел ғалымдары геоморфологиялық және геоархеологиялық зерттеулер ұйымдастырып, Арал теңізінің өмір сүру жасын анықтау үшін кешенді зерттеу жұмыстарының ғылыми мақалаларында берілген (Nikolaus Boroffka and other authors 2005: 721-734; Кривоногов, 2012: 46-53).



*Сур. 2. Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі.
Археология және этнография залы*

*Fig. 2. Aral Regional Museum of local lore. Hall of
Archaeology and Ethnography*



*Сур. 3. Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі.
Археология және этнография залындағы гүн-сармат дәуірінің қола қазаны*



*Fig. 3. Aral Regional Museum of local lore.
Hall of Archaeology and Ethnography. Bronze
cauldron of the Hun-Sarmatian era*

Балықшылар музейі

Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі жанындағы соған қарасты «Балықшылар музейі» жұмыс жасайды. Арал теңізінен су кеткенімен, халқының жадынан әлі де болса мәдениет пен балықшылардың салт-дәстүрлері кетпеген (Сур. 4).

Арал теңізі бойындағы халықтың да мол мұралары ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, зерделеніп келеді. Балық шаруашылығының бастауы, аталарымыз тұтынған ау-құралдар, қайықтан бастап алып кемелерге дейінгі тарихи деректер «Балықшылар музейінде» сақталған. XIX ғасырда орыс көпесінің үйі болған ескі ғимаратты Қазан көтерілісінен кейін «Қызыл мүйіс» балықшылар орталығы жасаған, ал 2003 жылы Арал қаласының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында бос қалған ғимаратты қала орталығына жылжытып әкеліп, музей үйін қайта қалыптастыру қолға алынды, мақсаты көненің көзіне баланған балықшылар тарихын республикалық маңызы бар ескерткіштер санатына қосып, ұрпаққа аманаттау болды.

2012 жылы Арал ауданы әкімінің шешімімен «Балықшылар музейі» үйі ресми ашылды, бастапқы кезеңде музей 117 экспонатпен халыққа қызмет көрсетсе, қазіргі таңда музей қорында 2000-нан аса құнды жәдігерлер сақталған. Негізгі қорға алынған экспонаттардың төлқұжаты, түгендеу картасы және халықаралық «Музеолог» бағдарламасына енгізілген.

Қазіргі таңда «Балықшылар музейі» заманауи дамыған қондырғылармен жасақталып, «Ашық аспан астындағы» музей, «Балықшылар» залы, «Кемелер» залы қалыптастырылды (Сур. 5-6).

Музей залдары Арал теңізінің әр кезеңдегі өмір сүру тарихына арналған. Арал теңізінің алғашқы пайда болуы зерттеушілердің тағылымдық тұжырымдамаларына негізделген. Б.з.д. V-IV ғасырлардағы сақ дәуіріндегі Сырдарияның төменгі ағысындағы егіншілік пен мал шаруашылығының қалыптасу кезеңі мен белгілі уақытты айғақтайтын көне жәдігерлер экспозициядан орын алған. Атап айтқанда, сақ тайпаларының қалалары болған Шірік-Рабат, Бәбіш-мола қалашықтарынан табылған құмыра жиынтықтары мен



Сур. 4. Арал ауданындағы
«Балықшылар музейі»

Fig. 4. Museum of fishermen
of the Aral region

*Сур. 5. Арал ауданындағы
«Балықшылар музейі».
Бұрын теңізде жүрген
кемелер аллеясы*

*Fig. 5. Aral District «Museum
of fishermen» alley of ships that
used to go to sea*



*Сур. 6. Арал ауданы «Балықшылар
музейінің» ішкі залдары*

*Fig. 6. Aral District «Museum of fishermen»
interior halls of the museum*

әшекей бұйымдар қойылған (Толстов, 1962; Құрманқұлов, Жетібаев, 2011: 314-320).

XIV ғасырмен мерзімделетін Арал теңізінің кепкен табанынан табылған Кердері қаласының тарихы Алтын Орда кезеңінің темір монеталары, қыш ыдыстары, алтын бұйымдары мен диірмен тастарының жинағы орын алып, тұтас дәуірдің тарихи мәліметтері берілген (Мәми, 2007).

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Арал теңізін зерттеген А.И. Бутаков, А.И. Тевкелев, Ф.Ф. Берг, Н.А. Северцов сынды белгілі тұлғалардың өмірдеректері мен тұтынған заттары экспозицияға қойылған.

Музей құндылығында Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовскийдің бұйрығымен салынған «Райым» бекінісі және сол кездерде зерттеу жұмысына пайдаланылған «Константин», «Николай» шхуналары туралы мәліметтермен қатар, Тарас Шевченконың экспедиция барысына арналған жинақтары мен қылқалам туындыларының көшірмелері орналасқан.

Арал теңізінен балық аулау кәсібі XIX ғасырда орыс көпестерінің алғаш келуімен байланысады. Көпестер жасатқан тақтай қайықтардан бастау алатын кезең бірте-бірте дамытылып, үлкен қайықтар мен желкенді кемелерге ұласты. Арал теңізіндегі қайықтан кемеге дейінгі дәуірді, сенсорлық теледидар

арқылы келушілер өзін қызықтырған кемелер туралы мәліметті осы жерден біле алады.

Арал теңізі тақырыбындағы деректі фильмдер көрсетілімін де бейнепроектор арқылы кең жолақты экраннан көруге болады. Бүгінгі ұрпақтың зейінін ашуға арналған фильмдер өткен дәуірді көз алдыңызға әкелері сөзсіз. Сонымен қатар, композицияда теңіз кемелерінің техникалық құрал-жабдықтары және балықшы қауымның тұрмыстық құрал-жабдықтары орын алған.

Қазақ балық өнеркәсібін өркендетуге атсалысқан кеңестік кезеңдегі белгілі тұлғалар, су шаруашылығы комитетінің төрағалары мен балық шаруашылығы министрлерімен қатар, балық шаруашылығы бойынша Арал ауданының Социалистік Еңбек Ерлерінің еңбек жолымен танысуға болады.

Кемелер залы Арал теңізін зерттеуге арналған Лев Берг кемесінің лабораториялық кеңсесінде орналасқан. Көрерменнің өзінің басқаруымен теңіз кемесінің заманауи жүзу процесі жүзеге асырылады. Теңіз кемесінің штурвалын қозғау арқылы кемеге бағыт беріп, өзін кеме жолаушысындай сезіндіреді және Арал флорасы мен фаунасы туралы мәліметтер келушілердің қызығушылығын арттырады. Кәміл, музейдің ашық аспан астында орналасқан кемелері алыстан теңіз «Гудоктарын» соққанын, «Рында» қоңырауының үні, Арал



Сур. 7. Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі

Fig. 7. Kazaly District Museum of local lore



*Сур. 8. Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі.
Этнография залы*

*Fig. 8. Kazaly District Museum of local lore.
Ethnography Hall*

аспанында қалықтап ұшқан шағала дауысын естуге болады.

Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі

«Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып 2014 жылғы тамыз айындағы Қазалы ауданы әкімдігінің № 282 қаулысымен құрылды. 2019 жылдың ақпан айынан бастап «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама» басқармасының «Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі» филиалы болып жұмыс жасайды (Сур. 7-8).

2015 жылдың қаңтар айында «Қазалы аудандық Ғани Мұратбаев мемориалдық музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнынан 4015 құнды жәдігерлер музей қорына өткізіліп, 4540-қа жуық экспонат бар.

Тарихи өлкетану музейінің негізгі мақсаты – өлке тарихын, табиғатын,

экономикасын, археологиясын, архитектуралық ескерткіштерін, этнографиясын, тарихи деректер (ақын-жыраулар, ұсталар, т.б.), естеліктер мен ескерткіштерін іздестіру, тарихи маңызы бар құнды жәдігерлерді жинау, зерттеу оларды қорда сақтау.

Тарихи өлкетану музейінің міндеті – музей қорындағы экспонаттар мен фото, құжаттардан музей экспозициясын жасақтау, өлке тарихын, археологиясын, архитектуралық ескерткіштерін, этнографиясын халық назарына ұсыну, оларды насихаттау. Халықпен етене араласып жұмыс жасау, халық үшін қызмет ету. Музейдің бірнеше залдары бар, олар: этнография, тұлғалар, тәуелсіздік залдары.

Музей қорында Қазалы ауданы аумағында орналасқан Жанкент, Мыңтөбе шаһарларынан табылған қыш ыдыстар және құнды жәдігерлер бар (Тәжекеев, 2011: 74-79). Арал маңы, Қарақұм, Тапа ауылының маңы қола дәуірі қонысынан табылған қыш ыдыстар және тас құралдар кешені бар (Виноградов, 1973: 85-103; Тәжекеев, Оңғар, Шораев, 2013: 167-170; Тәжекеев, Құрманғазов, 2019: 178-190).

Қорытынды

Қызылорда облысы Арал және Қазалы ауданы аумағында орналасқан тарихи-өлкетану музейлерінің құрылу тарихы өте бай, құнды жәдігерлермен халық игіліне жұмыс жасап отыр. Қорындағы және экспозицияға қойылған заттар арқылы өлке тарихы тереңде жатқанын, Арал теңізін бойлай орын тепкен ежелгі тайпаларының тарихи-мәдени мұраларымен танысуға мүмкіндік бар. Осы музейлерден өлкенің табиғатын, тарихын, археологиясын, флорасы мен жануарлар дүниесі туралы толық ақпарат алуға болады. Тарихи-өлкетану музейінің Қазақстандағы қысқаша тарихына тоқталып, Арал, Қазалы аудандарындағы тарих-өлкетану музейінің қалыптасу тарихы кең көлемде қарастырылып, қазіргі таңдағы қызметі, қорларындағы құнды жәдігерлер туралы мәліметтер беріліп отыр.

Музей қорларын каталогтау, жаңадан ашылған ескерткіштерден алынған жәдігерлерді тіркеу және сипаттамасын жазу музей қызметкерлерімен жолға қойылған.

Қазіргі таңда Арал және Қазалы аудандарындағы тарихи-өлкетану музейлерінде келген қонақтарға немесе туристерге түсіндіруші ғылыми қызметкерлер көрме залындағы қойылған жәдігерлерді түсіндіре отырып, байланыс орната алады және музей экспозициясы жаңартылып, жаңа артефактілер қойылып отыр. Музейлердің келесі қадамы – жергілікті мектеп оқушыларымен тығыз байланыс орнату және ғылыми жоба таңдауға тақырыптарына көмектесу, толықтай ақпарат бере отырып, музей қызметкерлері педогогикалық қабілетін шыңдай түсуде. Ұсыныс ретінде музей қызметі және құнды жәдігерлер туралы мектеп сабақтарына немесе өлкетану пәніне қосып оқытса оқушыға өте қызықты болады деген ойдамыз. Арал және Қазалы аудандарының тарихи-өлкетану музейлері басқа да ғылыми мекемелермен тығыз байланыста, облыс аумағында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізетін экспедицияларға ғылыми қызметкерлер кешенді қатысып, қазылып жатқан ескерткіштер жайлы толықтай ақпарат ала алады.

Әдебиеттер

1. Шмит Ф.И. Музейное дело. Вопросы экспозиции. – М.-Л., 1929. – 230 с.
2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі. – Алматы: Өнер, 2009.
3. Cameron D. – The Museum as a Communication System and Implications for Museum Education //Curator. 1968. 11. P. 34–35.
4. Ревякин В. И., Розен А. Я. Историко-краеведческие музеи. – М.: Стройиздат, 1983. – 136 с.
5. Основы музееведения: учебное пособие/ отв.ред. Э.А. Шулепова. М.: Едиториал УРСС, 2005. – С.487.
6. Мұхажанова Т.Н. Әлем музейлерінің тарихы: оқу құралы- Алматы: Қазақ университеті, 2011. -156 бет.
7. Формозов А.А. Кельтеминарская культура в Западном Казахстане. КСИИМК. 1949. Вып. XXV. С. 49-58.
8. Яншин А.Л. Геология Северного Приаралья М. Московское Общество Испытателей Природы.1953. 736 С.
9. Виноградов А.В. Археологическая разведка в районе Аральска – Саксаульской в 1955

г. // Труды ИИАЭ АН КазССР. 1959. Т. 7. С. 75-85.

10. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта., - М., 1962.

11. Левина Л.М. Этнокультурное история Восточного Приаралья. I тысячелетие до.н.э.–I тысячелетие н.э. – М.:Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1996. – 396 с.:ил.

12. Боковенко Н.А., Засецкая И.П. Происхождение котлов гуннского типа Восточной Европы в свете проблемы хунно-гуннских связи // Петербургский археологический вестник «Фарн». – С.Петербург, 1993. – С. 73-88.

13. Nikolaus Boroffka, Hedi Oberhänsli, Philippe Sorrel, Francois Demory, Christian Reinhardt,Bernd Wünnemann,Kamildzhan Alimov, Sergey Baratov,Kamildzhan Rakhimov,Nasbirgen Saparov,Timur Shirinov,Sergey K. Krivonogov,and Ursula Röhl«Archaeology and Climate: Settlement and Lake-Level Changes at the Aral Sea» Geoarchaeology: an international journal, Vol. 21, No. 7 August 18, 2005.P. 721–734.



МӘДЕНИ МҰРА

14. Кривоногов С.К. Арал умер. Да здравствует Арал // журнал Природа №8, 2012. – С.46-53.

15. Мәми Т. Кейінгі орта ғасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII–XVIII ғғ.). Монография. – Қызылорда, 2007. – 252 б.

16. Құрманқұлов Ж., Жетібаев Ж. // Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы. – Алматы, 2011. 314-325 б.

17. Тәжекеев Ә.Ә. Ортағасырлық Жанкент қала-жұрты маңындағы ескерткіштердің зерттелуі мен орналасуы // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. – 2011. – №2 (61). – 74-79 бб.

18. Виноградов А.В., Кузымина Е.Е., Смирин В.М. Новые первобытные памятники в Северо-Восточном Приаралье // Сборник проблемы археологии Урала Сибири. – М.: Наука, 1973. – С. 85-103.

19. Тәжекеев А.А., Онгар А., Шораев Б.К. Тапа – памятник эпохи бронзы Северо-восточного Приаралья // Труды филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. – Астана, 2013. – Т. 2. – С. 167-170.

20. Тәжекеев А.А., Курманиязов И.С. Новые исследования древних памятников в Восточном Приаралье // Отан тарихы журналы №4,(88) 2019. – С.178-190.

References

1. SHmit F.I. Muzejnoe delo. Voprosy ekspozicii. – M.-L., 1929. – 230 s.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музеі. – Алматы: Онер, 2009.

3. Cameron D. —The Museum as a Communication System and Implications for Museum Education //Curator. 1968. 11. P. 34–35.

4. Revyakin V. I., Rozen A. YA. Istoriko-kraevedcheskie muzei. – M.: Strojizdat, 1983. – 136 s.

5. Osnovy muzevedeniya: uchebnoe posobie/ otv.red. E.A. Shulepova. M.: Editorial URSS, 2005. – S.487.

6. Mukhazhanova T.N. Alem muzejleriniң tarihi: оқу куралы- Алматы: Қазақ universiteti, 2011.-156 bet.

7. Formozov A. A. Kel'teminskaya kul'tura v Zapadnom Kazahstane. KSIIMK. 1949. Vyp. HKHV. S. 49-58.

8. YAnshin A.L. Geologiya Severnogo Priaral'ya M. Moskovskoe Obshchestvo Ispytatelej Prirody.1953. 736 S.

9. Vinogradov A. V. Arheologicheskaya razvedka v rajone Aral'ska –Saksaul'skoj v 1955 g. // Trudy IIAE AN KazSSR. 1959. T. 7. S. 75-85.

10. Tolstov S.P. Po drevnim del'tam Oksa i Yaksarta., – M., 1962.

11. Levina L.M. Etnokul'turnoe istoriya Vostochnogo Priaral'ya. I tysyacheletie do.n.e.–I tysyacheletie n.e.–M.:Izdatel'skaya firma «Vostochnaya literatura» RAN, 1996.–396 s.:il.

12. Bokovenko N.A., Zaseckaya I.P. Proiskhozhdenie kotlov gunnskogo tipa Vostochnoj Evropy v svete problemy hunno-gunnskih svyazi // Peterburgskij arheologicheskij vestnik «Farn» . S.Peterburg. 1993. S. 73-88.

13. Nikolaus Boroffka, Hedi Oberhänsli, Philippe Sorrel, Francois Demory, Christian Reinhardt, Bernd Wünnemann, Kamildzhan Alimov, Sergey Baratov, Kamildzhan Rakhimov, Nasbirgen Saparov, Timur Shirinov, Sergey K. Krivonogov, and Ursula Röhl «Archaeology and Climate: Settlement and Lake-Level Changes at the Aral Sea» Geoarchaeology: an international journal, Vol. 21, No. 7 August 18, 2005. P. 721–734.

14. Krivonogov S.K. Aral umer. Da zdravstvuet Aral // zhurnal Priroda №8, 2012 S.46-53.

15. Mami T. Kejingi orta rasyrdary Aral өңірінің қалалары (HIII–XVIII ғғ.). Monografiya. – Qyzylorda, 2007. – 252 b.

16. Құрманқылов ЗН., Жетібаев ЗН. // Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы. – Алматы, 2011. S.314-325.

17. Тәжекеев Ә.Ә. Ортағасырлық Жанкент қала-жұрты маңындағы ескерткіштердің зерттелуі мен орналасуы // Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. – 2011. – №2 (61). – 74-79 бб.

18. Vinogradov A.V. Kuzymina E.E. Smirin V.M. Novye pervobytnye pamyatniki v Severo-Vostochnom Priaral'e // Sbornik problemy arheologii Urala Sibiri. – M.: Nauka, 1973. – S. 85-103.

19. Tazhekeev A.A., Ongar A., Shoraev B.K. Taпа – pamyatnik epohi bronzy Severo-vostochnogo Priaral'ya // Trudy filiala Instituta arheologii im. A.H. Margulana v g. Astana. Astana, 2013. T. 2. S. 167-170.

20. Tazhekeev A.A. Kurmaniyazov I.S. Novye issledovaniya drevnih pamyatnikov v Vostochnom Priaral'e // Otan tarihy zhurnaly №4,(88) 2019. S.178-190.

**Курманиязов И. С.¹, Жасекенов М.К.²,
Тилеукабыл Ж.Ж.³**

¹НИИЦ «Археология и этнография»
Кызылординского университета
им. Коркыт Ата
г. Кызылорда, Казахстан.
e-mail: egypet.993@mail.ru

²Аральский районный историко-
краеведческий музей
г. Аральск, Кызылординская область,
Казахстан.

³Казалинский районный историко-
краеведческий музей
пгт. Айтеке-би, Кызылординская область,
Казахстан

ИЗ ИСТОРИИ СОЗДАНИЯ АРАЛЬСКОГО И КАЗАЛИНСКОГО РАЙОННЫХ ИСТОРИКО- КРАЕВЕДЧЕСКИХ МУЗЕЕВ

В статье представлена краткая информация об истории становления музеев на территории Казахстана, в том числе история создания Аральского и Казалинского районных историко-краеведческих музеев Кызыл-Ординской области и артефактах разных исторических периодов, находящиеся в фондах музеев. С момента создания музеев и до настоящего времени на территории Приаралья функционировало множество археологических разведочных экспедиций, которые открыли и перечислили многочисленные памятники. Кроме того, интересные факты мы наблюдаем и в случайно найденных материалах. Обновленные экспозиции залов «Музея Рыболовства» при Аральском районном историко-краеведческом музее представлены работами ученых, исследовавших море. Будет рассмотрена аналогия ценных данных о керамических сосудах и бронзовых котлах, случайно обнаруженных в Приаралье в населенном пункте Жалгыз-агым и Токабай. По материалам эпохи бронзы и раннего железного века, собранным в фондах музея, можно получить данные об истории расселения древних народов на побережье Аральского моря.

Ключевые слова: Приаралье, краеведение, музей, археология, этнография.

**Kurmaniyazov Y. S.¹, Zhasekenov M.K.²,
Tleukabyl Zh. Zh.³**

¹Research Center "Archeology and Ethnography"
of the Kyzylorda State University named after
Korkyt Ata.
Kyzylorda. Kazakhstan.
e-mail: egypet.993@mail.ru

²Aral Regional Museum of History and Local
Lore
Aralsk city, Kyzylorda region, Kazakhstan.

³Kazalinsk Regional Museum of History and
Local Lore
Aiteke bi village of Kyzylorda region,
Kazakhstan

FROM THE HISTORY OF THE CREATION OF THE ARAL AND KAZALINSKY REGIONAL MUSEUMS OF HISTORY AND LOCAL LORE

The article provides brief information about the history of the formation of the local history museum on the territory of Kazakhstan, the history of the creation of the Aral and Kazalinsky regional historical and local history museums of the Kyzylorda region and artifacts stored in the funds of different periods from the Neolithic-Bronze-Early Iron Age. From the moment the museums were created to the present, many archaeological exploration expeditions have operated on the territory of the Aral Sea region, which have discovered and listed numerous monuments. In addition, we observe interesting facts in randomly found materials. The renovated halls of the museum «Museum of Fishing» at the Aral Regional Museum of History and Local Lore are represented by the works of scientists who have explored the sea. An analogy of valuable data on ceramic vessels and bronze cauldrons, accidentally discovered in the Aral Sea region in the settlements of Zhalgyz-agym and Tokabay, will be considered. Based on the materials of the Bronze Age and the Early Iron Age, collected in the museum's funds, one can obtain data on the history of the settlement of ancient peoples on the coast of the Aral Sea.

Keywords: Aral region, Local history, Museum, Archeology, Ethnography.



Көзейбаев С.Ә., *Сайлау А.¹

¹Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі

Қызылорда қ., Қазақстан

*e-mail: askhat.saylau@mail.ru

ТАРИХИ МҰРАНЫ ҰЛЫҚТАҒАН ЖОБА

Ғылыми мақалада «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы аясында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі мен «Qyzylorda» телеарнасы бірлескен ғылыми-зерттеу және тарихи-танымдық бағыттағы «Құнды жәдігер» жобасы бойынша Сыр өңірінде өмір сүрген әулие-әнбие, ахун-ишан, батырлар мен билердің мұрасы болып табылатын киелі жәдігерлер туралы толыққанды деректер, атап айтқанда музей қызметкерлері тарапынан зерттеліп, бұқаралық ақпарат құралдарында насихатталған, әлі де ғылыми айналымға енген, белгісіз болып келген діни қайраткерлер Қалмұхаммед ишан Маралұлының (1815-1870 жж.) мөрі, Абдулхамит ишан пайдаланған сирек кездесетін кітап (Талфик ал-ахбар ва талких ал-асар фи вакаи Казан ва булгар ав мулюк ат-татар), Құлболды ишан Сұлтанұлы (1780-1860 жж.) әулетіне тиесілі XX ғасырдың басында Медине қаласында жасалған шежіресі, Шоң би Едігеұлының ұрпағы Тоғжан Самұратқызының қант шаққышы (этнографиялық бұйым), Қазақстанда ислам дінінің таралуына ықпал еткен Хорасан ата (Әбдіжәлил баб) (VIII-IX ғғ.) ұрпақтарында сақталған лауханың (арабша жазу жазылған тақташа) тарихы қамтылған.

Түйін сөздер: этнография, Сыр өңірі, мұра, мөр.

Кіріспе


«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің Ақмешіт филиалы қызметкерлері «Qyzylorda» телеарнасымен бірлесе «Құнды жәдігер» телевизиялық жобасын жүзеге асыруда. Жобаға елімізге белгілі ғалымдар, жергілікті өлкетанушылар қатысуда. Бұл жоба жыл басында ұсынылып, облыстық музейдің директоры Сапар Алиасқарұлы және «Qyzylorda» телеарнасының басшысы Қарабала Жағыпардың жан-жақты қолдауымен телевизия арқылы республикаға таратылуда. Жобаның мақсаты Сыр еліндегі

әулие-әнбиелер, ахун-ишандар, билер мен батырлар пайдаланған халық қасиетті санайтын дүниелерді зерттеу және насихаттау болып табылады. Қазіргі уақытта жоба аясында музей қызметкерлері VII – XX ғғ. аралығындағы тек Сыр өңірі ғана емес Қазақ тарихындағы елеулі рөл атқарған, күллі Алаш жұрты қадірлеген тарихи тұлғалар Марал ишан Құрманұлы (1780-1847 жж.), Құлболды ишан Сұлтанұлы (1780-1860 жж.), Қалмұхаммед ишан Маралұлы (1815-1870 жж.), Хорасан ата (VIII-IX ғғ.), Қожжан қожа Мәдіқожаұлы (XVII-XVIII ғғ.), Жанқожа батыр Нұрмұхаммедұлы (1774-1860 жж.), Бұқарбай батыр Естекбайұлы (1812-1898 жж.), Ер Сейітпенбет әулие (XVIII – XIX ғғ.), Жетес би Қыстаубайұлының (1828-



Сур. 1. Қалмұхаммед ишанның мөрі.
1830-1835 жж.

Fig. 1. The seal of
Kalmukhammad Ishan.
1830-1835



Сур. 2. Талфик ал-ахбар ва талких ал-асар фи вакаи Казан ва булгар ав мулюк ат-татар кітабы. 1908 ж.

Fig. 2. The book *Talfik al-ahbar wa talkih al-asar fi uakai Kazan wa bulgar au muluk at-tatar*. 1908.

1914 жж.) пайдаланған дүниелері зерттеліп, Қалқай ишан, Ер Сейітпенбет әулие, Бұқарбай батырдың мөрлерінің көшірмесі жасалып облыстық музейдің қорын толықтырды. Осыған дейін беймәлім болып келген халық арасында сақталған жәдігерлердің тарихы алғаш рет мерзімдік республикалық, облыстық БАҚ-да жарияланды.

Қалмұхаммед ишан мөрі

Жобаның алғашқы экспедицияларының бірі XIX ғасырда Алаш жұртының рухани көсеміне айналған Марал ишан Құрманұлының ұрпақтарында сақталған жәдігерлерді зерттеуден басталды. Марал ишанның ұрпақтарында сақталған мөрдегі арабша жазу түркітанушы ғалым Серікбай Қосановтың қатысуымен тәржімаланып «Қалмұхаммед ибн Марал ишан, хиджраның 1247 жылы» деп жазылғаны анықталды (Сур. 1). Ұрпақтарының айтуынша шамамен 1830-1835 жж. жасалған мөр осыған дейін Марал ишандікі саналып келген. Аса қызығушылық танытқан зерттеушілер де болмаған. 1815-1870 жылдары өмір сүрген Қалқай ишан Бұхара мен Бағдат қалаларының медреселерінде ілім алып елге келгеннен кейін мешіт-медресе ұстап, жастарды руханиятқа сусындатып қана қоймай, елді еңбекке баулыған екен. Шығыстың қисса-дастандарын жатқа білген, тіпті жырларды жазып жинақтаған. Ишан туралы халық ауызында көптеген аңыз-әфсаналар сақталған (Қосанов, 2019: 96). Сонымен бірге Қалқай ишанның (Қалмұхаммед) немересі Әмит ишанның (Абдулхамид) біраз дүниелері сақталған екен. Оның ішінде баскиімі, қанжарының күмістелген былғары қыны, араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған кітаптарды ерекше атауға болады. Қазіргі уақытта бір кітаптың жалпы мазмұны аударылды, авторы мұсылман дінінің көрнекті өкілі, тарихшы Мұхаммед Мұрад Рәмзи (1855-1934 жж.).

Ресей империясының құрамындағы түркілердің тарихына арналған «Талфик ал-ахбар ва талких ал-асар фи вакаи» атты екі томдық тарихи еңбек екені анықталды (Сур. 2). Араб тіліндегі екі томдық тарихи еңбек төрт тарау арқылы тарихи оқиғаларды хронологиялық тәртіпте сипаттайды.

Кіріспеде түркілердің шығу тарихы мен даму тарихы және олардың көршілермен

қарым-қатынасы баяндалады. Бірінші бөлімінде Еділ Бұлғариясының тарихы және оның моңғолдар жаулап алғанға дейінгі халқы сипатталған. Екінші бөлімінде моңғол шапқыншылығы, алып мемлекет Алтын Орданың құрылуы және олардың Исламды қабылдауы туралы қамтылады.

Үшінші бөлімінде Иван Грозныйдың Қазанды жаулап алуына дейін және оның кезінде болған оқиғаларды сипаттайды. Төртінші бөлімде автор үшін жаулап алынған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейінгі Қазан және оның тұрғындарымен байланысты оқиғалар айтылады. Сонымен қатар, Мұрад Рәмзи жұмысының соңғы бөлімінде өз заманының жүзге жуық қоғамдық, саяси, діни, мәдени қайраткерлері туралы қысқаша биобиблиографиялық ақпарат береді (Рамзи, 2017: 17-18).

Автор шығармамен 1880 жылдардан бастап Мединанада болған кезінде айналыса бастайды. Бірнеше рет Ресей империясына қарасты Бұқара өлкесіне келеді. Араб, парсы және түркі тілдеріндегі дерек көздерін, оның ішінде қолжазбаларды автор өз жұмысына пайдаланады. Осы арқылы шығарма бірқатар артықшылықтарға ие болады.

Кітап 1908 жылы Орынборда «Каримов, Хусаинов және К» баспаханасында жарық көреді. Көп ұзамай билік тарапынан «Автордың христиандар әлеміне және жалпы орыстың бәріне арам пиғылмен және жеккөрушілік қатынасы» деген пікірмен дәлелденіп, тәркіленеді. Алайда кедергіге қарамастан кітап шығыс елдеріне тез тарайды. Қазіргі таңда сирек кездесетін кітаптар тізіміне енген.

Әмит ишан туралы да ел аузында қызықты деректер сақталған. Әкесі Әбдірахман мақсұм Меккеге қажылыққа сапарында Осман сұлтаны II Абдулхамидпен танысып, зор сыйластықта болады. Сұлтанның өтінішімен 1906 жылы дүниеге келген ұлына азан шақырып Абдулхамид есімін береді. Кейін жергілікті халық Әмит деп атап кетеді.

Құлболды ишан шежіресі

Жоба барысында Сыр еліндегі әйгілі Құлболды ишан Сұлтанұлының (1780-1860 жж.) әулетінде сақталған жәдігерлер зерттеліп, арнайы телехабар дайындалып, халық назарына ұсынылды.



Сур. 3. Құлболды ишан әулетінің шежіресі.
XX ғ. басы

Fig. 3. Chronicle of the Kulboldy Ishan dynasty.
Early XX century

Құлболды ишан жастайынан зеректігімен көзге түсіп, кейін Бұқара қаласындағы Көгелташ медресесінде Айқожа ишан, Марал ишан, Бекет аталармен қатар білім алады. Елге келгеннен медресе ашып, діни-ағартушылықпен айналысады. Алаш жұрты таныған Құлболды ишан өмірінің соңына дейін халқына қалтқысыз қызмет етеді.

Ишанның Медине қаласында жасыл матадан тігіліп, алтын жіппен зерленген шапаны, немересі Әбдіхалық мақсұмның жеке мөрі, 1906 жылы Медине қаласында арнайы жасалған Құлболды ишан шежіресі құнды жәдігерлер екені сөзсіз. Шежіре төрт бөлімнен тұрады: Бірінші бөлімінде Әлемді жаратушы Аллаға мадақ, екінші бөлімінде Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарға салауат, үшінші бөлімінде Әзірет Әлидің ұлы Мұхаммед-Ханафиядан бастап Әбдіхалық мақсұмға дейін 43 аталықты қамтитын шежіре, төртінші бөлімінде Шежіренің жасалған жылы (Медине қаласы, хижраның 1324 жылы, Зульхиджа айы) жазылған (Сур. 3), (Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры, 2006-2007: 24).

Құлболды ишан ұрпақтарында сақталған мөрдегі араб жазуы түркітанушы ағамыз Серікбай Қосановтың тәржімалауымен «Ғабдул-халқ ибн Фазыл, хиджраның 1324 жылы» деп жазылғаны анықталып, Әбдіхалық мақсұмға тиесілі екені белгілі болды. Ұрпақтарының айтуынша Әбдіхалық мақсұм Мекке қаласына қажылыққа екі рет барып, соңғы сапарында Қара теңізде кеме үстінде дүниеден өтеді. Мақсұмның денесін суға тастағанымен кемеден қалмай жүзіп отырады. Мұндай ғажайып көрініске кемедегілер таңқалып, тегін адам емес екеніне көзі жетеді. Жағаға келісімен серіктері мақсұмды мұсылман рәсімімен жерлейді.

Шоң би әулетінің жәдігері

Құлболды ишанның келіні Тоғжан Самұратқызының қант шаққышы туралы қызықты деректер сақталған (Сур. 4). Ұрпақтарының айтуынша Құлболды ишанның кенже баласы Пазыл ишан атақты Шоң бидің тікелей ұрпағы Самұрат бидің шақыртуымен Арқада біршама уақыт болып, емшілікпен айналысады. 1877 жылы Самұрат бидің кенже қызы Тоғжанмен некелесіп, Сыр еліне әкеледі. Қазақ тарихында Шоң би Едігеұлы (1754-1836 ж.ж.) Шыңғыс ұрпақтарының билігін шектеп,



Сур. 4. Қант шаққыш.
XIX ғ. соңы

Fig. 4. Sugar hammer.
End of the XIX century

1816 жылы «Төртуыл» одағын жаңғыртып, одаққа кірген рулардың «Төбе бии» атанып, 1833-1836 жылдары Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болғаны белгілі. Тоғжан анамыздың жасауымен келген сырты күміспен күптелген қант шаққыш осы Шоң әулетінің Сыр елінде сақталған құнды дүниесі десек қателеспейміз.

Хорасан ата (Әбдіжәлил баб) лаухасы

Жоба бойынша Сыр бойындағы ислам дінінің таралуына ықпал еткен тұлғалардың бірі Хорасан ата (Әбдіжәлил баб) мұрасы зерттелді. Ескі шежірелер мен діни аңыздарға қарағанда Ислам дінін енгізу Орта Азия мен Қазақстан жерінде IX-XI ғасырлар аралығына созылған. Ислам дінін IX ғасырда Иран мен Тұран бағытында қазіргі Орта Азия мен Қазақстанға және Шығыс Еуропаға тарату мақсатында Әбдірахим баб, Ысқақ баб және Әбдіжәлил



МӘДЕНИ МҰРА



*Сур. 5. Лауха.
VIII-IX ғғ. соңы*

*Fig. 5. End of the
VIII-IX century*

бастаған топ жіберіледі. Әбдіжәлил баб ондаған мың қолмен Термез, Бұқара, Ферғана, Шаштан өтіп, Сыр бойын жағалап, Өзгент, қазіргі Жаңақорған өңірін, Баршынкент, Жанкент елдерін қамтиды. Шежіреге сүйенсек Әбдіжәлил баб – Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы саналады. (Қосанов, 2019: 46).

Хорасан атаның (Әбдіжәлил баб) Сыр өңірінде жорық үстінде, яғни Өзгент қаласын қоршау кезінде оғыздардың қолынан қаза тауып, өзі мекен еткен «Тоты құс» аралына жерленеді. Оның ұлылығына бас иген Қожа Ахмет Яссауидің өзі 63 жасында қылуатке түскенше жыл сайын арнайы келіп Хорасан атаның рухына құран бағыштайды екен.

Қазіргі таңда атадан балаға мұра болып сақталған құнды жәдігерлердің бірі – лауха (Сур. 5). «Лауха» сөзі – арабша жазу жазылған тақташа мағынасын береді. Хорасан атаның ұрпақтарының айтуынша лауха Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың күйеубаласы төртінші

халифа Әли ибн Әбу Тәлібітікі екен. Себебі Хорасан ата Әлидің үшінші ұлы Мұхаммед-Ханафияның тікелей бесінші ұрпағы саналады. Лауха екі бөліктен құралған. Бірінші бөлігі – жапырақ пішінді жазулармен өрнектелген жалпақ басы болса, екінші бөлігі – шырағдан тәрізді мойынсап. Жалпы биіктігі – 43 см болса, өрнек жазулы жапырақтың диаметрі – 26 см, мойынсаптың ұзындығы – 17 см. Лауханың жапырақ бөлігінде Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) және хазіреті Әли халифаның аты төрт рет жазылған, сонымен бірге шексіз өсімдіктердің бейнесі салынған. Зерттеушілердің айтуынша XIX ғасырда Түркістандағы «Әзірет сұлтан» кесенесінде орналасқан Тайқазанның құлақтарына жылқы қылымен ұшталған, кейбірі жарты ай секілді иіліп біткен, темірмен қапталған ұзын 10 лауха бекітілген, 1935-1940 жылдары кесене қараусыз қалған тұста лаухалар қолды болғандығы жайында деректер кездеседі.

Ел арасында лауха туралы тылсым оқиғалар көптеп кездеседі. Қасиетті дүниені ырымдаған адамдардың перзент сүйгені, тіпті, лауханы сыртқа алып шығып жоғары көтерген уақытта шектен тыс көбейіп кеткен құрт-құмырсқалар құрт азайып, егіндікті басып кеткен шегірткелердің басқа жаққа қоныс аударғанына куәгер болған адамдар да бар.

Атадан балаға мұра болған лауханы 2003 жылы Хорасан ата ұрпағы Әбілғазы Берденқажыұлы Хорасан баба кесенесі басына табыстайды. Содан бері зиярат етушілердің саны көбеймесе азаймаған.

Қорытынды

«Сыр – Алаштың анасы» деп айтылуы да тектен-тек емес. Тұран ойпатындағы осы алып өлкенің тарихы да қадым замандардан бастау алады. «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы аясында қасиетті өңірдің тарихи мұрасын түгендеу бағытындағы жүзеге асырылып жатқан «Құнды жәдігер» жобасы 2022 жылы жалғасын табады. Музей қызметкерлерінің зерттеу, зерделеу жұмыстарының нәтижесінде алдағы уақытта ХҮІІІ-ХХ ғасырларда Сыр өңірінде ұмытыла бастаған қаншама тарихи тұлғаларымыз туралы тарихи құнды мәліметтерді жинақтап, олардан қалған киелі жәдігерлерді халық назарына ұсынып, құнды жәдігерлермен музей қорын толықтырады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. Қосанов С., Оңғарбаев А. Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар. Қ., 2019. 423 б.
2. Рамзи М. Талфик ал-ахбар ва талких ал-асар фи вакаи Казан ва булгар ав мулюк ат-татар. У., 2017. 600 б.
3. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры, Түсім кітабы №18. 2006-2007 жж.

References

1. Qosanov S., Oñgarbaev A. Syr boiynyñ sakraldy eskertkishteri: mifiter, aңызdar, hikaıattar. Qyzylorda, 2019. 423 b.
2. Ramzi M. Talfik al-ahbar va talkih al-asar fi vakai Kazan va býlgar av mýlúk at-tatar. Ýfa, 2017. 600 b.
3. Qyzylorda oblystyq tarihı-ólketanı mýzei qory, Túsım kitaby №18. 2006-2007 jj.

Козейбаев С.А., *Сайлау А.¹

¹Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі
краеведческий музей
г. Кызылорда, Казахстан
e-mail: askhat.saylau@mail.ru

Kozeibaev S.A., *Sailau A.¹

¹Kyzylorda Regional Historical and Local Lore museum
Kyzylorda, Kazakhstan
e-mail: askhat.saylau@mail.ru

ПРОЕКТ ПРОСЛАВЛЯЮЩИЙ ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ

В научной статье подробно рассказывается о сакральных реликвиях, которые являются наследием уникальных личностей, ахунов, ишанов, батыров и биев, живших на земле Сыра. В рамках проекта «Ұлттық рухани жаңғыру» Кызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі совместно с телеканалом «Qyzylorda» выпустил проект научно-исследовательского и историко-познавательного направления «Құнды жәдігер». Данные исследования еще не вошли в научный оборот, такие как печать неизвестного религиозного деятеля Калмухаммед ишан Маралұлы (1815-1870 гг.), редкая книга, использованная Абдулхамитом ишаном (Талфик ал-ахбар ва талких ал-асар фи вакаи Казан ва булгар ав мулюк ат-татарин), Кулболды ишан Султанұлы (1780-1860 гг.), Хорасан ата (Абдижалил баб) (VIII-IX вв.), родословная летопись, которая была создана в начале XX века в г. Медине, предмет для колки сахара Тогжан Самуратқызы потомка Шон би Едигеулы (этнографическое изделие), способствовавшее распространению ислама в Казахстане.), лауха-знамя, сохранившаяся у потомков Хорасан ата (Абдижалил баб, VIII-IX вв.), которая содержит историю.

Ключевые слова: этнография, земля Сыра, наследия, печать.

A PROJECT THAT GLORIFIES THE HISTORICAL HERITAGE

The scientific article details the sacred relics that are the legacy of unique personalities, akhuns, ishans, batyrs and biys who lived on the land of Syr. Within the framework of the «Ulttyk ruhani zhangyru» project, the Kyzylorda Regional Museum of History and Local Lore, together with the Qyzylorda TV channel, released a project of the research and historical-educational direction «Kundy zhadiger». These studies have not yet entered into scientific circulation, such as the print of an unknown religious figure Kalmukammed ishan Maraluly (1815-1870), a rare book used by Abdulkhamit ishan (Talfiq al-akhbar wa talkih al-asar fi wakai Kazan va Bulgar av Mulyuk at-Tatar), Kulboldy Ischan Sultanuly (1780-1860). Khorasan ata (Abdizhalel bab) (VIII-IX centuries), a genealogical chronicle, which was created at the beginning of the 20th century in the city of Medina, an object for chopping sugar Togzhan Samuratkyzy, a descendant of Shon bi Edigeuly (an ethnographic product), which contributed to the spread of Islam in Kazakhstan.), a lauha-banner preserved by the descendants of Khorasan Atan (Abdizhalel bab, VIII-IX centuries), which contains a history.

Keywords: Ethnography, land of Syr, Heritage, Print.



Бас редактор **Мұқашев Т.Т.**
Жауапты редактор – **Искаков Қ.А.**
Көркемдеуші редактор – **Оспан Ж.Қ.**
Редактор-корректор – **Смағұлова Б.С.**

Редакцияның мекен-жайы:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 54,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі.
6-блок, 6-қабат, 618-бөлме

Байланыс телефондары:
(+7 7172) 91 90 35; 335, 641, 663, 664 (ішкі)
e-mail: madenimuramuzey@gmail.com

11.03.2020 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінде тіркелген. Куәлік №KZ74VPY00021104
Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады.

Редакция қолжазбалар мен суреттерді қайтармайды.
Журнал жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасы болып
есептелмейді.

Пішімі 205 x 280 мм. Офсеттік басылым 4 + 4.
Шартты баспа табағы 16,62.

Таралымы 500 дана.

"Астана қаласының жас мүгедектері"
ҚБ баспаханасында басылды:
Нұр-Сұлтан қ., Е 489 к., 6-үй
Тел.: 8-707-666-47-60



**Ұлттық құндылықтарымызды
насихаттап, рухани
қазыналарымызды ұлықтауға
үн қосып жүрген «Мәдени мұра»
ғылыми журналына 2022 жылға
жазылыңыздар!**

Журнал жылына 4 рет шығады

Бір нөмірдің бағасы: қалаларда – 2077,30 теңге
және аудан, ауылдарда – 2081,60 теңге

**Журналдың газеттер мен журналдар
каталогындағы индексі – 75 379**

«Қазпочта» АҚ, «Астана-Пресс» ЖШС

